Применяемая система выращивания телок позволяет учитывать биологические особенности роста и развития животных, их способность к формированию у них высокой продуктивности и крепкой конституции и быть экономически выгодной. Молодой организм обладает способностью откладывать в органах и тканях белковые вещества, которые активно участвующие в обмене. С возрастом эта способность снижается, и прирост массы увеличивается в значительной степени за счет отложения жиров.

Среднесуточный прирост от рождения до **8** месяцев у телочек всех групп был на одном уровне. Это показывает хорошую молочность матерей в пастбищный период. Анализ среднесуточного прироста в период с **8** до **10** месяцев показали, что у телок **1** группы они были на уровне **0,942** г что больше по сравнению со сверстницами **2** и **3** группы на **74 – 122** г или **7,9 – 13,0** %.

Среднесуточный прирост живой массы у телок **1** группы линии Ландыша казахской белоголовой породы в период с **10 - 12** месяцев составил **1058,3** г. Он был выше, чем у сверстниц **2** и **3** группу линии Вискоунта и Смычка на **70,3 – 120,3** г, или **6,6 – 11,4** %, это хорошо видно на рисунке 1.




Рисунок 1-Динамика среднесуточного прироста телок, г

Анализ показателей среднесуточного прироста телок в период с **12 – 15** мес., показал превосходство **1** группы. Он составил **802,2** г, что выше в сравнении со сверстницами **2** и **3** групп на **22 – 129** г, или на **7,4% – 16,1** % соответственно. За весь период выращивания от рождения до **18** месяцев среднесуточный прирост составил **820,0** г и был выше на **40,0** г, или **4,9** % и на **73,0** г, или **8,99** %.

Телки подопытных групп во все периоды роста имели гармоничное и пропорциональное

телосложение, хорошо выраженные мясные формы, типичные для скота мясного направления продуктивности. Между тем особенности кормления и содержания молодняка способствовали проявлению определенных различий по форме экстерьера: линейные промеры телок первых двух групп были больше, чем у сверстниц 3 группы. Они отличались удлинённым и объёмным туловищем, высокорослостью, большими широтными промерами. При этом характеризовались и большими показателями индексов телосложения - растянутости, глубокогрудости, массивности, мясности. Известно, что отдельно взятый промер в абсолютных своих показателях вне связи с другими промерами не даёт полного представления о телосложении животного, установления экстерьерных особенностей представителей разных линий.

Выраженность типа телосложения телок, выращиваемых в условиях ТОО «Жанабек», в возрасте 18 мес. определяли по шкале оценки молодняка по экстерьеру и телосложению с учетом высоты в крестце и балльной оценки конституции и экстерьера. Эти признаки у телок от быков Ландыша в обоих случаях были больше, чем у сверстниц от других быков на 20,9% и на 19,9%, соответственно. В таблице 4 показаны результаты промеров телок в возрасте 18 месяцев

Таблица 4- Промеры телок в возрасте 18 мес, см.

Промеры	Группа		
	1	2	3
Высота в холке	130,5±1,0	129,4±1,0	128,2±1,05
Высота в крестце	132,6±0,50	131,9±0,48	130,5±1,40
Глубина груди	66,8±0,85	66,2±0,78	65,1±0,40
Ширина груди	40,8±0,55	40,5±0,46	39,1±0,40
Обхват груди	182,4±1,17	181,9±1,16	178,3±1,30
Косая длина туловища	178,2±2,16	177,8±2,13	173,5±1,19
Ширина в маклаках	46,3±0,40	45,8±0,50	44,7±0,30
Шир. в седалищ.буграх	28,7±0,40	27,2±0,54	25,4±0,78
Обхват пясти	19,8±0,29	19,6±0,21	19,1±0,20

Различия по промерам между опытными группами сохранились и до 18 месячного возраста. Так телки 1 группы превосходили своих сверстниц телок линии Вискоунта и Смычка по глубине груди, ширине груди, ширине в маклаках, обхвату пясти. А по ширине в седалищных буграх превзошли 2 и 3 группу на 3,2 - 4,4 %. Однако, разница между ними оказалась статистически недостоверной.

По результатам исследований выращивания установлено, что экстерьерные особенности телок 1 группы линии Ландыша, такие как высота в холке, высота в крестце и др.. По величине балльной оценки телки линии Ландыша были отнесены к классу элита-рекорд.

Полученные данные исследований свидетельствуют, что условия кормления и содержания оказали существенное влияние на формирование типа телосложения и экстерьера животных.

Анализ показателей эффективности выращивания телок проводили от рождения до 18 мес. Производственные затраты с учетом содержания телок I группы были больше на 186 360 тенге. Это больше, чем у телок 2 и 3 группы на 6 001 и 11 939 тенге, или в процентном соотношении составило 3,2 % и на 6,4 %. Себестоимость 1 ц. прироста живой массы телок всех групп была довольно высокой. Однако, большая ее величина на все периоды роста была характерна для телок 3 группы она составила 41 529 тенге, по отношению к 1 и 2 группе она составила 1 452 – 445 тенге или на 3,5 – 1,1 %. в период от рождения до 18 месяцев представлена в таблице 5.

Лучшей оплатой корма характеризовались телки I группы. При сложившихся затратах на их выращивание они характеризовались большим валовым приростом, что обеспечило им большую реализационную стоимость.

Таблица 5- Экономическая эффективность выращивания телок

Показатели	Реализация в 18 мес.		
	Группа		
	1	2	3
Живая масса при снятии с выращивания, кг	465,9	439,9	420,3
Живая масса перед убоем, кг	449,6	424,5	405,6
Масса туши, кг	234,8	221,5	208,3
Затраты на выращивание, тнг.	186 360	180 359	174 424
Себестоимость 1 ц прироста, тыс. тенге	40 077	41 084	41 529
Выручка от реализации, тнг.	270 020	254 725	239 545
Прибыль от реализации, тнг.	83 660	74 366	65 121
Уровень рентабельности, %	44,9	41,2	37,3

Соответственно и прибыль от реализации телок 1 группы была больше, чем в группах сверстниц на 15 295 – 30 475 тнг., или 5,6% - 11,2%. Чистая прибыль составила в 1 группе 83 660 тнг., что по отношению ко 2 и 3 группам телок выше на 9294 – 18539 тнг., или 11,1% – 22,1%.

Между тем, большая величина производственных затрат в 1 группе телок, но высокая живая масса, способствовала увеличению уровня рентабельности. Она составила 44,9 %, по этому показателю они превышали животных 2 и 3 групп на 3,7 % и на 7,6 % соответственно. Уровень рентабельности у телок от быков линии Ландыша и Вискоунта были больше по сравнению с телками линий Смычка, как при содержании, так и при выращивании. Молодняк линии Ландыша по этому показателю превосходил телок от других быков-производителей. Установлено, что независимо от линейной принадлежности производственные затраты с учетом содержания телок большими были при выращивании: разница составила по линии Ландыша – 186 360 тенге, по линии Вискоунта – 180 359 тенге и по линии Смычка – 174 424 тенге. Следует отметить, что прибыль от реализации телок линии Ландыша была больше, чем от сверстниц при выращивании в условиях хозяйства ТОО «Жанабек».

Таким образом, по результатам исследований выращивания телок линии Ландыша, Вискоунта, Смычка казахской белоголовой породы от рождения до 18 месячного возраста (экстерьерных особенностей, линейных, весовых показателей) установлено, что телки линии Ландыша по племенным и продуктивным качествам превосходят своих сверстниц.

Себестоимость 1 ц. прироста живой массы за весь период исследований у телок 3 группы была выше, чем у телок 1 и 2 групп на 3,5% – 1,1 %. Прибыль от реализации телок 1 группы была больше, чем в группах сверстниц 2 и 3 групп на 5,6 - 11,2%. Уровень рентабельности выращивания телок от быков линии Ландыша и Вискоунта был выше по сравнению с телками линий Смычка.

Литература:

- 1 Исентаев, Д.А. Особенности экстерьера животных разных типов телосложения// Пути увеличения производства и повышения качества животноводческой продукции: – Оренбург, 2011. – С. 44-45.
- 2 Типашев, С. У. Рост и развитие казахских белоголовых и помесных телочек, в условиях промышленного скотоводства в Северном Казахстане.- Астана, 2013.-65 с.
- 3 Тореханов А. А., Крючков В. Д.Мясное скотоводство Казахстана: проблемы и решения.//Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 2012. - №12. – С. 29-34.

«ЖАНАБЕК» ЖШС ҚАЗАҚЫ АҚ БАС ТҰҚЫМЫНДАҒЫ ЖӨНДЕУ ЖАС ТӨЛДЕРДІҢ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫҒЫНА ЖӘНЕ ӨНІМДІЛІК САПАСЫНА ГЕНОТИПНІҢ ӘСЕРІ

И.М. Тегза, А.А. Тегза

Зерттеу қортындылары бойынша қазақы ақбас тұқымының Ландыш, Вискоунт, Смычкадан алынған 18 айлық жасар қашарлар желілігіндегі (экстерьерлік ерекшеліктері желілігі, салмақ көрсеткіштері), Ландыш желісіндегі қашарлардың көрсеткіштері өз қатарындағы қашарлардың асыл тұқымдылығы және өнімділік сапасы көрсеткіштері асып түседі.

**INFLUENCE OF GENOTYPE ON TRIBAL AND PRODUCTIVE QUALITIES
OF REPAIR SAPLING/PL OF KAZAKH WHITE-HAIRED BREED
IN THE CONDITIONS OF TOO "ZANABEK "**

I.M. Tegza, A.A.Tegza

On results researches of growing of heifers of line of Lily of the Valley, Veskont, Cmehka of the Kazakh white-haired breed from birth it is set to a 18 monthly age (exterior features, linear, gravimetric indexes), that the heifers of line of Lily of the valley on tribal and productive qualities excel the coevals.

ӘОЖ: 619:576.89:636.1(574.22)(045)

Б.К.Ыбраев, Н.Қаниятбек

С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университеті

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА ЖЫЛҚЫ ПАРАСКАРИДОЗЫНЫҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ДАУАЛАУ

***Аннотация:** Мақалада Қазақстанның Ақмола облысы жағдайында жылқылардың арасында параскаридозға – **29,2 %** дейін **4** жасқа дейінгілер шалдыққаны көрсетіледі. Ауырған жылқылардан қан сынамаларының өзгеру динамикасы келтірілген. Норомектин препаратының дегельминтизациялау соңында **98,2%** құрағаны, ал гиппомектиннің **100 %** тиімділік бергені көрсетіледі.*

***Кілт сөздер:** жылқы параскаридозы, Фюллеборн әдісі, инвазия экстенсивтілігі, ас тұзы қаныққан ерітіндісі, норомектин, гиппомектин, дегельминтизация.*

Кіріспе

Гельминтоздар барлық жерлерде таралған. Ұзақ эволюциялық үрдістерден өте отыра олар жер бетіндегі барлық жануарлардың ағзаларында паразитарлық тіршілік етіп бейімделіп кеткен. Олар көбірек сүтқоректілерде оның ішінде ауыл шаруашылық жануарларында таралған. Көптеген мыңдаған жылдар бойында гельминттер иесінің ағзасында оңтайлы тіршілік ету үшін морфологиялық және биохимиялық өзгерістерге ұшырады және басқа паразит өкілдерімен бірге өмір сүру үшін бейімделді [1].

Жылқылардың паразитарлық ауруларының ішінде параскаридоз кең белең алған. Ол Ресей жеріндегі ғалымдардың (К.И.Скрябин, Р.С.Шульц, 1929; В.С.Ершов, 1933; П.А.Величкин, 1939; Д.Н.Антипин, 1948; М.Г.Сафронов, 1975; М.З.Готовцева, 1989; В.А.Большакова, 1998; Н.М.Понамарев, 1999 ж.т.б.) зерттеулерінде де **90–100 %** көрсеткішті көрсеткен [2]. Ал, шет мемлекеттер параскаридоздың тұрақты ошақтарының жылқы арасында ересек малдардың есесінен дәрілеу жұмыстары жүргізілмеген жағдайда **42-43,5 %** дейін қарқын алып Польша воеводаларында кездесетіндігін Gorczynski M., Lgnaczak L., Cheinca M. анықтаған [3]. Жылқының параскаридозы мен гастрофилезі **269** бас арасында тиісінше **23** және **96 %** таралғандығы жөнінде Voss J.L., Hibler C.P. АҚШ жүргізген деректерінде хабарлайды [4].

Біздің елде жануарларды өсірумен ертеден ақ айналысады әрине, бұл гельминттердің таралуы мен дамуына әсерін тигізбей өткен жоқ. Солтүстік Қазақстан жағдайында жылқы паразитоздары кеңінен таралғандар қатарына жатады. Ғалымдардың зерттеулері бойынша орташа есеппен жылқылардың **62-100 %** дейінгілері дерттенген [5,6].

Осыны ескере, біз Ақмола облысы жағдайында **4** жасқа дейінгі жылқы арасында параскаридоздың таралу қарқынын және дауалау шараларының кешенін құруды мақсат қойдық.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі. Зерттеу жұмыстары **2014-2016** жылдары Ақмола облысына қарасты Целиноград, Ерейментау, Ақкөл, Аршалы аудандары шаруаларының қарамағындағы **113** жылқыларына жүргізілді.

Зерттеу материалдары ретінде: нәжіс сынамалары, **7** сойылған малдың ішек-қарыны, **5** жылқының қан сынамалары, гельминттерге қарсы заманауи пасталар алынды.

Жылқылардың нәжіс сынамаларын, асқазан ішек жолының, қанды және қан сары суларын С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультеті» ветеринариялық медицина кафедрасының биохимия және паразитологиялық зертханаларында зерттедік.

Аурумен дерттенген жылқыны емдеу мақсатында паста түріндегі авермектин тобының екі препараты алынды. Гиппомектин (**Hippomectin 12mg/g Patezum Eingebenfur Pferde**, Германия) және норомектин (**Normomectin 18.7mg/g Patezum Einbegenfur Pferde**, Германия) препараттары «Белан» ЖШС –дегі шаруашылығы мен Қажымұқан ауылы жеке меншігінің параскаридозға шалдыққан жылқыларында сынақтан өткізілді.

Аталған шаруа қожалықтарындағы жылқылардың параскаридозбен шалдығуының экстенсивтілігі мен интенсивтілігін анықтаумен қатар, диагнозды нақтылау үшін гельминтоовоскопиялаудың Фюллеборн және Ms Мастер әдістерін қолданылды [Г.А. Котельников, 1984; М.Х. Лутфуллина 2002]

Сонымен қатар, сойылған жылқылардың ішек-қарны К.И.Скрябиннің толық емес гельминтологиялық әдісімен зерттелініп, ауру қарқыны анықталды. Қанның морфологиялық көрсеткіштерін анықтау мақсатында жаңа алынған қан, ал биохимиялық көрсеткіштерді анықтауға қан сарысуы пайдаланды. Қан жануарлардың күре тамырынан вакуумды пробиркалар көмегімен, таңғы уақытта алынды. Қанның гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштерін анықтау кондуктометрлік санауыш (**MicroCC-18**) және рефрактометр (**ИРФ-22**) көмегімен іске асырылды. Препараттар малға аш қарынға, негізгі азықтандыруға дейін нұсқаулыққа сәйкес, таңертеңгілік уақытта, малды бекіткен соң, ауыз қуысы арқылы, 1 рет **0,2мг/100кг** мөлшерінде қолданылды. Дегельминтизациялаудан соң гельминттердің сыртқа түсуі **16-24** сағат өткенде байқалды.

Препараттардың емдік тиімділігін клиникалық белгілеріне және нәжісті копрологиялық зерттеу жүргізу нәтижелеріне қарап анықтадық.

Зерттеу нәтижелері.

Параскаридозға негізінен 4 жасқа дейінгі жылқылар (құлын, жабағы, тай, дөнен) бейім. Ақмола облысына қарасты 4 аудандағы шаруа жылқыларының **29,2%** параскаридозға шалдыққандары анықталды (1 кесте). Аурудың ең жиі тараған (**46%** дейін) қожалықтары Ерейментау мен Целиноград аудандарында тіркелді.

Кесте 1 – Ақмола облысының аудандарындағы жылқылардың параскаридозға шалдығу қарқыны

Малы зерттелінген аудан	Жылқының жасы	Зерттелінген жылқы саны, бас	Ауру мал, бас	ЭИ, %	ИИ, дана
Ақкөл	2- жасқа дейін	13	4	30,7	2-21
	4-жасқа дейін	14	3	21,4	1-14
Аршалы	2-жасқа дейін	12	4	33,3	8-21
	4-жасқа дейін	14	2	14,2	2-8
Ерейментау	2-жасқа дейін	15	7	46,6	8-27
	4-жасқа дейін	17	3	17,6	4-12
Целиноград	2-жасқа дейін	13	6	46,1	6-41
	4-жасқа дейін	15	4	26,6	3-17
Барлығы		113	33	29,2	1-41

Төмендегі 2 кесте мәліметтеріне сүйенсек, өлген малда параскаридозды К.И. Скрябиннің толық емес гельминтологиялық әдісімен ішек-қарынды зерттеу нәтижесінде шаруашылықтарда 1-41 дейін параскарида табылды.

Кесте 2 – К.И. Скрябиннің толық емес гельминтологиялық әдісімен ішек-қарынды зерттеу нәтижесі

№	Шаруашылық атауы	Сойылған жылқы, басы	Табылған параскаридалар, дана
1.	«Алтын таға» ЖШС	3	1-13
2.	«Агрофирма ақ дән» ЖШС	4	2-21
3.	«Белан» ЖШС	19	6-41

Тәжірибе жүзінде *P. equorum* жұмыртқаларының термостатта және сыртқы ортада зерттеу барысында 9-15 күннің аралығында дамуы аяқталатындығы белгілі болды. Сонымен бірге, *P. equorum* жұмыртқасының сырты қалың төрт қабатты қабықпен қапталуы, оның сыртқы ортада төзімді, ал қыста қар астында қалғандары қыстап шығуымен ерекшелінді (3 кесте).

Кесте 3 - *Parascaris equorum* жұмыртқаларының термостатта және сыртқы ортада даму ерекшеліктері

Сыртқы орта		Термостатта өсіру ұзақтығы 20-24°C	
температура, °C	әсер ету ұзақтығы, күн	личинканың пайда болу уақыты, күн	зардапты личинканың пайда болу уақыты, күн
+7	31	9	15
0	90	12	18
-3	105	16	21
-11	135	21	22
-22	161	24	23

Төмендегі 4 кесте деректерінен ауырған жылқыларда гематологиялық көрсеткіштерден эритроциттің 13,9%, гемоглобиннің 3,48%-ға төмендеуі, ал тәжірибе топтарымен салыстырғанда ақуыздың 22,4% және лейкоцит санының 16,6% көбеюі организмде өтіп жатқан патологиялық процестің көрінісі екендігін дәлелдейді.

Кесте 4 – Ауру жылқылардың қан көрсеткіштерінің өзгеруі (n=5)

Қан көрсеткіштері	Бақылау топ	Тәжірибелік топ
Лейкоцит, WBC, $\times 10^8/L$	10,5 \pm 0,32	12,6 \pm 1,10
Лимфоцит, Lym%	56,0 \pm 2,73	43,7 \pm 6,42
Эритроцит, RBC, $\times 10^6/L$	6,7 \pm 0,06	5,8 \pm 1,16
Гемоглобин, HGB, g/L	94,2 \pm 1,20	97,6 \pm 5,84
Гематокрит, HCT, %	24,6 \pm 1,35	20,1 \pm 3,79
Жалпы белок, g/L	66,3 \pm 0,18	51,4 \pm 0,49

Алынған нәтижелердің сатистикалық өңделуін жалпы қолданылымдағы ауытқулық статистикасы әдісімен өткіздік. Осы кезде салыстырмалы шамалар мен дұрыстылық коэффициенттердің бағалауын анықтадық. Алынған нәтижелердің коэффициент бағаларының нақтылығына көз жеткізу үшін олардың нақтылығын Стюдент және Фишер кестесімен айқындадық. Ауытқудың $P < 0,05$ бойынша статистикалық нақты көрсеткіштерін санадық. Осылай санау үшін «Microsoft Excel – 2007» компьютерлік программасын пайдаландық [Г.Ф. Лакин, 1980].

Жеке жылқыларға тікелей ауыздан норомектин мен гиппомектин препараттарын қолдану нәтижесінде төмендегі нәтижелер алынды (5кесте).

Кесте 5 – Қолданған препараттардың тиімділігі

Қолданылған препараттың атауы	Топтағы жылқы саны	Дозасытірі салмағына есептегенде	Препараттың экстенсивтілігі, %
Норомектин	5	200мг/кг	98,2
Гиппомектин	5	200мг/кг	100

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмыстарын қорытындылай келе, Ақмола облысының 4 аудан жылқыларында параскаридоздың экстенсивтілігі 29,2% құрайды, ал ауру жануарлардың қан құрамындағы өзгерістері эритроцит (13,9%) пен гемоглобиннің (3,48%) төмендеуімен, ал ақуыздың (22,4%) және лейкоциттің (16,6%) көбеюі тіркелсе, қолданған гиппомектиннің тиімділігі 100% тең, ал норомектин 98,2% көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Романенко Н.А, Падченко И.К., Чебышев Н.В. Санитарная паразитология. М. Медицина .2000.320 с.
2. Скрябин К.И., Шульц Р.С., Озерская В.Н. Мероприятия по борьбе с гельминтозами лошадей коневодческих хозяйств Дальнего Востока // Вестн. совр. Ветеринарии. 1930. - № 1. - С. 14-16.
3. Gorzynski M., Langaczak L., Cheinca M. Proba ustalenia ognisk glistnicy koni w powiecie Wysokie Mazowieckie //J.Med.weter., 1970. -R26.-№1.-S.19-20.
4. Voss J.L., Hibler C.P., Critical teste of butonate as an askarida and buticide in horses. Am.j.veter.Ras., 1971 –Vol3. –N12. –P.2085-2086.
5. Кадыров Н.Т., Аубақров С.А., Ибраев Б.К. Опыт борьбы с паразитами лошадей. Ветеринария, 1991.-№10.-Б.42-44.
6. Ыбраев Б.К. Жайлым жылқыларын дәрлеуді оңтайландыру // «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ-ның 50 жылдығына арналған халқаралық ғылыми-практикалық конф. матер., Астана, 2007.-Б.214.

**РАСПРОСТРАНЕНИЕ И ПРОФИЛАКТИКА ПАРАСКАРИДОЗА ЛОШАДЕЙ
В УСЛОВИЯХ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

Б.К.Ыбраев, Н.Каниятбек

Подводя итоги исследования, проведенных в 4 районах Акмолинской области экстенсивность параскаридоза лошадей составило 29,2%, в то время как гематологическое изменения в эритроцитах крови животных показало повышение на 13,9%, понижение гемоглобина на 3,48% и нормализовалось уровень белка 22,4% и лейкоцитов на 16,6%. Эффективность препарата гиппомектина и норомектина показало соответственно 100% и 98,2%.

DISTRIBUTION AND PREVENTION PARASCARIDOSIS HORSES IN THE AKMOLAREGION

B.K. Ibraev, N. Kaniatbek

Summing up the results of research, the carried-out 4 districts of the Akmola region extensiveness of a parascaridosis of horses 29,2% while hematologic changes in erythrocytes of blood of animals were shown by increase for 13,9%, have made depreciation of hemoglobin for 3,48% and it was normalized the level of protein of 22,4% and leukocytes for 16,6%. Efficiency of a preparation of a gippomektin and noromektin was shown by respectively 100% and 98,2%.

ХЛОРЕЛЛА СУСПЕНЗИЯСЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Аннотация: Бұл мақалада ШҚО «Балке» шаруа қожалығындағы сиырларды азықтандыруда хлорелла суспензиясын қолдану және оның биологиялық құндылығына сипаттама берілген. Біздің еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің ең маңызды міндеттерінің бірі сапалы және биологиялық толыққанды тамақ өнімдерімен халықты қамтамасыз ету болып табылады. Мал азықтық ақуыз қорын молайтудың маңызды резервтерінің бірі - бір жасушалы жасыл балдырларды (хлорелла биомассасы) пайдалану.

Түйін сөздер: азықтандыру, аминқышқыл, иммунитет, дәрумен, хлорелла.

Малдан алынатын өнім сапасының ең маңызды факторы – азықтандыру. Жақсы мал азығының қоры мал шаруашылығын дамытудың ең басты шарты болып табылады. Мал ағзасы өзінің тіршілігіне қажетті заттарды өзін қоршаған ортадан алады. Бұл өз кезегінде рацион құрамында қоректік заттардың шоғырлануын қажет етеді.

Малдың өсіп-жетілуі үшін және сапалы өнім алу оларды азықпен қажетті мөлшерде қамтамасыз ету басты міндет болып табылады. Малдың азығының құнарлығы, құндылығы, дәмділігі малдан алынатын өнімнің сапасына тығыз байланысты. Сондықтан малшаруашылығын дамыту үшін берік жем-шөп қорын жасау, азықтандыру мәселелерін ғылыми негізде ұйымдастыру қажет. Мал азығының химиялық құрамы мен қоректілігі. Организмге енген түрлі заттар мен қосындылар ас қорыту ағзаларында белгілі жағдайлар туғызылғанда ғана бойға сіңіп, тіршілік қажеттілігіне пайдаланылады.

Хлорелла(Chlorella) - жасыл балдырлар класына жататын бір клеткалы балдыр. Пішіні домалақ не сәл сопақшалау,клетка ішінде әдетте бір хлоропласт болады.Хлорелла автоспоралар (апланоспоралар) арқылы көбейеді. Клетка заты **2,4,8** және бұдан да көп автоспораларға бөлініп, аналық клетка қабырғасы жарылып, споралар төгіледі. Хлорелланың жынысты көбеюі де, хромосомасының бар – жоғы да белгісіз. Оның клеткасында ақуыз, май көп болады және бұлардың мөлшері өсіру жағдайына байланысты **60-80 %** - ке жетеді, көмірсу да едәуір болады. Хлорелла ақуызы құрамында барлық дерлік (метиониннен басқа) алмаспайтын амин қышқылдары, әр түрлі дәрумендер, әсіресе продәрумен А,С,Е,РР көп болады. Ол адам мен мал қарынында нашар қорытылады [1].

Ауылшаруашылық жануар мен құстардың азығы ретінде хлорелла жақсы дәруменді ақуызға бай. Хлорелладағы ақуыз өте бағалы. Хлорелла өте бағалы ақуыздан ғана емес, сонымен қатар көптеген дәрумендерден тұрады, соның ішінде каротиннен (1 кг құрғақ затта **200-ден 1000 мг** дейін) тұрады [2].

Мал шаруашылығының шығындары **70-80 %** азығында.Соңғы он жыл ішінде, ауыл шаруашылығық жануарларының жем рационына премикстер, дәрумендер, биоқоспаға толы су балдыры қосылды.Бұған кіретін жасыл микробалдырлардың өкілі - хлорелла қамтиды. Суспензия хлорелланы дайындау үшін **Chlorella vulgaris** ИФР саны С-111 және **Chlorella vulgaris** BIN штамдарының пайдаланылады. Олардың айырмашылығы бұрынғы планктондық қасиеттері белгілі, бұл еркін булану және культуралдық ортада жасушалары біркелкі болып табылады. Олар көмір қышқыл газы мен қоректік ортаны көп талап етпейді,осылайша микробалдырлардың мүлдем жаңа биотехнологияда өсіру құру және модульдік орнатуды дамыту арқылы онда сәтті мал шаруашылығы фермаларын және хлорелла өсіру бойынша пайдаланылады. Бүкілресейлік ғылыми зерттеу институты жем өнеркәсібінде мал азығына хлорелла суспензиясын сынақтан табысты енгізілді.Алайда хлорелла суспензиясының ең құндылығы биологиялық белсенділігі штамдарын пайдалану арқылы жас төлдердің қосымша салмақтың түсуі, мал басын сақтау, қайта жетілдіру, иммунитеттің жоғарлауы жануардың денесінде ұзақ уақыт сақталады. Құрылған әртүрлері мен жас тобына қарай белгілі бір уақыт жиынтығы малды бордақылау кезеңінде хлорелла суспензиясын бір рет қолданылады.Оны қолдану орындылығы жемнің толық сіңімділігі ықпал етеді және қосымша салмақ қосу арқылы сүт өндірісін ұлғайту, тауық жұмыртқасының көбеюі, мал басын сақтауы кіреді. Жануарларды емдеу үшін хлорелла суспензиясын қолдану арқылы дәрілік заттар соның ішінде

антибиотиктерді қолдануы қысқарады. Мал өнімдерінен жоғары сапалы өнім алу үшін мүмкіндік береді [3].

Хлорелланы пайдалану нәтижелері жем рационына тікелей байланыста және әртүрлі жануарлармен құстардың ағзаларына бірдей әсер еттеді.

1. Хлорелламен азықтандыру кезінде жануардың сыртқы көрінісі - шаш түктері (жүн, мех), тері түсі, 2-3 аптада жараның қалпына келуі байқалады.

2. Жалпы жағдайы бір апта ішінде жануардың ағзасында тонустың жоғарлауы, ұтқыр қозғалуы, жем шөпке тәбетінің ұлғаюы байқалады. Жануарлар хлорелланы «тиімділігін» сезіну арқылы анықтайды және де суспензия микробалдырларының мөлшерін ішпегенше азығын жеуге немесе су ішуге кіріспейді.

3. Емдеу-профилактикалық әсері – иммунитетті нығайтуға байланысты жануарларда іш өту, пневмония, авитаминозы және көптеген басқа аурулар толықтай кетеді. Хлорелла жануарлардың ұрықтануын күшейтеді.

Жануарларды жеке емдеп қана қоймай, хлорелла бірнеше аурулардан тез сауығуына (іш өту, пневмония, авитаминоз, аяқ ауруы және т.б.) көмектеседі. Бірақта Жаңа технологияны қолдану арқылы мал шаруашылығының өнімдерін жоғарлатады.

Жаңа өнім – микроскопиялық хлорелла жасыл балдырының суспензиясы, жаңа планктондық штамм және технология бойынша ауыл шаруашылық жағдайына бейімделген. Хлорелла «жақсы өнімдер» категориясына жатады. Қазіргі уақытта шаруашылықтың әрқайсы бағалы азық өнімін өз еркімен ала алады.

Жоғары сапалы экономикалық Жаңа технология мал шаруашылығында екі фактордан құралады:

1. Хлорелла суспензия – биологиялық бағалы өнім, жоғарғы жем қоспа ретінде;

2. шаруа жағдайында хлорелланы алу технологиясы және мал шаруашылығының комплексі төменгі құны ретінде;

Хлорелла суспензиясы - табиғи өнім, жануарлар организміне теріс әсер бермейді және жоғарғы тұтынушы ретінде мал шаруашылығында таза экологиялық өнім ала алады [4].

Мал шаруашылығында хлорелла суспензиясын тығыздалған масса немесе құрғақ биомасса ретінде пайдаланады [5].

Ғылыми жұмыстың мақсаты: ШҚО Семей қаласы «Балке» шаруа қожалығындағы сиырды азықтандырғандағы хлорелла суспензиясының құрамын анықтау.

Ғылыми жұмыстың міндеттері: ШҚО 1.«Балке» шаруа қожалығынан әкелінген хлорелла суспензиясының құрамындағы амин қышқылдарын зерттеу.

2. Хлорелла суспензиясының құрамындағы дәрумендерді анықтау.

Материалдар мен әдістер: Зерттеу жұмыстары Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, «Радиоэкологиялық зерттеулердің ғылыми орталығы» инженерлік бейіндегі аймақтық сынақ зертханасында жүргізілді.

«Балке» шаруа қожалығынан әкелінген хлорелла суспензиясын амин қышқылдарын флуориметриялық және спектрофотометриялық детекторлары SHIMADZU LC -20 Promiense (Япония) сұйықты хроматографында анықталды. Негізгі бөгде заттардан қорғанатын алдыңғы колонкасы бар 25 см x 4,6 мм SUPELCO C 18 АҚШ хроматографиялық колонкасы қолданылады. Хроматографиялық талдаулар 40 С колонка термостаты температурасында, элюенттің 1,2 мл/мин шығынында, градиентті режимде жүргізіледі. Өлшемдер жоғарғы деңгейдегі тиімдегі флуориметриялық және спектрофотометриялық детекторлары бар сұйықты хроматографында 246нм және 260нм толқын ұзындықтарымен анықталды. Анықтау кезінде қышқылды гидролиз және фенилтиогидантоин алынумен сипатталатын изопропил спиртіндегі фенилизотионат амин қышқылы модификациясы қолданылады. Қозғалмалы фаза ретінде 6.0 М CH_3COONa 6.0 М рН CH_3COONa және рН 5,5 ертіндісін (компонент А), ацетонитрилдегі 1% изопропил спирт ертіндісін (компонент В), 6.0 CH_3COONa М, COONa және рН 4.05 (компонент С) ертінді қоспалары қолданылады. Гидролиздеу үшін 100 г еттішыны ампулаға салып, істіне 10 мл 6М тұз қышқылын қосамыз, 2 минут араластырып, азот толқынымен үрленді. Шыны ампуланы ерітіп жауып, термостатқа қойылды. Гидролиз 110 С температурада 24 сағатқа қойылды. Гидролизат суығаннан соң, мембранды сүзгіштермен сүзіп, аликвоталар алынды. Аликвоталар 650 С – та ауа толқынында кептіріледі. Кептірілген аликвоталарға 0,10 мл NaOH 0,15 М ертіндісін қосып, жақсылап араластырдық. Сонан соң, оның үстіне изопропил спиртіндегі 0,05 мл фенилизотионат кұйылды, араластырылды. Үстіне 0,05 мл дистилденген су кұйып мембранды сүзгіден өткізілді. Алынған ертіндіні

хроматографиялық талдаудан өткізілді. Амин қышқылдарының сынамадағы концентрациясы 100г – ға арналып есептелді.

Дәрумендер SHIMADZU LC-20 Promience (Япония) сұйықты хроматографында анықталды. Дәрумендерді бөлу 25см x 4,6мм SUPELCO C 18 колонкасында, флуорометриялық детекторда іске асырылады. Сынаманы роторлы диірменде ұсақтап, 250 мл ыдысқа салып экстрагент құйып, ультра толқынды ваннаға қоямыз, суытып, 15 минут араластырғыш аспапта ұстаймыз. Сонан соң центрифугада 7000-8000 минут – айналымда 4-5 минут айналдырып, өлшемі бар колбаға 25 мл центрифугат құйып аламыз. Центрифугированияны 10 мл экстрагент 1 рет жүргізеді. Қосынды центрифугатты белгіге дейін деионозонды сумен жеткізіп, мембранды сүзгіден өткізеді. Сүзіндіні виалкаға салып,градиентті элюирлеуден өткізеді.(элюирлеу толқын жылдамдығы 0,8мл/мин, колонка температурасы -20С). Флуорометриялық детекторда дәрумендердің бөлінуін бақылаймыз. Дәрумендердің сынамадағы концентрациясы 100 г арналып есептеледі.

Ғылыми жұмыстың нәтижелері: Хлорелла суспензиясының құрамындағы аминқышқылдарының анықталған нәтижесі 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1- Хлорелла суспензиясы құрамындағы аминқышқылдарының мөлшері, мг/г

№	Сынама атауы, саны	Сынама алынған орын	Аминқышқылдарының атауы	Аминқышқылдарының нақты мөлшері
1	Хлорелла суспензиясы №10	Зерттеу үлгісі	Валин	0,01725
			Гистидин	0,00151
			Глицин	0,01605
			Треонин	0,01356
			Метионин	0,00482
			Изолейцин	0,01132
			Аргинин	0,00718
			Аланин	0,02013
			Лейцин	0,021168
			Лизин	0,00787

Хлорелла жоғары сапалы ақуызы бар, өсімдік жем ақуызын құрамында барлық тірі организмдердің аминқышықылдарын жетілдіру үшін қажет. Азықтардың белоктік бағасы тек шикі протеині бойынша ғана емес, сонымен бірге оның құрамдас бөліктері амин қышқылдардың мөлшері бойынша да анықталады.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде хлорелла суспензиясының барлық №10 сынамаларында аминқышқылдардың суммалық мөлшері қалыпты жағдайға қарағанда біраз ғана азайған.

Зерттеліп отырған хлорелла суспензиясының құрамындағы дәрумендерді 2 кестеден көруге болады.

Кесте 2 - Хлорелла суспензиясындағы дәрумендердің мөлшері, мг/г

№	Сынама атауы, саны	Сынама алынған орын	Дәрумендердің құрамы, мг/г			
			B1	B2	B6	C
1	Хлорелла суспензиясы №10	Зерттеу үлгісі	0,18045	0,09027	0,09254	0,15675

Зерттеулер нәтижесінде орташа мөлшері B1 - 0,18045 мг құраса, B2 – 0,09027 мг, B6 – 0,09254мг және C дәрумені – 0,15675 мг осы барлық №10 сынамаларда хлорелла суспензиясындағы дәрумендер мөлшері біраз азайған.

Қорыта айтқанда хлорелла суспензиясы – табиғи өнім, жануар организміне теріс әсер етпейді, мал шаруашылығында тек таза экологиялық жоғары тұтынушылық өнімдерін шығарады.

Хлорелла суспензиясының құрамындағы аминқышқыладары мен дәрумендер жүргізілген зерттеулер нәтижесінде барлық №10 сынымада да қалыпты мөлшерден біраз азайғанын көрсетті.

Әдебиеттер.

- 1 Қазақ Совет энциклопедиясы - Алматы, 1978. 12 том, 35 б
- 2 Сальникова М. Я. Изучение кормовых достоинств хлореллы и методов ее массового культивирования Автореферат-Казань, 1966 г
- 3 Богданов Н.И. Суспензия хлореллы в рационе сельскохозяйственных животных,- Пенза, 2-е изд. перераб. и доп, 2007.- с.48
- 4 <https://big-fermer.ru/user-artikles/hlorella-v-zhivotnovodstve> (дата обращения: 15.04.2016).
- 5 <https://www.dvs.rsl.ru> Дудина Н.П. Воспроизводительные функции хряков – производителей при скрамливании или суспензии хлореллы [Электрон.ресурс].-2011. (дата обращения: 18.04.2016).

БИОЛОГИЧЕСКОЙ ЦЕННОСТИ СУСПЕНЗИЙ ХЛОРЕЛЛЫ

А.О. Истханова, А.С. Койгельдинова

В данной статье описана биологическая ценность суспензий хлореллы и ее применение при кормлении коров в к/х «Балке» ВКО. Одной из важнейших задач агропромышленного комплекса нашей страны является обеспечение населения качественными и биологически полноценными продуктами питания. Восстановление белкового корма является одним из важнейших резервов реабилитации зеленых водорослей одноклеточной (хлореллы биомасса).

BIOLOGICAL VALUE SUSPENSION OF CHLORELLA

A.O. Isthanova, A.S. Koygeldinova

This article describes the biological value of suspensions of chlorella and its use in the feeding of cows in a /s "Balka" VKO. One of the most important tasks of the agro-industrial complex of our country is to provide the population with quality and biologically high-grade food. Recovery of the protein feed is one of the most important green algae rehabilitation allowance unicellular (chlorella biomass).

УДК 636.294.636.084

Н.О.Коржикенова¹, О.Д.Игликов²

¹КазАТУ имени С.Сейфуллина, г. Астана

²ГУ имени Шакарима, г. Семей

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗЕЛЕННОГО ГИДРОПОННОГО КОРМА В РАЦИОНЕ БЫЧКОВ

Аннотация: Проведены исследования по влиянию зеленого гидропонного корма в рационе животных на рост, развитие и продуктивные качества. Установлено, что рацион с использованием ЗГК в кормлении бычков является эффективным методом повышения продуктивности животных, так как обеспечивает среднесуточный прирост бычков в пределах **950** граммов, при низких **8,9** затратах кормовых единиц на **1** кг прироста. При этом живая масса увеличивается в среднем на **11,9** процентов в сравнении с животными контрольной группы.

Ключевые слова: зеленый гидропонный корм, рацион, живая масса, прирост.

В комплексе факторов, определяющих уровень мясной продуктивности крупного рогатого скота, существенное влияние отводится разработке рациональных систем кормления животных, освоению новых технологических приемов производства полноценных и экологически безопасных кормов. Одной из этих негативных сторон при выращивании и откорме крупного рогатого скота является низкоэффективное использование дорогостоящего зернового фуража, доля которого в рационах животных довольно высока [1, 2, 3].

В этой связи определенный интерес представляет повышение биологической полноценности кормов через проращивание, позволяющее улучшить переваримость и усвояемость питательных и минеральных веществ рациона.

Исследователями установлено, что в зеленой массе образуются вещества недостающие в сухом зерне: содержание кальция увеличивается в 5-8 раз, фосфора в 2 раза, корм обогащается каротином, витаминами С, Е, животные съедают все, что входит в этот корм: зеленую массу, остатки зерна и корней растений. Производство ЗГК представляет собой устойчивый путь увеличения производства мяса в целях удовлетворения растущих потребностей населения [4, 5].

Материал и методы. Основной целью нашей работы было изучение влияния использования ЗГК в рационе быков симментальской породы на рост, развитие и продуктивные показатели в сравнении с обычной технологией кормления животных в хозяйстве. Экспериментальная работа проводилась в зимне-стойловый период в крестьянском хозяйстве «Багратион» Уланского района Восточно-Казахстанской области. Для опыта были подобраны 56 голов в возрасте 7 месяцев, живой массой 153 кг, которые были разделены на две группы по принципу аналогов. Первая группа животных получала сено, силосно-концентратный рацион, применяемый традиционно в хозяйстве. Бычки второй группы, аналогичный рацион, только часть зерна, заменяли ЗГК с учетом питательности кормов. По общей питательности рационы были практически одинаковыми. В период опыта учитывали затраты кормов, рост и развитие животных путем ежемесячного взвешивания. Была изучена динамика живой массы и некоторые гематологические показатели крови, затраты кормов на 1 кг прироста. Полученный материал обрабатывался обычным статистическим методом по Плохинскому Н.А в программе Microsoft Excell [8].

Результаты исследования.

Изменение живой массы бычков за период опыта представлен в таблице 1.

Таблица 1. Живая масса и приросты у подопытных животных.

Группы животных	Живая масса, кг		Абсолютный прирост, кг	Среднесуточный прирост, г	В % к контролю
	в начале опыта	в конце опыта			
1 группа- контрольная	153,2±2,2	266,3±2,9	113,1±3,3	744,5±21,9	100
2 группа - опытная	153,1±2,1	297,9±2,6	144,8±3,1	953,2±20,4	128

Из таблицы видно, что живая масса животных 2 группы, получавших рационы с добавлением ЗГК на 31,6 кг больше бычков 1 группы, получавших традиционный рацион, используемый в хозяйстве. Абсолютный и среднесуточный прирост у бычков опытной группы был выше на 28 процентов, чем у животных контрольной группы. Дополнительный прирост у животных 2 группы относительно бычков 1 группы составил 31,7 кг. Это указывает, что рацион с добавлением ЗГК способствует лучшей переваримости и усвояемости кормов бычкам опытной группы.

Нами были изучены некоторые гематологические показатели крови у подопытных животных. Кровь, обладая относительно постоянным физико-химическим свойством, в некоторой степени показывает те изменения, которые происходят в организме животных при скармливании животным разных кормов. На содержание форменных элементов в крови у подопытных животных существенное влияние оказывают корма и полноценное кормление животных. Так содержание общего белка зависит от его наличия в кормовом рационе. При длительном дефиците протеина наблюдается снижение белка в сыворотке крови. Полноценность протеинового питания животных оценивается по содержанию в сыворотке крови общего белка, альбуминов, глобулинов. Общий белок крови является консервативным показателем и его значение, ниже нормативных, свидетельствует о длительном дефиците протеина в рационе.

Недостаток альбуминов в организме животных расценивается как истощение аминокислотного и белковых резервов организма, это сопровождается снижением приростов, живой массы животных и их воспроизводительной способности [6,7].

Снижение витамина А в крови у животных ниже физиологической нормы наблюдается как при дефиците каротина в кормах, так и при его избытке, если каротин в кормах находится в форме

гамма- и альфа-каротинов. Избыток в кормах нитратов и нитритов также вызывает снижение витамина А в крови животных. Изучение основных показателей крови у подопытных бычков свидетельствует о том, что содержание в крови гемоглобина было на 2,2 % выше, белка на 0,46 м г %, альбуминов на 0,1 м г %, глобулинов на 0,37 м г % у животных опытной группы в сравнении с животными контрольной группы. У животных, получавших рацион с добавлением гидропонного корма, концентрация каротина и витамина А в крови увеличилась и составила 0,26 мг%, витамина А - 0,14 мг%, что выше животных, получавших традиционный рацион, применяемый в хозяйстве.

Это связано с более высокими интенсивными окислительно-восстановительными процессами в организме бычков опытной группы, что согласуется с полученными в наших исследованиях среднесуточными приростами живой массы у этих животных.

Эффективность использования питательных веществ разных рационов в кормлении бычков симментальской породы представлена в таблице 2.

Таблица 2. Эффективность использования питательных веществ рационов у подопытных животных.

Показатели	Группы	
	Контрольная	Опытная
Затрачено на 1 кг прироста: кормовых единиц	9,2	8,9
переваримого протеина, г	927	713

Неодинаковая интенсивность роста подопытных животных обусловила и разные затраты питательных веществ на единицу прироста. Это указывает, что кормление животных в зимний стойловый период рационам с содержанием ЗГК повышает пищеварения, позволяет более эффективно использовать питательные вещества корма. Так у бычков опытной группы затраты кормовых единиц на 1 кг прироста составили 8,9 против 9,2 кормовых единиц у животных контрольной группы. Затраты переваримого протеина на 1 кг прироста у бычков второй группы были на 214 граммов меньше животных первой группы. Кроме того установлено, что при производстве зеленого гидропонного корма в 3-4 раза меньше требуется зерна, себестоимость кормов снижается на 2,0-2,5 раза.

Заключение.

Результаты проведенных исследований позволяют полагать, что включение в рацион бычков зеленого гидропонного корма является эффективным методом повышения продуктивности животных, рационального использования кормов на единицу прироста. Это обеспечивает получение среднесуточного прироста у животных до уровня 950 граммов, затратах кормовых единиц на 1 кг прироста 8,9, переваримого протеина 713 г, и повышение живой массы на 11,9 процентов в сравнении с традиционной технологией кормления животных в хозяйстве.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Н.А. Жазылбеков, М.А. Кинеев, А.А. Тореханов. Кормление сельскохозяйственных животных, птиц и технология кормов в современных условиях: Справочное пособие / – Алматы, Бастау, 2008. – 436 с.
2. П.А. Дмитроченко, П.Д. Пшеничный Кормление сельскохозяйственных животных / – Л.: Изд-во Колос, 1978. – С. 284 – 302.
3. Томмэ, М.Ф. Витаминное питание сельскохозяйственных животных М.: Колос, 1973. – С. 5-11.
4. Урынбаева Г.Н., Коваленко Т.В. К использованию гидропонного зеленого корма в кормлении мясных кур. Вестник Оренбургского Государственного Аграрного Университета №12/декабрь`2006. с. 269-270
5. Коржикенова Н.О. Абенев А.Н. Применение зеленого гидропонного корма в кормлении молодняка крупного рогатого скота. Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 12: Молодёжь в науке - инновационный потенциал будущего». г.Астана 2016.
6. И.И. Черкашенко, Г.И. Гоголи. Морфологические и биохимические показатели крови бычков на рационах разной структуры и при различном содержании // Доклады ВАСХНИЛ. – 1976. – №7. – С. 29.

7. Р.А.Арынова Тыныс алу, жүрек және бейімделу физиологиясы. Алматы-2015. 135 б.
8. Плохинский Н.А. «Руководство по биометрии для зоотехников» М., Колос 1969

**ЖАСЫЛ ГИДРОПОНДЫ АЗЫҚТЫҢ ӨГІЗШІЛЕР РАЦИОНЫНДА
ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ
Н.О.Коржикенова, О.Д.Игликов**

Жануарлардың өсіп дамуына және өнімділігіне жасыл гидропонды азықтың (ЖГА) рационда болуының әсері зерттеліп, ЖГА-ны өгізшелерді азықтандыруда пайдалану жануарлар өнімділігін арттыруда тиімді әдіс болып табылатындығы анықталды. Зерттеулер нәтижесі бойынша орташа тәуліктік салмақ қосу 950 грамм шамасында және 1 кг салмақ қосуына 8,9 азықтық өлшем бірлігінің жұмсалуды қамтамасыз етті. Осыған орай жануарлардың тірі салмақ қосуы орташа 11,9% - ға жоғарылады.

**THE EFFECTIVENESS OF THE USE OF GREEN HYDROPONIC
FODDER IN THE STEERS DIET
N.O.Korzhikeno, O.D. Iglikov**

The research on the effect of green hydroponic fodder (GHF) in animals diet on the growth, development and productive qualities are conducted. It was found that the diet with use of GHF in steers feeding is an effective method of increasing the animals productivity, as it provides an average daily gain of steers within the 950 grams, at low 8.9 units expenditures of feeds per 1 kg of gain. At the same time the live weight increases on the average at 11.9 percent.

УДК 636.2.086.2/4

А.М.Нусупов, Б.Ж.Кожебаев, Ж.З.Қорабаев, Б.С.Ахметова
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

**СИММЕНТАЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ
ӨНІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ**

Аннотация: Мақалада симментал тұқымды сиырларын сүттілік көрсеткішін жоғарлату мақсатында, голштин бұқаларының ұрығымен ұрықтандырудың нәтижелері келтірілген.

Түйін сөздер: симментал, будан, сүт майлылығы, сүт көлемі, тірі салмақ, сауын маусымы.

Отанымыздың азық-түлікпен (ет, сүт, сүт тағамдары және т.б.) қамтамасыз ету үшін ірі қара мал шаруашылығының маңызы өте зор, себебі сүт өнімінің 99%-ын, ал ірі қара еті 40-45%-ға дейінгі деңгейін құрайды. Сонымен қатар ірі қара мал терісі де жеңіл өнеркәсіп шаруашылығында көп қолданылады, әрі ірі қараның қиы егін шаруашылығында, әсіресе кейінгі уақыттарда өңделіп, кеңінен органикалық тыңайтқыш ретінде пайдаланылуда [1].

Қазақстан Республикасының шаруашылықтарында 20-дай сүтті, сүтті-етті және 8- етті ірі қарасының асыл тұқымды малдары өсірілуде. Соның бірі асыл тұқымды симментал тұқымы. Симментал тұқымды сиырларының сүттілігін және өнімділігін жоғарлату мақсатында голштин бұқаларының ұрығымен ұрықтандыру негізге алынды. Осы жұмыстың нәтижесін анықтау үшін бірінші және екінші ұрпақтары бойынша сиырлардың өнімділік көрсеткіштерін зерттеу қажет болды [2].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмысы Павлодар облысы Лебяжі ауданындағы Ямышев ауылдық аймағындағы «Маяк» асыл тұқымды шаруашылығында жүргізілген. Симментал тұқымды сиырларын ұрпақтары бойынша сүт өнімділік көрсеткіштерін бағалау үшін әр топқа 10 бас сиырдан 2014-2015 ж. бонитировка журналынан алынды.

Зерттеу нәтижелері. Қазіргі күнде шаруашылықтағы №1 сүт тауарлы фермасында жалпы 821 бас симментал тұқымды ірі қара малы бар. Соның ішінде, 578 бас (67%) сиыр және 217 бас құнажын мен тайыншалар өсіріледі. Класы бойынша бағалайтын болсақ, 428 бас (74%) сиыр элита-рекорд, 115 бас (19%) элита және 35 бас (6%) I класқа жатады (Кесте 1) [3].

Кесте 1. «Маяк» шаруашылығындағы №1 СТФ симментал тұқымды ірі қараларының тұқымдылығы мен кластық көрсеткіштері

Мал тобы	Бағаланған мал саны,	Класс бойынша көрсеткіштері, бас			
		элита-рекорд	элита	1 класс	2 класс
Жалпы мал басы, соның ішінде:	861	548	170	77	-
Бұқа	-	-	-	-	-
Бұқашық	7	5	2	-	-
Сиыр	578	428	115	35	-
Сауын маусымы аяқталмаған сиырлар	66	-	-	-	-
Құнажын және 18 айлық тайыншалар	88	51	22	15	-
12 - 18 айлық тайыншалар	71	42	17	12	-
6 - 12 айлық бұзаулар	51	22	14	15	-

Келесі кестеде сиырлардың 305 күндегі сүт өнімділігі көрсетілген. Жалпы мал басы бойынша түмса сиырлар (1 сауын) табынның 33%-ын, екінші сауын маусымындағы сиырлар 32%-ын және сақа сиырлар (3 сауын және одан жоғары) 35%-ын құрайды. Сиырлардың орташа сүттілігі 4879 кг, майылылығы 3,82%, тірі салмағы 526 кг болған.

Кесте 2. Сиырлардың 305 күндегі сүт өнімділігі мен тірі салмағының сипаттамасы

Мал тобы	Сауын маусымы	Мал басы	Сүт, кг	Май		Тірі салмағы, кг
				%	кг	
Табын бойынша	Жалпы мал басы	578	4879	3,82	181,6	526
	1 сауын маусымы	191	4587	3,81	174,0	478
	3 сауын маусымы және одан жоғары	202	4979	3,84	190,4	549

(Кесте 3) те симментал сиырларын голштин бұқаларының ұрығымен ұрықтандыруды бағалау нәтижесі көрсетілген. Сүттілігі бойынша ең жоғары көрсеткіш ІІ ұрпақ сиырларында болды - 4993 кг. Ал симментал сиырларының майылылығы - 3,97% және тірі салмағы - 541 кг болуына байланысты ең жоғары көрсеткішке ие болды (Диаграмма – 1).

Сиырларды дене бітімі бойынша сүтті және сүтті-етті бағыттағы деп ажыратуға болады. Егер симментал тұқымының сиырларымен салыстыратын болсақ І сауын маусымындағы сиырлардың сүті 7%-ға жоғары, ал тірі салмағы 10%-ға төмен болып келген. ІІІ сауын маусымы және одан жоғары сиырлардың сүті 10%-ға жоғары, тірі салмағы 6%-ға төмен болып өзгерген. Майылылығы 3,82-3,88% аралығында [4].

3-кесте. Тұқымдылығы әртүрлі симментал сиырларының сүт өнімділігі мен тірі салмағы

№	Тұқымдылығы	Мал басы	Сүттілігі, кг	Май		Тірі салмағы, кг
				%	кг	
1	Симментал	10	4503	3,97	176,8	541
2	І ұрпақ	10	4835	3,82	186,5	491
3	ІІ ұрпақ	10	4993	3,88	195,3	512

1-диаграмма.



Қорытынды. Қорыта келсек симментал тұқымды сиырларын голштин бұқаларының ұрығымен ұрықтандырғанда алынған II ұрпақ сиырларда сүттілігі жоғары көрсеткіште болғанымен майлылығы төмендеген, ал май мөлшері (кг) сүттіліктің жоғарлауына байланысты көбейгендігі байқалған.

Әдебиеттер

1. Төреханов А.Ә., Каримов Ж.К., Дәленов Ш.Д. «Ірі қара шаруашылығы», - Триумф "Т" Алматы, 2006. 8-9 бет.
2. «Маяк» шаруа қожалығының (2014-2015) жылғы симментал тұқымына жататын малдарды банитировкалау мәліметтері.
3. Методика «Проведения линейной оценки экстерьера и классификация молочного скота по типу телосложения», - Астана, 2014.
4. Методика «Индексной оценки скота молочного направления продуктивности», - Астана, 2014.

РЕЗУЛЬТАТЫ ПРОДУКТИВНОСТИ СИММЕНТАЛЬСКОЙ ПОРОДЫ КОРОВ И ПОТОМСТЕЙ

А.М.Нусупов, Б.Ж.Кожебаев, Ж.З.Қорабаев, Б.С.Ахметова

В настоящей статье приведены результаты молочной продуктивности симментальской породы коров при осеменении спермиями голштинских быков.

THE RESULTS OF THE PRODUCTIVITY OF COWS AND OFFSPRING SIMMENTAL

A.M.Nusupov, B.J.Kozhebaev, J.Z.Korabaev, B.S.Akhmetova

This article presents the results of milk production of cows Simmental when sperm inseminated Holstein bulls.

ӘОЖ: 619:616.98:579.852.11-036(574.25)

Ш.А.Тастемирова, Е.О.Омарбеков, А.Н. Байғазанов

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік Университеті

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА ТОПАЛАҢ ИНДЕТІНІҢ ЭПИЗООТОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аннотация: Бұл мақалада Павлодар облысында топалаң індетінің эпизоотологиялық жағдайы туралы сипаттама берілген.

Түйін сөздер: топалаң, стационарлық сау емес аймақ, індет ошағы, координаттар

Топалаң (*Anthrax*, сибирская язва) – жіті өтетін, өлі тиіп, күйдіргі тектес қабыну ретінде байқалатын жұқпалы ауру. Бұл ауру малдың әр түлігінде өзінше аталып келеді. Кей әдебиеттерде, топалаң атауы негізінде қой мен ешкіге тән делінген. Жылқыда – жамандат, талақ немесе қарабез, сиырда – қарасан немесе қарабез (қарасан қазіргі көзқарас бойынша басқа дербес ауру), түйеде – шелек немесе ақ шелек, адамда күйдіргі немесе түйнеме деп берілсе [1], басқа әдебиетте сиырдағы атауы қараталақ делінген [2].

Топалаң қоздырушысын Германияда Поллендер (1849), Францияда Райне мен Давен (1850) өлген малдың қанынан тапты. Бұл микробтың қоректік ортадағы таза өсіндісін 1876ж Р.Кох бөліп алды да, оның спора түзетіндігін анықтады [1]. Спора әр түрлі химиялық заттар мен физикалық құбылыстарға аса төзімді, тіпті ол тікелей түскен күн сәулесінен 4 күнге дейін өлмей, тіршілігін сақтайды, қайнаған суда 45-60 минутқа, 140 градусқа дейін қызған ауада 3 сағатқа, 1 пайыз формалин мен 10 пайыз күйдіргіш натрий ерітіндісінде 2 сағатқа дейін төзімді. Ол тұздалған теріде де тіршілік ете береді.

С. С. Андреевский 1786—1789 жж. Бұл аурудың адамдарға және жануарларға жұғымтал екенін анықтап, бұл ауруға «сібір жарасы» деген ат берді.

Топалаңды зерттеуде П.Г.Васильев [10], Л.С.Ценковский, И.И. Мечников, Н.Ф.Гамалея, А.А. Владимиров және басқа ғалымдар үлес қосқан [2]. Сонымен қатар отандық Айтжанов Б.Д. [7], Ахметсадықов Н.Н., Сайдуллин Т., Шушаев Б.Х. [9], Сарымсақов Е. [8] атты ғалымдарымыз да осы топалаң ауруын зерттеген.

Ауру біздің дәуірімізден көп бұрын белгілі. Ертедегі араб дәрігерлері «парсы күйдіргісі», ал грек және рим ғалымдары «текті күйдіргі» деп атаған. Орта ғасырларда топалаң қырғын індет ретінде көптеген Еуропа және Азия елдерінде байқалып тұрды. Ресейде аурудың «сибирская язва» аталуы Сібірде қызмет еткен дәрігерлер А.Эшке және Н.Ножевшиков (1758) адам мен малда осы дерттің ғылыми сипаттамасын беруіне байланысты болған.

Сонымен қатар бұл ауру Орта Азия, әсіресе Қазақстанда да малдардың көптеп шығын болуына себеп болған. ШҚО Үржар ауданы бойынша соңғы 10 жыл ішінде адамдардың және ауылшаруашылық мал арасында сібір жарасы тіркелмеген, соңғы 2001 жылы адамдар арасында сібір жарасы, терілік форма диагнозымен 2 науқас тіркелген (екінші науқас эпидемиологпен белсенді анықталған) [3].

В республике происходит «старение населения», которое, как правило, сопровождается увеличением демографической нагрузки на трудоспособное население, а также ростом зависимости пожилых людей от экономически и социально активного населения. Доля населения в возрасте 65 лет и старше увеличилась с 6,7% в 1999г. до 7,4% в 2015 году. В некоторой степени это связано с наличием ярко выраженных «демографических волн» в возрастной структуре населения. Как считают эксперты, в Казахстане отсутствует государственная политика в отношении пожилых людей, соответствующая законодательная и институциональная база. [3]

Ярко выраженный гендерный дисбаланс возрастной структуры можно объяснить еще и тем, что в республике мужская смертность превышает женскую. Это преобладание начинается в молодом возрасте: например, в возрастной группе 15–19 лет – в 2 раза, а в 25–29 лет – в 3 раза из-за повышенной смертности от несчастных случаев, а в старшем возрасте – за счет большой смертности мужчин от сердечно-сосудистых заболеваний. [3]

Диспропорция половой структуры в республике начинает складываться уже в возрасте 26 лет и старше. В старших возрастах удельный вес женщин значительно опережает долю мужчин: в 65-69 лет - в 1,5 раза, 75-79 лет - в 2,1 раза и 85 лет и старше - в 3,6 раза. [4] Наблюдающаяся половая диспропорция сложилась по причине высокой смертности мужчин по сравнению со смертностью женщин. На первую половину 1990-х гг. пришлось второе «эхо войны», когда малочисленное поколение детей также малочисленного поколения людей, родившихся в годы Великой Отечественной войны, вступило в фертильный возраст. По мнению Ю.К.Шокаманова, на уровень воспроизводства населения в 1990-х гг. повлиял также кризис переходных годов на постсоветском пространстве, когда появились ранее не наблюдавшиеся гиперинфляция, масштабная безработица, «падение» систем здравоохранения, соцобеспечения. Теперь последствия второго «эха войны» и кризиса рождаемости этого периода согласно прогнозам отзовутся ответной волной после 2015 г., когда это малочисленное поколение достигнет репродуктивной стадии развития. [5, с.142]

Когда разрыв длительности жизни различных возрастных групп внутри населения принимает угрожающий характер и приводит к росту числа недожитых лет, то есть количества лет, на которое существует реальная возможность продления жизни, проблема является актуальной.

В настоящее время общий коэффициент смертности остается на высоком уровне, и при прочих других обстоятельствах, обуславливающих такой уровень смертности, доминирующую роль сыграло старение населения, то есть увеличение в составе населения лиц старшего возраста, смертность среди которых выше. [3] В 1991-2008гг. в республике умерло 2765,3 тысяч человек. Следует отметить, что «пик» смертности приходился на 1995 г. (168,7 тысяч). Уровень смертности населения на 1000 человек после этого снизился с 10,7 умерших в 1995г. до 9,9 - в 1999 г., а затем с небольшими колебаниями в сторону увеличения и снижения к 2008г. вновь достиг величины 9,9 умерших. [5, с.143] К 2015 году данный показатель составил 7,57.

Агентство РК по делам здравоохранения (АДЗ) и Агентство РК по статистике (АС) до 2008г. регистрировало данные по живорождениям и младенческой смертности, следуя критериям, установленным в Советском Союзе, а не рекомендованных Всемирной Организацией здравоохранения (ВОЗ), согласно которым, беременность, завершившаяся при сроке менее 28 недель, классифицировалась как поздний выкидыш (даже при наличии признаков жизни в момент родов). Только в случае выживания преждевременно родившегося ребенка в течение 7 дней, он рассматривался как живорожденный. Исход беременности, завершившийся в 28 и более недель, классифицировался как живорождение при наличии дыхания, и как мертворождение – при отсутствии дыхания. В свою очередь, роды, завершившиеся рождением живого ребенка, при наличии любого признака жизни (дыхание, сердцебиение или произвольное сокращение мышц) ВОЗ классифицировала как живорождение, независимо от гестационного срока в момент завершения беременности; это касается и беременностей, завершившихся при сроке 28 недель и более. В 2008 году после перехода республики на ВОЗовские критерии младенческая смертность увеличилась в 1,5 и более раза. Согласно новому отчету межведомственной группы ООН в 2014 году данный коэффициент составил 14,6ү. Высокими остаются риски в смертности младенцев.

Высокая смертность населения приводит к тому, что значительная часть, как мужчин, так и женщин умирает в молодом или зрелом возрасте. По расчетам Ю.К.Шокаманова из числа 25-летних мужчин не доживает до 50 лет почти каждый пятый, до пенсионного возраста (63 года) - 45%, до 65 лет – каждый второй. Из числа 25-летних женщин не доживает до 50 лет каждая пятнадцатая, до возраста (58 лет) - каждая восьмая, до 65 лет - каждая четвертая. Сверхсмертность мужчин в молодом возрасте приводит к тому, что их численность уже с 26-летнего возраста становится меньше численности женщин, что приводит к тому, что к моменту вступления в брак ощущается недостаток мужчин. В результате значительная часть населения в возрасте после 30 лет все еще не находится в браке. Так, по данным переписи населения 1999 года среди населения в возрасте 30-34 года 14,1% никогда не состояли в браке. Сверхсмертность мужчин приводит к тому, что из числа 30-летних мужчин не доживает до 50 лет почти каждый пятый. В результате растет число вдов и детей, оставшихся без отца. В свою очередь это приводит к недостатку доходов в семье и сокращающимся возможностям в области получения образования, что увеличивает риск оказаться безработным. В конечном итоге сокращаются возможности развития человеческого потенциала супруги и детей и в других сферах - здоровье, жилищных условиях и т.д. [5,с.143]. Таким образом, одна из негативных тенденций, устоявшихся в этот период, является высокая смертность населения, особенно трудоспособного возраста.

Общий коэффициент рождаемости населения в целом по стране в 2008 г. на 1000 человек составил 22,9 родившихся, в 2015 году – 23,13. Суммарный коэффициент рождаемости (СКР), показывающий, сколько в среднем детей родила бы одна женщина на протяжении всего продуктивного периода (в возрасте 15-49 лет) возрос с 1,8 в 1999г. до 2,68 в 2008 году и 2,76 в 2015 году.

Фактически он вырос за 15 лет в 1,5 раза, улучшив систему показателей демографической безопасности. Основной причиной роста рождаемости служит, по мнению авторов, эволюция этнического состава населения Казахстана, растущий удельный вес в населении казахов, узбеков и уйгур, сохранивших более высокие репродуктивные установки.

Кардинально изменилась и миграционная ситуация в этот период. Произошел резкий спад эмиграции населения. Из миграционного донора Казахстан в 2004 году превратился в реципиента (таблица 1). В 2007 году наметилась тенденция сокращения положительного сальдо внешней миграции, при этом более весомый вклад в ее становление вносит уменьшающаяся иммиграция.

На эволюцию иммиграции в 2000-е годы наибольшее влияние оказывают потоки из Узбекистана, Монголии, Туркменистана, Киргизии. Эмиграцию, как и ранее, определяет Россия. Роль Германии в миграционных процессах сведена в настоящее время к минимуму. Миграционные потоки, по-прежнему, этнически выражены: тенденции иммиграции определяют казахи, эмиграции – русские. В последние годы иммиграционная активность казахов уменьшилась, менее интенсивной становится и эмиграция русских [1].

Таким образом, значение внешней миграции сократилось, но внутренней существенно возросло. В настоящее время миграционная активность населения Казахстана реализуется, в основном, во внутренней миграции.

Тенденции межрегиональной миграции сохраняются многие годы: население стремится, как правило, в Астану и Алматы. Положительное сальдо межобластной миграции в Карагандинской области объясняется относительной близостью (около 250 км.) г. Караганда к столице. Мангистауская область привлекательна как для граждан Казахстана, так и для мигрантов из-за пределов государства в силу нефтедобывающей специфики данной области [1].

Таким образом, в 2000-2015 годах демографические процессы в Республике Казахстан демонстрировали положительную динамику, характеризовались как положительными, так и отрицательными тенденциями.

Можно выделить факторы, которые способствовали «демографическому ускорению», произошедшего на фоне социально-экономической стабилизации (выплата пособий и т.п.) и реализованной демографической политики государства:

Ø сохранение благоприятной возрастной структуры населения. В репродуктивном возрасте все еще находится значительная группа населения (вторая волна от «демографического взрыва» казахов 1960-х гг.);

Ø изменение этнического состава населения. Доминирующим этносом становятся казахи. Количественные изменения этнического состава перешли в новое качество. Демографическая ситуация в государстве определяется уже представителями казахского этноса, сохраняющего более высокие репродуктивные установки;

Ø быстрая урбанизация казахов привела к переносу в города демографических установок, характерных для сельской местности. В результате растущего миграционного потока из села в город на фоне эмиграции европейского населения, рождаемость и естественный прирост в городах Казахстана выше, чем в селах (т.н. эффект «этнического замещения»);

Ø сохраняющаяся эмиграция уже почти не определяет сути демографических процессов. В то же время, иммиграционная политика государства начинает давать демографические результаты (рост рождаемости, увеличение количества многодетных семей). [1]

Однако в регионах ситуация существенно дифференцируется. Выделим две группы демографических регионов, согласно предложенной автором методике районирования. Первая группа с растущим населением (Юго-Западная этнодемографическая зона: Западно-Казахстанская, Актюбинская, Жамбылская и Алматинская; Южная этнодемографическая зона: Южно-Казахстанская, Атырауская, Кызылординская области и Западная этнодемографическая зона: Мангистауская область, а также столицы - гг. Астана и Алматы). Вторая группа с убывающим населением (Северо-Восточная этнодемографическая зона: Северо-Казахстанская, Костанайская, Акмолинская, Восточно-Казахстанская области; Центральная этнодемографическая зона: Павлодарская и Карагандинская области). [2, с.41]

Демографическим донором Казахстана являются южные области – в 1999-2010 годах они на 67,8% определяли динамику роста численности населения государства. В областях, входящих в «убывающую» группу в последние годы также наметились позитивные тенденции – динамика сокращения численности населения в 2010-2015 годы была на существенный порядок (в 9 раз) ниже, чем в 1999-2005 годах. Более того, в Центральной этнодемографической зоне численность населения начала увеличиваться (на 1,5% в 2005-2010 годах), однако пока не достигла уровня 1999 года. Данный процесс начался и в Северо-Восточной этнодемографической зоне. Влияние региональной дифференциации на динамику численности населения постепенно уменьшается. Можно предположить, что во втором десятилетии XXI века будет наблюдаться рост численности населения во всех регионах Казахстана.

На наш взгляд, положительная инерция вышеназванного сочетания факторов в состоянии определять демографические процессы еще около десяти лет и обеспечивать демографический потенциал и безопасность государства. В 20-е годы XXI века положительное воздействие возрастной структуры может сократиться, сельские мигранты постепенно адаптируются в городах (результатом чего всегда является снижение рождаемости), иссякнет эффект «этнического замещения». Некую «неопределенность» в демографические явления может вносить иммиграция этнических казахов, «привозящих» в Казахстан традиционные ценности из других государств. Но, в целом, в двадцатые годы XXI века период «демографического ускорения», вероятно, завершится. Развитие Республики Казахстан будет происходить на стабильной основе, но со своими демографическими рисками и угрозами.

ЛИТЕРАТУРА

1 Алексеенко А.Н., Аубакирова Ж.С., Сарсенбаева Г. Демографические успехи Казахстана. [Электрон. ресурс]. Демоскоп Weekly. №451-452. 24 января - 06 февраля 2011. URL:<http://www.demoscope.ru/weekly/2011/04> (дата обращения: 02.02.2016).

2 Аубакирова Ж.С. Воспроизводство населения Казахстана (этнорегиональный аспект). - Усть-Каменогорск: Либриус, 2010. - 190 с.

3 Булуктаев Ю.О. Процесс старения населения в Казахстане: вызовы и риски [Электрон. ресурс]. URL:<http://www.kisi.kz/ru/categories/politicheskaya-modernizaciya/posts/process-stareniya-naseleniya-v-kazahstane-vyzovy-i-risk> (дата обращения: 30.03.2016).

4 Отчет о человеческом развитии Казахстана - 2005. Старшее поколение: взгляд в будущее. Программа Развития ООН, Фонд народонаселения ООН. - Алматы, 2005.

5 Шокаманов Ю.К. Тенденции человеческого развития в Казахстане. - Алматы, 2001.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА ТРЕНДТЕР (2000-2015 жж.)
Ж.С.Аубакирова

Мақалада қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы демографиялық процесстердің зерттелуі нәтижелері ұсынылған. Жаңа оңды трендтер айқындалған: табиғи туу есебінен халық санының тұрақты өсуі (2012ж.), бала туудың өсуі, "қолайлы" адам жасының құрылымы, этникалық халық құрылымының эволюциясы (2015 жылда 70,5% халықтың қазақтар, өзбектер мен ұйғырлар құрады), сыртқы көші-қонның қысқартылуы. Сонымен қатар жағымсыз сипаттамалары көрсетілген: халық құрылымының жас мөлшерінің гендерлік теңгерімсіздігі, еңбекке қабілетті халықтың жоғары өлім-жітімі (әсіресе ерлер арасында), өмір сүре алмаған жастарын артуы, сәби өлімінің жоғаралуы, ішкі көші-қонның (Алматы және Астана қалалары бағытында қозғалыстың басым болуы) аймақтық диспропорциясы.

NEW TRENDS IN DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT of KAZAKHSTAN (2000-2015)
Zh.S. Aubakirova

The article presents the results of a study of demographic processes in Kazakhstan at the present stage. New positive trends were identified: a steady increase in population due to natural increase (since 2012), the increase in the birth rate, "favorable" age structure, the evolution of the ethnic structure of the population (in 2015 – 70,5% of the population were Kazakhs, Uzbeks and Uighurs), and reduction of external migration. At the same time negative characteristics were specified: gender imbalance in the age structure of the population, high mortality of employable population (especially male), the increase in the number of years of potential life lost, infant mortality, regional disparities in internal migration (predominant migration in the direction of Almaty and Astana).

ӘОЖ:958.4

Қ.Қ.Базарбаев, М.Е.Рустамбекова

Түркістан қаласының Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ТҮРКІСТАН ЖӘДИТШІЛЕРІНІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Аннотация: Мақалада Түркістан өлкесіндегі ағартушылықтың басты ерекшелігі халықтың ортағасырлық қараңғылықта қалуына себепкер болған ескіше білім беру жүйесіне және патша өкіметінің шовинистік басқыншылығына қарсылық жүйесі болып дүниеге келгендігі, Түркістандағы жәдитшілер ағартушылық идеяларды теориялық тұрғыда негіздеумен бірге оны нақты іске асыру жолы да кеңінен қарастырылған.

Түйін сөздер: Түркістан өлкесі, жәдидтік мектептер, ағартушылық идеясы, отарлық билік.

XIX ғ. аяғында Батыс Түркістан көлемінде жәдидтік мектептер сирек құбылыс болса, тек қана Түркістан өлкесінде түрікшілдік идеялардың кең тарауына әсер еткен жәдидтік мектептердің саны 1911 ж. 63-ке жетіп, оларда, 4106 оқушы оқыған. Олар: Сырдария облысында - 16 мектеп (1650 оқушы), Ферғанада - 30 (1436 оқушы), Самарқандта - 5 (195 оқушы) және Жетісуда - 12 (825 оқушы) мектеп болған [1, 58 б.].

Мұнауар қари педагогикалық қызмет атқара жүріп, «Тарих Қауым Түрки» (Түрік халқының шығуы, Қазан, 1911), «Тарих-и-исламия» (Мұсылмандықтың таралуы және оны таратушылар. Ташкент, 1912), «Тарих-амбио» (Мұсылмандықтың басталуы, Мұхаммедтің өмірі және оның өлімі. Ташкент, 1912), «Хаваж-діния» (Дәрет алу және намаз оқу тәртіптерімен танысу. Ташкент, 1912), «Адиб-Аввал» (Бірінші оқытушы), «Адиб-Сани» (Екінші оқытушы), «Усул-Хисаб» (Есеп-қисаб), «Тачвид» (Құранды дұрыс оқуға арналған ереже) сияқты бірқатар оқу құралдарын жарыққа шығарғандықтан да, патша өкіметі қауіпті адам деп тауып, оның әрбір әрекетін ТАКБ агенттері бақылап отырған.

Қазақ жаңашылдары А.Байтұрсынның («Оқу құралы», «Тіл құралы», «Тіл жұмсар», «Баяншы»), М.Дулатовтың («Есеп құралы», «Қирағат»), Ж.Аймауытовтың («Тәрбиеші жетекші»),

Х.Досмұхамедовтың («Қазақ халық әдебиеті», «Адамның тән тірлігі»), М.Жұмабаевтың («Педагогика», «Сауатты бол», «Бастауыш мектепте ана тілі») оқу құралдары жарық көрді. Қазақ жәдидшілері бастауыш мектеп мәселесіне көңіл бөліп, М.Нұрбаевтың «Қазақша әліппесі» (Уфа, 1910), З.Ерғалиевтың «Қазақ әліппесі» (Қазан, 1910) Қ.Қожықовтың «Қазақ әліппесі» (Орынбор 1912) оқу құралдары жарыққа шыққан. Қазақ даласында құрылған «Ағарту қоғамының» мәдени-ағартушылық рөлі өте зор болды. Бұл ұйым XIX ғ. соңына таман құрылып, Қазақстанның көпшілік қалаларында бөлімшелерін ашады [2, 268 б.].

Қазақ зиялыларының бір тобы (М.Ж.Көпеев, Ғ.Қараш, М.Қошманов, Ғ.Мұсағали және т.б) осы жәдиттік оқу орындарын (Қазан, Уфа қалаларындағы медреселер) тәмамдап, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты. Жәдидшілік құбылысы қазақ мәдениетінің рухани тәжірибесінде үлкен ізін қалдырады. Қазақ зиялыларының отаршылдыққа қарсы санасы жарқ етіп көрініс тапқан реформашыл либерал-демократтық сипаттағы бір тобы (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов, Ж.Ақбаев және т.б) бастапқыда «Қазақ» газетіне топтасып, кейіннен «Алаш» ұлттық қозғалысын басқарып, Алаш-Орда үкіметін құрды. Олар жалпыресейлік федерация құрамында қазақтардың теңқұқықтығын талап етіп, жерді басып алуды тоқтатуды, орыстандыру саясатына қарсы ұлттық-мәдени тиесілікті сақтауды ұран қылып көтерді [3, 128 б.].

Жәдиттік мектептердің дәстүрлі оқу орындарынан артықшылықтары онда білім алған оқушы бірнеше айда сауаттанып шығады, оның үстіне бұл мектептерде қазіргі заманғы арнайы сынып бөлмелері жабдықталып, географиялық карта, глобус, есепшот, карта, тақта және т.б. оқу құрал-жабдықтармен жарақталғандығында еді.

Отарлық билік ұлттық мектептерден, жәдиттік мектептердің де қызметінен отаршылыққа қарсы күресті күшейтеді деп қауіптеніп, ол мектептердің қызметін шектеуге ұмтылды. Әйтсе де, патша өкіметі өлкедегі халық ағарту саясатына түзету енгізуге мәжбүр болды. Отарлық әкімшілік ұлт мектептерін бақылауда ұстау мақсатында өлкелік оқу орындары басқармасының жанынан арнайы комиссия құрды. Комиссия ұсынысымен жаңа әдісті мектептерді басқару жөнінде жалпы ережелер қабылданды. Генерал-губернатор А.И. Семенов 1912 ж. 25 қаңтарда бекіткен ережеде Жалпы білім беретін жаңа әдіс мектептері халық училищелері инспекциясының рұқсатымен ашу, мектептердің құрылтайшылары болған қалалық, ауылдық қауымдарға ол мектептерде балаларды оқытуда жалпы мемлекеттік орыс тілін енгізу ұсынылсын» деген талаптар белгіленді [4].

Жәдитшілер саяси ұстанымдарында Ресейден бөлектенуге ұмтылған жоқ, мәселе - отаршылық бұғауын бұзудағы мұсылмандық ынтымақтастық туралы болып тұр. Ортаазиялық мұсылмандар үшін Ресейдің басқа аймақтарындағы және дүниежүзіндегі мұсылмандармен өздерінің рухани және мәдени тұрғыдан біртұтастығын сезінуде ислам факторы - олардың саяси сана сезімінің индикаторы болды.

Діндар отбасында туып, жоғары дәрежелі діни білім алған Махмудқожа Бехбуди ол 1899 ж. 25 жасында қажылық сапар жасап, Ресей қалаларында, Қырым жерінде, Иран, Түркия, Египет елдерінде болып, осы елдердегі халықтың қоғамдық-саяси жағдайымен танысады. Бұл жағдай оның Түркиядағы қоғамдық-саяси өзгерістерді жіті қадағалап, жастүріктер қозғалысының идеяларымен тікелей танысуына мүмкіндік берді. Ол жастүріктер қозғалысы өкілдерінің ізімен, жәдитшілік идеяларды тарату, насихаттау мақсатында «Самарқанд» газеті мен «Айна» журналын жарыққа шығарып, «Садойи Туркистон», «Садойи Фаргона», «Хуршид» газеттерінде өткір саяси әлеуметтік мәселелер көтерген мақалалар жариялап, Түркістанның жағдайымен салыстыра талдауға мүмкіндік алды. «Ойна» (Айна) журналының 15 санында жарияланған «Саяхат естеліктерінде» М.Бехбудидің саяси көзқарастары баяндалды. Алғашқы қажылық сапарынан мұсылман елдерінде де әлемдік өркениетпен үндес прогресс жасау үшін көп нәрсені өзгертуге, жетілдіруге болатындығына сеніммен оралды. Ол екінші рет 1903-1904 жж. Петербург, Мәскеу, Қазан, Орынбор қалалары және Қырым жеріне сапарға шығып осы сапарында Исмаил Гаспралымен танысты. Бұл таныстық оның қоғамды қайта құру жоспарына түзету енгізеді және осы жолға түпкілікті бағыттайды. Осы жолдағы ағартушылық қызметін Махмудқожа Бехбуди 1905 ж. Самарқанд облысының Кафтархона қыстағында жаңа әдісті мектеп ұйымдастырып, онда қырықтан астам шәкіртті тегін оқытудан бастады. Бехбудидің осы кезде жарық көрген мақалаларында өлкеде мектеп жұмысын реформалау жобасына көңілі толмай, оны одан әрі жетілдіруге деген ұмтылысты аңғаруға болады.

Осындай идеялардың жетегімен 1914 ж. екінші рет қажылық сапарға шығып, бұл жолы Түркия, Египет және басқа да елдерде сегіз ай болады. Оның бұл жолғы қажылық сапары оның ағартушылық және саяси көзқарастарын қалыптасуы тұрғысында аса жемісті болды. Өлке жәдитшілері арасында Түркиямен тікелей байланыста болып, жастүріктер идеясының ықпалына

тартылған санаулы тұлғалардың бірі болған Бехбудидің Түркістанның саяси жағдайына көзқарасын өз халқының прогресін тек ағартушылықпен, оның саяси статусын түбірімен өзгерту және тәуелсіздік алуымен байланыстырғандығынан танымыз. Ол мақалаларында, саяси қызметінде отарлық саясатты әшкереледі және Уақытша үкіметті, оның заңдарын аяусыз сынға алды.

Ағартушылық өзінің көптеген идеясы бойынша жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделгендіктен қандай қоғамда, қандай мемлекетте болса да мақсаттарының ортақтығымен ерекшеленеді. Ал жекелеген аймақтардың, мемлекеттердің қоғамдық-саяси, әлеуметтік және мәдени дамуындағы ерекшеліктерге байланысты мазмұны бойынша түрленеді. Осы тұрғыда алып қарағанда Түркістан өлкесіндегі ағартушылықтың басты ерекшелігі халықтың ортағасырлық қараңғылықта қалуына себепкер болған ескіше білім беру жүйесіне және патша өкіметінің шовинистік басқыншылығына қарсылық жүйесі болып дүниеге келгендігін атап айтуға болады. Бұл екі фактор Түркістанда ағартушылықтың саяси қозғалысқа ұласуына тікелей ықпал жасады.

Алғашқы жәдиттік мектептерді 1898 ж. Қоқан қаласында Салохаддин домла ашқан болатын, 1889 ж. бұл бастаманы Ташкентте Маннан қары, Андижанда Шамшидин домла жалғастырды. 1911 ж. Түркістанда жаңа тәсілді мектептер саны 63-ке, онда оқитын оқушылар саны 4106-ға жетті. Соның ішінде Жетісу облысында 5 мектеп жұмыс істеді [5, с.12]. Бұл мектептердің басты артықшылығы – олар толық мәндегі еуропалық мектептерге лайық болмағанмен, онда тақта, парта, глобус сияқты қазіргі заманғы құрал жабдықтар орын алды. Ең бастысы ескі мектептермен салыстырғанда балалар 40 күн ішінде сауаттанып шығуына мүмкіндік беретін оқыту тәсілінде еді. Қарапайым сауат ашудың осындай қолжетімдігін ұсынуы жәдиттік мектептерді халықтың арасына кеңіне танымал етті.

Отарлық биліктің әкімшілігі еділбойынан Түркістанға келіп, ағартушылықпен айналысатын осы жастарға «пантүркизм» мен «панисламизм» идеяларын таратушы деген күдікпен оқытушылық қызметпен айналысуларына тыйым салды.

Жәдиттік мектептерге «қадимшілердің» - дәстүрлі оқыту жүйелік қолдаушылардың өршелене қарсы тұруының басты себебі, онда сабақ араб тілімен бірге өзбек, қазақ, тәжік, тілдерінде жүргізілгендігінде еді. Тіпті кейбір мектептерде орыс тілі жеке пән ретінде оқытыла бастады. Мунауар Қарының жәдитшілік қозғалыстағы рөлі оқытушылықпен шектелген жоқ. Ол жаңа мектептер ашып, кітаптар мен оқулықтар жазды. Шетелде оқитын жастарға көмек көрсетті. Оның философиялық және педагогикалық ойлары мен идеяларын іске асыруға құрылды. 1907 ж. өзінде ол «Адиби аввал» («Алғашқы мұғалім»), «Адиби сони» («Екінші мұғалім»), «Ер юзи» («География»), «Хавоййжи диния» («Дін ережелері») кітаптарын жарыққа шығарды.

Жәдишілердің ағартушылық идеяларының қалыптасуына Ресейдің өзге өңірлерінен келген ағартушылардың да ықпал-әсері болғаны сөзсіз. Айталық, 1905 ж. Ташкент қаласына Бүкілресей мұсылмандары Орталық комитеті бюросының мүшесі Абдурашит Ибрагимов келіп жұмыс жүргізген. Сол сияқты 1908 ж. Каирге кетіп бара жатқан сапарында жәдитшіліктің негізін қалаушы, М.Бехбудидің ұстазы әрі досы Исмаил Гаспыралы самарқандық жаңа тәсілді мектептердің жұмысымен танысқан болса, 1910 ж. белгілі татар жәдитшісі Садри Максуди Түркістан өлкесін түгел аралап шықты [6, с. 40].

Түркістан жәдитшілерінің арасында этникалық, конфессиялық мәселелерге де баса мән берілді. Содан да өлкедегі осы мәселелерді реттеу, оның болашақ даму бағыттарын айқындауда жәдитшілер жастүріктер мен Египет реформаларының ізімен ұлттық даралықты және ерекшеліктерді сақтай отырып, еуропалықтардың саяси тәжірибесіне сүйену қажеттілігін сезінді. Осылайша жәдиттер әлеуметтік құрылым қағидаларының үлгілерімен арақатынасын салыстыруға мүмкіндік алды. Конституциялық монархияны, шарифат қағидаларын жергілікті басқаруға ішінара қолданудан исламдық нормалар мен халықтық-демократиялық құрылыстың қатар өмір сүруіне дейінгі таңдау [7] өлкедегі саяси-әлеуметтік дамудың болашағын ойлаған әрбір ұлт патриотын толғандырды.

Ұлт мәселесі жәдитшілердің бағдарламаларында барлық этностың бірлігі шеңберінде қарастырады. Бұл ұғым тым тұрпайы көрінгенімен олардың ұлттық санасы этникалық өзін-өзі тануды «миллат», «мұсылмандар», «түркістандықтар», «тұрандықтар» деп қабылдады. Айталық, «миллат» ұғымы Түркістан, Бұхара және Хиуа хандығын мекендеген түркі және ирантілді халықтарды танытса, «мұсылман» ұғымы барлық діндестерге арналғандықтан діни ұғыммен шектелмей Түркістанды мекендеген түрлі және ирантілді халықтарды топтастырады. Жәдитшілер мұсылмандық бірлік жөнінде сөз еткенде діни емес, этникалық бірлікті алға тартты. М.Бехбуди «орыстар», «еврейлер» деген этникалық терминдермен қатар «мұсылман» терминін қолданды [8, б. б.].

Отарлық биліктің саяси терминологиясында «мұсылман термині» «христиан» деген сияқты діни сипатты білдіруге қолданылса жәдитшілердің күш салуымен діни сипаттағы «мұсылман ұғымы» этникалық ұғымға трансформацияланды. Негізінде, отаршылдыққа қарсы күрес жүргізудің басты құралы ретінде саяси идеялармен ілгерішіл күштердің топтасуы этникалық бірлікке алып келді.

Этникалық негіздегі бұндай топтасу жолы татар жәдитшілеріне де тән. Д.М.Исхаков ХІХ ғ. ортасына дейін татарлардың этникалық өзін-өзі тануы «мұсылман» деген ұғыммен бүркемеленіп келді [9] деп жазады. Американдық зерттеуші Шамил Оғлы Улидің жазуы бойынша орыстар тарапынан қорлау түрінде аталғандықтан да татарлар өздерінің мұсылман деп атағанды артық көрген.

Ортағасырлық жәдитшілердің түркілік бірлік идеясы жаңа емес еді және ол өлкенің шеңберінен әлдеқашан шығып кеткен болатын. Бұған әсіресе ресейлік жәдитшілердің, соның ішінде татарлардың ықпалы күшті болды.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына Ирандағы (1905-1911 жж.) конституциялық қозғалыс, Индиядағы (1905-1908 жж.) отарлыққа қарсы бой көтерулер, Түркиядағы (1908 ж) революциялардың белгілі бір ықпалы болғанымен түркістандық жәдитшілер жалпытүркітік немесе жалпымұсылмандық мемлекет құруды мақсат тұтқан жоқ. Бұл жердегі бірігу, бірлік ұраны патшаның өкіметінің билігіне, отаршылыққа қарсы сипат алып, рухани-адамгершілік мазмұннан асқан жоқ. Демек, түркілік, мұсылмандық бірлік идеясы саяси ұранға айналғанымен этникалық, діни біртекті мемлекет құру мақсатына ұласқан жоқ.

Бехбуди мақалаларында мектеп реформасын одан әрі жетілдіруге деген ұмтылыс байқалады. 1914 ж. Түркия, Египет және басқа да елдерде сегіз ай болған оның қажылық сапары интеллектуалды тұрғыда аса жемісті болған. Ол осы сапарында Исмаил Гаспыралымен танысады. Исмаил Гаспыралының жаңа қоғамдық-философиялық идеялары Түркістанға кеңінен таралғандығы белгілі. Гаспыралының қаза болғанына қатты қайғырған Бехбуди «Ойна» журналында 1914 ж. 49 санында былай деп жазады. «Мен Ыстанбулда ұстазбен кездесемін және әңгімелесемін деп ойлаған жоқпын. Аллахтың бұйрығымен ұстазбен 7 сағат бойы әңгімелескенде алған қанағаттанғандық сезімдерім мен әсерлерімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Мен әлі күнге дейін осы керемет рахат сезімдердің тұмшалауындамын» [10].

Мұнауар Қары алғашқы кезде Ташкентте Осман дамулланың мектебінде, кейін Ташкенттегі Юнусхан медресесінде оқыған, 1898 ж. Бухара медресесінде діни білім алды. Ташкентке оралған соң Дархан мешітінде имам болып та қызмет істеді. Дербес саяси қызметінде сол кездегі жаңа қалыптасып келе жатқан прогресшіл-патриоттардың (жәдиттер) қозғалысына белсене араласып, аз уақытта оның жетекшілерінің біріне айналды.

И.Гаспыралының мектепте білім беру жүйесін реформалау және халықты прогресс жолына бастау жөніндегі идеяларын толығымен қуаттаған Мұнауар Қары өз өмірін осы идеяларды Түркістанда іске асыруға арнады. Мұнауар Қарының Түркия прогресшілерімен байланысына қатысты мынадай деректерге назар аударуға болады. Ол өлкеде жәдиттік мектептер ашып, оның кең жүйесін қалыптастыруымен бірге үздік шәкірттерінің шетелде білімін жалғастыруына көмек көрсеткен. Соның ішінде Түркияға оқуға жіберу, шәкірттерге материалдық қолдау көрсетуді ұйымдастыруға басшылық жасаған.

1917 ж. Қазан төңкерісінен соң белсенді саяси қызметтен шеттеген Мұнауар Қары кейінгі өмірін ағарту саласына арнағанмен тоталитарлық биліктің саяси қуғын-сүргінінен құтыла алмады. 1929 ж. 51 жасында бұрынғы жәдитшілер тобымен бірге (барлығы 78 адам) тұтқынға алынып, ұзақ уақыт тергеуде болды. ҰҚК архивтерінде оның ісі «Мұнауар Қары және басқалар» деген атпен сақталған.

Түркістан жәдитшілерінің көрнекті өкілдерінің бірі Абдурауф Фитрат (1886-1938) ғалым, жазушы, Бұхар жәдитшілерінің идеологы және көсемі. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен соң Бұхара әмірлігінде құрылған жасбұхарлықтар ұйымы Орталық комитетінде хатшы болып қызмет істеген. Бұхара мемлекетінде ортағасырлық деспотизмнің орнына европалық үлгідегі түбірлі мәдени және экономикалық өзгерістер енгізетін білімді монархия орнатуға байланысты реформа жобасының авторы болды. Фитраттың басшылығымен дайындалған Бұхара әмірлігінде іске асыруға тиіс реформаның жобасында жастүріктер реформаларымен сабақтастық айқын аңғарылады.

1920 ж. Әмір билігі жойылған соң Фитрат Бұхара үкіметінде уақыттық басқарманың меңгерушісі, сыртқы істер және ағарту нәзірі (министрі) қызметтерінде болды. 1923 ж. ол қызмет бабын асыра пайдаланды деген айыппен саясаттан шеттетіліп, біржолата ғылыми және ағартушылық қызметпен айналысты. 1938 ж. тұтқынға алынып атылды. Бехбудидің Түркістанның саяси жағдайына көзқарасында халқының прогресін ағартушылықпен, оның саяси статусын түбірімен өзгерту және

тәуелсіздік алуымен байланыстырды. Мақалаларында патша өкіметінің отарлық саясатын әшкерелеп Уақытша үкіметті, оның заңдарын аяусыз сынға алды. Тәуелсіздікке күрессіз қол жеткізу мүмкін еместігін жақсы түсініп, «Ақиқаттың баяны» «Құқықты жеңіп алу керек, оны ешкім бермейді, әр ұлттың халқы және оның елі өз құқықтарына саяси әрекетпен топтасу арқылы қол жеткізеді... Біз, мұсылмандар, әсіресе Түркістан мұсылмандары біздің дінімізді және ұлтымызды ешкімнің шектемеуін, қысым жасамауын қалаймыз, өзгелердің тәуелсіздігіне қауіп төндіретін біздің ниетіміз де, ықыласымыз да жоқ» [11] деп жазды.

Осы тұжырым арқылы ол «Еркіндік берілмейді, оны іздеп табу керек» [12] деген Мұнауар Қарының пікірін қуаттап отыр. Әйтсе де Мұнауар Қарының еркіндікті қанмен, құрбандықтармен алуға болады деген пікірін қуаттамайды. Бехбуди де өзге жәдитшілер сияқты отаршылықпен қантөгіссіз күресті жақтап, революция атаулыға қарсы болды. Мемлекеттік Дума қызметін мұқият қадағалай отырып, парламенттік күрес арқылы көп жетістікке жетуге болады деген автономиялық қозғалыстың жақтаушысы болғанымен прогреске жетудің эволюциялық жолын бәрінен жоғары қойғаны сонша Ресейдің құрамында болса да Түркістан дербестікке қол жеткізе алады деп сенді.

Ақпан төңкерісінен кейінгі съездерде өлкенің мемлекеттік құрылымы туралы өрбіген пікірталаста Бехбуди болашақ федеративті Ресей құрамындағы Түркістанды «Ташкентте Түркістанның бес уалаятының әр қаласы мен уезінен бірнеше адамнан сайланған Орталық және Мәжіліс болады, олар заң шығару және заңның орындалуы, барлық салық төлеу үдерістерімен айналысады. Бұл Мәжіліс орыс үкіметі мен мұсылмандар арасында дәнекер болады... Әрине, өкілдер мен депутаттардың көпшілігі мұсылмандар, азшылығы орыстар болуы тиіс, ал іс бұйрық немесе күштеу тәсілдерімен емес, келісіммен орындалуы қажет» [13, 4 б.] деген саяси көрегендік ұсыныстар жасайды. Оның бұл ұсыныстарынан жастүріктердің көпұлтты Осман империясында парламент жасақтауға өзге ұлттарды да қатыстыру қажеттігі жөніндегі идеялармен сабақтастығының орын алғанын көреміз, Бехбудидің бұл идеялары 1917 ж. 12-14 шілдеде Скобелев (*қазіргі Маргелан қаласы*) қаласында «Түрк Адами марказияти» (Түрік федералистері) партиясы қабылдаған «Автономия жобасы» деп аталған бағдарламалық құжатта одан әрі өріс алды. Бұл құжаттың дайындалуы жөнінде М.Шоқай: «Ұлттық орталық» Шаислам Шахметбекке Түркістан автономиясына қажетті материал дайындап, ұсынуды тапсырды. Бұл жұмыста оған Махмудқожа Бехбуди мырза, Убайдулла Қожа және мен көмектестім» деп атап көрсетеді.

Бехбуди Бүкілресейлік мұсылмандық қозғалыстың идеяларына сенгендіктен және оның ұстанымдарын жан сала қорғағандықтан да бұл құжатта Ресейдің федерациялық мемлекеттік құрылымында Түркістанның автономиялық дербестік алуына жете көңіл бөлінді. Сондықтан да Бехбуди осы құжат арқылы «Ресейден қол үзбей-ақ ресейлік мұсылмандар федерацияға қол жеткізуі тиіс, әсіресе, бізге түркістандық мұсылмандарға ең алдымен «қадимшылар» мен «жәдитердің» теке-тіресінен бас тартып, біртұтас одақ құруым қажет» деп отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресте саяси бірлік керектігін насихаттады. Бехбуди ұлт-азаттық қозғалысты діндік, этникалық негізде жікке бөлу күресті әлсірететіндігін жақсы біліп, бүкіл Түркістанды біріктіру ешқандай қантөгіске жол бермейді, жер мен мүлік бөліске түспейді, нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық прогреске жетелейтін әлеуметтік сілкіністерге жол бермейді деп сенді.

Қорыта айтқанда, Түркістан өлкесіндегі мәдени ағартушылық өз дамуы барысында саяси ағартушылыққа ұласқандығы аңғарылады. Саяси ағартушылық отарлық билікке қарсы күрестің дәлелдерін негіздеумен бірге осы саяси күрестің тәсілдерін таңдауға ықпал жасауы арқылы Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының стратегиясын айқындап бере алды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шілдебай С.Қ. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. - Алматы: Ғылым, 2002. - 214 б.
2. Sarrou A. La jeune Turquie et la revolution. - Paris, 1912. - 268 p.
3. Нұрмұратов С.Е., Нұрланова Қ.Ш., Әлжан Қ.Ұ., Сатершинов Б.М. Ұлттық идея және қазақ философиясы. - Алматы: КИЦИФип, 2010. - 240 б.
4. Қозыбаев М. Ғұмырнамалық жанрын зерттеу мәселелері // Қазақ елі. – 1996, желтоқсан - 27 б.
5. Алимова Д.А. История как история, история как наук. –Ташкент, 2009. -656 с.
6. Агзамходжаев С.С. Туркистон Мухторияти: борьба за свободу и независимость (1917-1918 гг.): автореф. ... докт. ист. наук. - Ташкент, 1996. -60 с.

7. Прилуцкий Е.А. Запад и Восток в философских и теоретических концепциях джадидов // Жадидчилик: ислохот, янгиланиш, мустақиллик ва тараққиёт учун кураш. - Тошкент: Университет, 1999. - С. 35-52.
8. Бехбуди М. Баёни хақиқат // «Улуғ Туркистон» газетаси. - 1917, июнь 12. - № 80.
9. Shamilogly Uli. The formation of Tatar historical consiosness: Sihatndolin Marcasianal image of the Golden Horde // Central Asia surver . - 1990. - Vol. 9, № 2.- P. 24.
10. Турдиев Шералы. Исмайл Гаспыралы ва Туркистон // Узбекистон адабиати ва санъати. – 1991, май 15.
11. Бехбуди М. Марказий шурамизда // «Хуррият». – 1917, июль - 3.
12. Мунаввар Қори. Хуррият берилмас, олинур // Наджд. - 1917, март 26.
13. Бехбуди М. Баёни хақиқат // «Улуғ Туркистон» газетаси. - 1917, июнь 12. - № 80.

**НАЦИОНАЛЬНЫЙ ВОПРОС И ФОРМИРОВАНИЕ ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИЕ ИДЕИ
ТУРКЕСТАНСКИХ ДЖАДИДОВ
К.К.Базарбаев, М.Е.Рустамбекова**

Аннотация: В статье рассматривается главная особенность процесса просвещения в Туркестане - это просветительские идеи джадидизма ставшие основой для борьбы со старой системой образования послужившей причиной пребывания народа в средневековой темноте, и с противостоявшие шовинисткому давлению царского правительства в Туркестане

**NATIONAL QUESTION AND FORMATION OF EDUCATIONAL IDEAS
OF TURKESTAN JADIDS
K.Bazarbayev, M.E.Rustembekova**

Abstract: The article deals with the main feature of educational process in Turkestan. Jadidism is educational ideas which became the basic theme for the struggle against the old educational system was used as a reason of being people in the medieval darkness, and opposing chauvinistic pressure of the tsarist government in Turkestan.

ӘОЖ 316.4.063.7..94(574).082.

С.У.Бақторазов

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

**РЕСПУБЛИКАНЫҢ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ПАРТИЯ ЖӘНЕ
КЕҢЕС БАСШЫЛЫҒЫН ДИСКРЕДИТАЦИЯЛАУ КАМПАНИЯСЫ
(өңірде репрессияға ұшыраған семейліктер хақында)**

Жаппай саяси ререссиялар кезеңінің объективтілік мазмұны жеке адамдардың тағдырларын жіті қарастырмай толық бола алмайды.

Автор деректемелік негізде жаппай және кең ауқымды жазалау шараларының басталуына белгі ретінде БК(б)П ОК-нің 1937 жылдың 2 шілдесіндегі шешімі мен осыдан кейінгі, шұғыл түрдегі Ішкі істер Халкомы Н.Ежовтың қолы қойылған №00447 бұйрықты айта отырып, бұл арқылы 268950 адамды репрессияға ұшыратып, оның 75950-ін ату жазасына кесу көзделінгендігін, ОҚО бойынша бірінші категориямен 150 адам ең жоғарғы жазаға кесіліп, екінші категориядағылардың саны 300 адам болып белгіленсе, солардың ішінде 16 семейліктердің де болғандығын нақты көрсетеді.

Тірек сөздер: күстаналау, БК(б)П, Ішкі істер Халкомы, Оңтүстік Қазақстан облысы, айыптылық презумпциясы, шығысқазақстандықтар.

КСРО-да жаппай саяси қуғын-сүргінге көшу бағыты оның ішкі және сыртқы саяси жағдайларының ерекшеліктерін айқындайтын бірнеше факторлардың салдары негізінде жүзеге асқан еді. Осы орайда, барлық болған фактілерді тыңғылықты қарастыру, жаппай саяси қуғын-сүргін себептерін түсінуге жақындатады, осы бағыттағы жүргізілген процестер мүмкіндігінше

айқындалып, тиісінше КСРО азаматтарының едәуір бөлігін қоғамдық өмірден аластатудың мемлекеттік-саяси механизмінің тіршілігі түйсініледі, сонымен қатар репрессияға ұшырағандардың сандық және сапалық құрамы анықталып, ел ішіндегі қарсылықтың қаншалықты дәрежеде болғандығы тұжырымдалады.

Хронологиялық тұрғыда жаппай қуғын-сүргінге көшу ішкі саяси жағдайлардың мынадай реттілігімен берілуге болатындай. 1934 жылы Ленинградта С.М.Кировқа жасалған қастандық, оның кім ұйымдастырып, кім арқылы жүзеге асқанына қарамай, қоғам назарын естен шығып кеткендей болған ішкі саяси күрестегі террор қолдану фактісіне аударды. Партия мен мемлекеттің көрнекті қайраткерлерінің бірінің қаза болуы митинг, жиналыс және т.д.б. түрдегі ұйымдасқан қоғамдық резонансқа ұласты. Қоғамдық санада, күрес жалғасып күшейе түсетіні, онда ең жоғарғы жаза қолданудан жалтару жоқ екендігі қашып құтыла алмайтын факт ретінде қалыптастырылды. Бірінші дүниежүзілік соғыстағы оқиғаларды, 1917 жылдың екі революциясы мен азамат соғысындағы дүрбелеңді және одан кейінгі 20- жылдардағы таптар мен саяси күштердің қарама-қайшылықтарын көріп өскен кеңес азаматтарына қатал репрессивтік шаралар қолдану ісі таныс та болатын. Осылай, Кировтың өлімін кейін ОАК Қылмыстық кодекске өзгертулер енгізу туралы қаулы қабылдайды. Кейіннен 1.12.1934жылдың Заңы аталынып кеткен осы заң бойынша: 1. Істі тексеру 10 күннің ішінде аяқталуы тиіс болды., 2. Айыпталушыға айыпталу қорытындысы сотқа 1 тәулік қалғанда берілді., 3. Істі тексеру кезінде қорғаушылар қатыстырылмайтын болды., 4. Айыпталушыдан рақымшылдық туралы және басқа да өтініштер қабылданбады., 5. Ату туралы үкім бірден жүзеге асырыланатын болды [1, с.68]. 1936 жылдың 29 шілдесіндегі БК (б) П-ның барлық партия ұйымдарына жіберілген жабық хатында «қырағылық мәселесі мен дұшпанды тани білуде» жіберілген кемшіліктерді жою өте қатқыл түрде талап етілді. 1936 жылдың 5 тамызындағы осы мәселені талқылауға арналған Қазақ өлкелік комитетінің бюросы, өз партия ұйымдарын және әсіресе жетекші кадрларды ерекше қырағылық танытуға және дұшпанды тануда «мейлі ол жақсы қызметкермін деп мәймөңкелесе де, мейлі өзін партияның белсенді және шын берілген мүшесі ретінде көсетуге әрекеттенсе де, - қателеспеуге міндеттеді [2].

Орталық лақтырған «тастың» алғашқы «дүрсілі» ретінде «қырағылықты күшейтудің арқасында әшкереленіп және соңынан партиядан қуылған 43 контрреволюционер троцкист-зиновьевшілдер мен олардың сыбайластары» туралы оқиғаны айтуға болады [3]. Республикалық партия ұйымының 100 мыңнан аса мүшелерінің ішінде аталған ағымның бұдан да көп жанашырлары (жақтаушылары) болуы әбден мүмкін еді. Дегенмен жазаланғандардың шын мәнінде аталған топтарға қатыстылығы анық айқындалған жоқ. Осылай Оңтүстік Қазақстан өңірі бойынша: Шымкентте ұлтшылдар Әлмұхамедов пен Дәуірбаев өз пәтерлерінде жиналыс өткізіп, оған басқа да коммунистерді тартып, контрреволюциялық, ұлтшылдық және троцкистік үгіттер жүргізді. Мирзоян қызылша совхозында троцкист В.Нестеров троцкистік – алашордалық топ құрып, оған ұлтшылдар, Қазыбаев пен Төленов кірді; Мақтаарал ауданында партия қатарынан шығарылған ұлтшыл Әшіров... троцкист–зиновьевшілдердің атылғандығы туралы ренішті екендігін айтып, партия көсемдеріне қарсы террористік пиғылдар білдірді», –делінген [4].

Бұл арқылы белгіленілген немесе жасырын дұшпандар нақты таңбаланған – «ұлтшыл», «алашордашыл», «троцкист-зиновьевшіл», - деген саяси атқа ие болды. Кейіннен «дұшпандар» тобына «фашистер», шпиондар», «барлаушылар мен диверсанттар», сонымен қатар «бүлікшілдер» де қосылды. Осымен бірге «жайбарақат элементтердің», «ашық ауыздардың» және шіріген либералистердің өмірін өксіту әдістері де анықталды [5].

Бұдан кейінгі «дұшпандар» шеңберінің кеңеюі ішкі және сыртқы саяси факторлардың әсеріне байланыстырылып, 1937 жылдың өн бойында «троцкистер мен басқа да екіжүзділер», «троцкистік-зиновьевтік фашист бандиттер», «ақгвардияшылар» болып кете берді. Жаппай және кең ауқымды жазалау шараларының басталуына белгі ретінде БК(б)П ОК-нің 1937 жылдың 2 шілдесіндегі шешімі мен осыдан кейінгі, шұғыл түрдегі Ішкі істер Халкомы Н.Ежовтың қолы қойылған №00447 бұйрықты айтуға болады, бұл арқылы 268950 адамды репрессияға ұшыратып, оның 75950-ін ату жазасына кесу көзделінді [6].

Аталған цифрлар тиісінше КСРО аймақтары бойынша «бөлініп», күтілгеніндей, жергілікті жердегілердің «жоспарды қолдауына» («қарсы жоспарларына») ұласты. Осылай Қазақстан К(б)П ОК бюросы 1937 жылдың 19 қарашасындағы шешімімен республика бойынша бірінші категориядағы (ату жазасына кесілетіндердің) «бекітілген жоспары» 2000 адам болып белгіленді, мұның өзі Орталық бұдан бұрын белгілеген 1925 адамдық «нормадан» асып түсті. Тиісінше 275 және 350 адамнан «қосымша резерв» те қарастырылып қойды. ОҚО бойынша бірінші категориядағы 150 адамның саны өзгертілмей, екінші категориядағылардың саны «жоспардағыдан» жүзге кемітіліп –

300 адам болып белгіленді [7].

Ұзамай – ақ сол жылдың тамызындағы «Социалды Қазақстан» газетінде басылған «ұлтшыл-фашистерге өмір сүркія дейміз деген бас мақалада: «ұлтшыл-фашистердің басшылары – Рысқұлов, Қожанов, Нұрмақов, Құлымбетов және олардың артынан ерген сүркія жүліктер партия билетін тек өздерінің екі жүзділік бетін бүркемелеу үшін ғана пайдаланып жүрді. Бұл ұлтшыл-фашистер Германия мен Жапонияның разведка орындарының тапсырмаларын орындау үшін Қазақстанда кулак байлардың көтерілісін ұйымдастырды. 1929-1932 жылдар арасындағы перегибтерді, көшпенділерді осылар ұйымдастырғаны қазір айқындалып отыр. 1928-1929 жылдардағы Қызылқұмда, Созақта, Қарқаралыда болған бай-кулактардың ұйымдастырушысы Құлымбетов пен Жүргеновтер. Бұл ұлтшыл-фашистер өндіріс орындарында зиянкестік жүргізіп, шахталарды құлатып, жұмысшыларды уландырып, талай жанның қанын төкті» деген жантүршігерлік ғайбаттаулар көпшілікке жарияланды [8]. Осы сарындағы яғни «Сұмырай ұлтшылдарға қарсы және соған қарай ауа жайылған уклондарға қарсы күресті барынша күшейту керек» [9] деген тұрғыдағы байбалам сөздер аталған жылы көп жазылатын.

1937 жылдың қыркүйегі мен қазан аралығында ұлтшылдық туралы мәселе қайта көтеріледі: Элитаның жергілікті ұлт өкілдерінен құрылуы Қазақстан К(б) П –да ұлтшыл ауытқушылықтың болуын жоққа шығармайтын еді. Себебі, әрбір елдің өзін-өзі басқаруы ұлттық қызмет ететін мемлекеттік құрылыс арқылы іске аспақ. Мемлекеттік басқару алдымен сол халықтың ғасырлар қойнауынан тамыр алатын тарихи ерекшелігіне, өзіндік табиғи болмысына, сондай-ақ басқа да халықтардың, адамзаттың прогресшіл өмір тәжірибесіне негізделуі керек. Бұл туралы жергілікті ұлтшыл қайраткерлер ешқашан ұмытпағанымен, орталықтың бұл жөніндегі есебі басқалай болатын. Орталық баспасөз органы «Правда» газетінің дәстүрлі маңыздылығы барлық төменгі партия комитеттерін жарияланған мақалаларға жауап қайтарып, тіпті ұйымдастыру және кадр мәселесіндегі өзгерістерге дейін айтып отыруға міндеттеді. Осылай 1937 жылдың 29 қыркүйегіндегі ҚК(б)П ОК Бюросы «Правда» газетіндегі 1937 жылдың 22 қыркүйегіндегі «Буржуазиялық ұлтшылдардың жетегінде кеткендер» деген мақаласы бойынша шешім қабылдады. Шешімде, контрреволюциялық буржуазиялық ұлтшылдардың бірқатар ұяларының мәлім болғандығы, соның ішінде Шымкентте де, ашылғандығы, атап көрсетіледі. Сонымен қатар: «Халық жауларын әшкерелей және қуа отырып, партия ұйымдарының тексеруден өткен, партияға, кеңес құрылысына және сталиндік БК(б)П ОК сенетін жана жас қазақ кадрларын ұсыну жұмыстарын дұрыс жолға қоюы керектігі» [10] де айтылады.

Бұл жерде түрлі себептерге байланысты орталыққа жақпаған әртүрлі деңгейдегі партия органдарындағы басшылықты, төменнен жоғарыға дейін ерте ме, кеш пе, әйтеуір ауыстыру мәселесі төтесінен қойылып отыр.

Тиісінше, орталық партиялық баспасөздің шағымдары республикалық деңгейде қайталанып отырды, ондағы мақсат кезекті репрессиялық іс-шаралар толқынын лықсыту болатын.

Осылай 1937 жылдың 24 қазанында ҚК(б)П Оңтүстік Қазақстан обкомының бюросы 1937 жылдың 18 қазанындағы «Казахстанская правда» газетіндегі мақала туралы шешім қабылдайды. Онда: «Тағы да Казахстан К(б)П Оңтүстік Қазақстан обкомының шіріген позициясы» туралы айтылып, «Казправданың» сыны дұрыс деп мойындалады, обком бюросының және обком хатшысы жол. Досовтың троцкистік- бухариндік бандиттер мен буржуазиялық ұлтшылдарды әшкерелеп, түбіне жетудегі жіберген қателіктерінің кешірімсіз екендігіне тоқталады. Ары қарай «...Случай пен Бөкейханов бастаған троцкистерді және ұлтшыл фашистерді әшкерелеудегі жайбасарлық та» мойындалады. Қаулыларда нақты фамилиялардың аталуы олардың тағдырын шешіп жатты – бұл үшін көптеп шығып жатқан газет мақаларының біріне ілігу жеткілікті болатын, оның соңын ала партиялық органның қаулысы дайын тұратын еді. Мұндай сынға ілігіп, аты аталмағандарға өз басын аман алып қалу үшін өздерінің бұрынғы партиялық үзеңгілес жолдасын сатып кетуден басқа жол қалмайтын.

Біраз уақыт өткеннен кейін, сол жылдың 29 қазанында обкомның бюросы бұл мәселеге қайта оралып, жоғарыда аталған қаулыларды «Казправдада» жариялауды ұсынады. Оңтүстік Қазақстан облысының партия белсенділері мен функционерлері фамилияларының республикалық газетке шығуы олардың онсыз да оңып тұрмаған жағдайын қиындатып, оларға қарсы ең жоғарғы репрессиялық шаралар қолдануға апарған еді.

Бюро мүшелерінің күші бірінші хатшы Досовты шама – шарқынша қорғауға ғана жетті. Жолдас Досовтың жіберілген бірнеше саяси қателіктеріне қарамастан, Оңтүстік Қазақстан обкомы мен оның хатшысы туралы «Казправда» газеті өзінің мінберінен обком хатшысын орнынан алу туралы мәселені бүйірінен қойып, дұрыс істеп отырған жоқ. ОК Бюросы жол. Досовтың қазіргі

жұмысына тікелей қатысы жоқ, бұрындары болған кейбір фактілерді жариялаудың қисыны жоқ» [11]. ҚК(б) П ОК Бюросының Л.Мирзоян қол қойған аталған қаулысы Ә.Ы.Досовты іс жүзінде біраз уақытқа тікелей соққыдан аман алып қалғанымен ОҚО обкомының бюросының қаулысында аты аталған 10 адамды кінәлілер қатарында қалдырған еді. Әйтсе де Әбілқайыр ағамыздың саяси карьерасының үзілуіне, бұған дейін ол Семей және Ақтөбе обкомдарының хатшысы болып жұмыс істеген еді, «үлесін» аямай – ақ қосқан партиялық баспасөз тыным таппаған болатын [12, 69-б.]. Осылай «Правданың» меншікті тілшісі К.Пухов деген бас редактор Мехликке хат жазып, онда «Досовтың барып тұрған буржуазиялық ұлтшыл екендігі анық... Досов өзінің маңына Саилов сияқты (Сайрам Аупарткомының бірінші хатшысы. Еск.авт.) ұлтшылдарды жинап алған, сөйтіп оларды қорғап, қызметтерін өсіреді, ал партияға шын берілген адал қызметкерледі қудалап, күн көрсетпейді. Досовтың дұшпандық іс-әрекетін тек соқыр ғана көрмеуі мүмкін, - делінген. Орталықтан жіберілген тілшінің саяси сөз тасуға көбірек ұқсайтын бұл хаты Ә.Досовты тұтқындаудан екі апта бұрын жіберілген еді. Көп ұзамай-ақ, Ақмола облысында туып өскен, Әбілқайыр Досов (1899-1938) 1937 жылдың 28 қарашасында тұтқындалып, келесі жылдың наурызында ату жазасына кесіледі.

1937 жылдың 21 қыркүйегіндегі «Правдадағы» мақаланың маңыздылығы мен атқарған ролі туралы осы газеттің Қазақстандағы тілшісі К.Пухов, өзінің бас редакторы Л.Мехликке жазған хатында былай дейді «...Қазақстанның партия ұйымын өте қатты сілкілеп алды». Ары қарай: «соңғы жарты айда Қазақстан коммунистері өз қатарынан әртүрлі қызметтегі жүздеген халық жауларын тауып әшкереледі. Мақала жарияланғаннан кейін ПХК органдары партияның барынша қолдауымен Қазақстанның бірнеше халкомдарын тұтқынға алды. (Жер шаруашылығы, қаржы, ауыл шаруашылығы және басқаларын) Комсомолдың өлкелік комитетінің бұрынғы бірінші хатшысын, обкомның бірінші және екінші хатшыларын (Ақтөбе, Шығыс Қазақстан) бірнеше облаткомдардың төрағаларын, партияның аудандық комитетінің хатшыларын, аудандық атқару комитетінің төрағаларын» [13].

Бұл жерде мақаланың «буржуазиялық ұлтшылдар жетегінде» деп аталғанымен «буржуазиялық ұлтшылдық» туралы ерекше әңгіме жоқтығын айта кету керек, ал хатта негізінен атқарылған жұмыстар айтылып, онда көрнекті партия және кеңес қызметкерлерінің қаншасының тұтқындалғаны баяндалады. Бұл арадағы негізгі міндет - халық жауларын көбірек жариялап, өзінің осы іске қатыстылығын көрсету болып табылатын сыңайлы. Мақаланың бүлдіргілік бағыты анық көрініп тұр, оның жаппай саяси репрессиялардың көрігін барынша қыздыру әрекеті де ап-айқын.

- 1 Байназаров И.Н. А.И. Тевкелев и его роль в осуществлении юго-восточной политики России в 30-50-х гг. XVIII века : диссертация ... кандидата исторических наук Уфа 2005г. 184стр <https://dvs.rsl.ru/semgu/Vrr/SelectedDocs?docid=%2Frsl01002000000%2Frsl01002770000%2Frsl01002770799%2Frsl01002770799.pdf>
- 2 Абдирайымова Ардак Серикбаевна. Хозяйственно-экономические, демографические и экологические последствия освоения целинных и залежных земель в Казахстане (1950-1990 г.г. XX в.). // Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. А., 2007, 54 с
- 3 Златкин И. Я. Жоңғар хандығының тарихы. 1635—1758. 2-басылым. М. 1983. 235-241 беттер. Абдрахманова Б.М. История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке. Астана, 1998. 430 с
- 4 Инсебаев Т.А. Очерки истории Павлодарского Прииртышья. Часть I. С древнейших времен до XX века. Павлодар, 2000, 250 с
- 5 Левшин А. И. Кыргыз-қазақ немесе кыргыз-кайсақ ордасын және даласын жазу. СПб. 1832. 2-бөлім 70-бет Среднее Прииртышье в источниках и материалах.Сб. документов и материалов (XVIII- нач XXвв). Павлодар: Кереку, 2008, Т 1-220 с
- 6 Андреев И.Г. Описание Средней орды киргис-кайсаков. – Алматы, 1998. 230 с <https://dvs.rsl.ru/semgu/Vrr/SelectedDocs?docid=%2Frsl01004000000%2Frsl01004870000%2Frsl01004870493%2Frsl01004870493.pdf>
7. Аполлова Н. Г. XVIII –ғасырдың басы мен XIX ғасырдағы Қазақстанның Ресеймен экономикалық және саяси қарым-қатынасы. М.1960. 410-бет
8. Ресей Федерациясының Орталықтандырылған мемлекеттік әскери-тарих мұрағаты. ф. 414. д. 419. б. 3-3 об.
- 9.Ш. Уәлиханов Шығ. жин. 5 т. Алма-Ата. 1985

ИСТОРИЯ КОЛОНИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ НА ПОБЕРЕЖЬЕ ВЕРХНЕГО ИРТЫША И ЕГО ИЗУЧЕНИЕ В ИСТОРИОГРАФИИ К.К.Байсарина , А.М.Исабай

В статье рассматриваются начало колонизации в Казахстана XVIII в. в том числе Прииртышья.

POLICY OF THE RUSSIAN EMPIRE IN KAZAKHSTAN: IRTYSHE BEGINING OF COLONIZATION IN THE XVIII CENTURY К.К. Baisarina, А.М. Isabai

The article discusses the beginning colonization in XVIII in Kazakhstan including Irtysh.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ РЕПАТРИАЦИЯ ПРОЦЕСТЕРІНІҢ ДЕМОГРАФИЯҒА ӘСЕРІ (1991-2011 жж.)

Түйін: Мақалада еліміз мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан бастап **2011** жылға дейінгі уақытта Шығыс Қазақстандағы миграциялық процестердің аймақтағы этнодемографияға әсері мен репатриаттардың қоғамдық ортаға бейімделу мәселесі жайлы баяндалады.

Кілт сөздер: Миграциялық процесс, көп ұлттылық, демографиялық даму, статистика агенттігі, Ұлттық халық санағы, халықтың ұлттық құрамы, репатриат (оралман), этнодемография, репатрианттардың қоғамдық ортаға бейімдеуі, шет мемлекеттерден қоныс аудару, «Нұрлы көш» бағдарламасы.

Әр мемлекеттің демографиялық дамуы сол елдің халқының тарихын көрсетеді. Халық – мемлекеттің негізгі байлығы және өндіргіш күші. Халықтың саны, оның жастық-жыныстық, ұлттық құрамы туралы нақты деректерді пайдаланбай, кез-келген мемлекет өзінің демографиялық, экономикалық, тіпті саяси бағдарламасын дұрыс анықтай алмайды. Бұл туралы Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ойланып жүргізілген демографиялық саясат – біріншіден, халықаралық нормаға қайшы келмейді, екіншіден, жедел даму стратегиясы жүзеге асқан жағдайда жергілікті тұрғындардың мүддесі қорғалады» [10], – деп атап өтті.

Миграциялық процесс аймақтың демографиялық дамуына елеулі әсерін тигізеді. Соңғы жиырма жылдың ішінде миграциялық процестің әсерінен бүкіл Қазақстанның көп ұлттылық құрамы үнемі өзгеріске ұшырап отырған. Дәл осы кезеңде өткен ХХ ғасырда болған Кеңес өкіметінің демографиялық миграция саясатының салдары және тарихи оқиғалардың зардаптары көрініс таба бастады [11].

ХХ ғасырда Қазақстан халқының саны, әрі құрамы үлкен өзгерістерге ұшырады. Бұл – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістер, Азамат соғысы, Екінші дүниежүзілік соғыс, ашаршылық, ұжымдастыру, халықтарды күштеп қоныс аударудың нәтижесі мен репрессияның салдары. Мұның өзі жергілікті халықтың Монғолия, Қытай, Ауғанстан, Иран, Түркия сияқты елдерге қоныс аударуына мәжбүр етті және Кеңес Одағының репрессияға ұшыраған түрлі ұлт өкілдерінің келуінің де себебі болды. Мұндай саясаттың нәтижесінде Қазақстанның жергілікті халқының 1996 жылға дейін санының аз болуына әкелді.

КСРО ыдырап, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін күрделі демографиялық өзгерістер мен миграция толқындары қалыптасты. Бұл кезеңде Шығыс Қазақстан облысы халқының демографиялық дамуы да өзгеріске ұшырады [1]. Миграциялық қозғалыстардың себептеріне байланысты жіктей отырып, мыналарды бөліп алуға болады. Олар: экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, діни, нәсілдік, әскери, демографиялық (отбасының бірігуі, некелік миграция) және т.б. [2]

Сол миграциялық процестердің де Шығыс Қазақстандағы диаспоралардың ұлттық құрамының қалыптасуына әсерін тигізбей қоймады (1 кестеге сәйкес). Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары бойынша Шығыс Қазақстан облысы халқының миграциялық деңгейі төмендегідей нәтижелер көрсетті.

**Кесте 1 – ШҚО халқы миграциясының жалпы қорытындылары
қалалар және аудандар бойынша [3]**


Қалалар мен аудандар	Барлық халық	Соның ішінде тұрақты тұрғылықты жерде үздіксіз тұратындар:					
		туғаннан	туғаннан емес	оның ішінде 1999-2009 жылдарда келгендер			
				барлығы	Қазақстан өңірлерінен	ТМД елдерінен	басқа елдерден
Облыс бойынша барлығы	1396593	890114	506479	199449	172136	10923	16390
Өскемен қаласы	314953	153422	161531	58570	54031	3602	937
Аягөз қаласы	38101	30582	7519	3017	2922	69	26
Зырян қаласы	39320	28775	10545	2518	2072	424	22
Курчатов қаласы	10127	2538	7589	3295	3149	146	0
Риддер қаласы	58916	40172	18744	5099	4305	750	44
Семей қаласы	324492	190671	133821	59142	56580	1863	699
Абай ауданы	15258	14129	1129	414	397	8	9
Аягөз ауданы	36410	33015	3395	798	670	11	117
Бесқарағай ауданы	22210	16736	5474	2162	2014	123	25
Бородулиха ауданы	40167	20699	19468	7592	6520	986	86
Глубокое ауданы	63581	32234	31347	13984	12611	661	712
Жарма ауданы	44831	35641	9190	4063	2401	137	1525
Зайсан ауданы	34593	26203	8390	5431	1872	33	3526
Зырян ауданы	38352	23918	14434	4369	3587	619	163
Көкпекті ауданы	34679	25438	9241	2922	2084	140	698
Күршім ауданы	31967	25843	6124	3718	1621	37	2060
Катонқарағай ауданы	30056	27676	2380	1134	669	32	433
Тарбағатай ауданы	47125	42493	4632	1929	1002	17	910
Ұлан ауданы	39079	23790	15289	7779	5828	207	1744
Үржар ауданы	83174	66636	16538	5143	2446	124	2573
Шемонаиха ауданы	49202	29503	19699	6370	5355	934	81

Сонымен, Шығыс Қазақстандағы халықтың ұлттық құрамына қорытынды жасайтын болсақ, аймақта тұратын барлық этностар мен ұлыс өкілдерінің жалпы санында қазақтардың саны бәрінен де көп, ҚР Статистика агенттігінің **2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары бойынша** олар **63,1%**-ын құрады (1 диаграммаға сәйкес).

Санақаралық кезеңнің ішінде қазақтардың үлесі **26,0%**-ға артты. **1999 жылғы санақтың деректері бойынша** қазақтардың салмағы өңірдегі халықтың жалпы үлесінде **53,5%**-ды құраған еді. Он жылдың ішінде қазақтардың саны табиғи өсімнің, сондай-ақ республика аумағына келген оралмандардың есебінен өсті [4].

Диаграмма 1 – Шығыс Қазақстандағы халықтың жалпы санындағы жеке ұлттардың үлесі [3]

пайызбен



Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық аренаға шығып, егемендікке қол жеткізуі, өз тәуелсіздігін әлемге мойындатуы – тарихи оқиға. Осы жылдардың алғашқы кезеңінен бастап, қандастарымыздың тарихи отанына оралу процесі тез қарқынмен іске асып, шет елден қоныстанушы азаматтар легі жыл санап өсе түсті. Кезінде қазақ жерінен әр түрлі себептермен көшіп кеткен қандастарымыз «репатриант» (оралман) деп аталып, бұл құбылыс өзінің өзектілігімен күннен күнге маңыздылығын арттыра түсуде [5]. Сол себепті, репатрианттардың атамекенге қоныс аударуы, сондай-ақ, республика облыстары бойынша қоныстану ерекшеліктері, олардың қоныстануының аймақтағы демографияның қалыптасуына әсері көп зерттеліп, қарқынды іске асырылуды қажет ететін өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бүгінгі таңдағы тарих ғылымы осындай мемлекеттік маңызы бар мәселені методологиялық, социологиялық, демографиялық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.


Мемлекетіміз әлемдік деңгейдің даму сатысына көтеріліп, ел экономикасының жақсаруына байланысты шет елден оралушы азаматтарға мемлекет тарапынан арнайы жеңілдік беріліп, жыл сайынғы үкімет тарапынан бөлінетін квоталардың саны өсе түсті. Репатрианттардың елге оралғаннан кейінгі жағдайына да баса назар аудара бастады. Репатрианттардың елге оралуының өзі аймақтағы көшіп келушілер санын арттырып, облыс халқының демографиясының көтерілуіне елеулі үлес қосатын процестердің бірі. Сондықтан, Шығыс Қазақстан облысындағы репатрианттардың этнодемографиялық көрсеткіштерінің қалыптасуы мен дамуындағы өзгерістерді нақты деректер арқылы ғылыми айналымға негіздеу тарих үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Елімізде орын алған демографиялық саясат пен репатрианттардың Қазақстан қоғамына бейімдеу мәселелерін жан-жақты зерттеу қажеттілігі бүгінгі таңда тек республика көлемінде ғана емес, жекелеген аймақтық деңгейде де қолға алына бастады (2 кестеге сәйкес).

Кесте 2 – 1991-2011 жылдар аралығында ШҚО қоныс аударған репатриант (оралман) азаматтардың сандық көрсеткіштері [6]

№	Шығыс Қазақстан облысы аудандары	1991 жылдан бастап қоныс аударған оралман азаматтардың саны
1	2	3
1	Өскемен	414
2	Семей қаласы	1455
3	Риддер қаласы	23
4	Абай ауданы	246
5	Аягөз ауданы	390
6	Бородулиха ауданы	66
7	Глубокий ауданы	2246
8	Зайсан ауданы	7408
9	Зырян ауданы	331
10	Зайсан ауданы	3446
11	Күршім ауданы	2340
12	Тарбағатай ауданы	9374
13	Ұлан ауданы	219
14	Шемонайха ауданы	2819
15	Көкпекті ауданы	1036
16	Жарма ауданы	3017
17	Үржар ауданы	6417
18	Бесқарағай ауданы	145
Барлығы		42 558

Жоғарыдағы кестеде статистикалық деректер бойынша репатрианттардың Шығыс Қазақстан аумағы бойынша сандық көрсеткіші берілген. Ұлан, Зайсан, Үржар, Тарбағатай, Күршім, аудандарында оралман азаматтар көп қоныстанған. Себебі, бұл аудандар шекараға таяу орналасқандықтан Қытайдан келушілер үшін қоныс аударуға жақын, әрі тиімді болып табылады. Осы негізде қоныс аударушылардың 60%-Қытайдан, 30%-Монғолиядан, 5%-Өзбекстан, ал қалған 5%-ын әр елден қоныс аударған азаматтар құрайды [7]. Бұл көрсеткіштен байқайтынымыз, Қытайдан келуші репатрианттардың және Монғолия елінен қоныс аударушылардың сандық көрсеткіші басым екеніндігін көреміз (2 диаграммаға сәйкес).

Диаграмма 2 – ШҚО бойынша шет мемлекеттерден қоныстанушылардың % көрсеткіштері



Ескерту: Диаграмма «Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық ықпалдасуын ілгерілету» БҰҰ ДБ/БҰҰЕ жобасы орталығынан алынған мәліметтер негізінде авторлармен құрастырылған.

Қытайдан қоныс аударған қазақтардың өзіндік санасының сипаттамасына тоқталатын болсақ, олар негізінен батыс мәдениетінен гөрі шығыс мәдениетінің (қытай, ұйғыр, дүңған және т.б.) және мұсылмандық салт-дәстүрлердің ерекшеліктеріне көп бетбұрыс жасаған деуге болады. Өзінің ежелден келе жатқан мал шаруашылығымен айналысу дәстүрін сақтаған. Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетіне деген, өнерді құрметтеу сияқты қасиеттерін жақсы жандандыра білген. Қытайдан келетін оралман азаматтардың тұрмыс-тіршілігінен, шаруашылығынан Монғолиядан келген оралман азаматтармен аз да болса ұқсастықты байқауымызға болады.

Облыс бойынша сандық көрсеткіші жағынан басым оралман ағайындардың (ТМД-ның сыртындағы) елдердің ішіндегі алғаш болып қоныс жасап, барынша Қазақстанға бетін бұрған Монғолиядан келген қазақ азаматтар. Қазақстан бойынша жалпы саны 150 мыңдайы мемлекетіміздің әр жеріне қоныс аударып та қойды, ал ШҚО бойынша шамамен шет елден оралушы азаматтардың 40%-дық көрсеткішке ие. Осы мемлекеттен қоныс аударып келген азаматтардың менталитетінде қандай ерекшеліктер бар? Алдымен бұл елдің кешегі коммунистік партия заманында көрген зардаптарын ескере кеткен жөн, яғни, Монғолия қазақтары Қазақстанмен нашар байланыста өмір сүрді. Жалпы елдің 6%-ын құрайтын қазақтар өздері тұрған өлкеде 90%-ға жақын. Сондықтан да, қазақтың тілі мен салт-дәстүрі жақсы сақталған. Негізінен мал шаруашылығымен айналысатын бұл өлкеде кәсіпорындар жоқтың қасы, халықтың өркениеттік тұрмыстан гөрі табиғи шаруашылыққа бейімділігі сақталып қалған. Қазақ тілінде өтетін сабақтардан гөрі, монғол тілінде өтетін сабақтар қазақ мектебінде басымдау. Бірақ жастар қазақ тілінде жақсы сөйлейтіндігін атап өтуге болады. Бұл қазақ ұлтының табиғатының әр түрлі тілдерді игеруге бейім екендігін аңғартады.

Облыс бойынша 5% көрсеткішке ие Өзбекстаннан келген репатриант азаматтар. Бұл мемлекеттен келіп қоныс аударған азаматтардың өзіндік санасына келер болсақ, бұл мемлекеттегі қазақтар, өздерінің ұлттық келбетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, дінін және бұл рухани құрылымдарды қоғамда негізінен жақсы сақтай білгенін байқауымызға болады. Сонымен қатар әлеуметтік-қоғамдық қиыншылықтарға байланысты кейбір қазақ азаматтардың өзі ата-тегін өзбек деп, өзгерткендері де бар. Әрине, елдегі этникалық көпшілік және түпкілікті халық – өзбектердің өмір салты, мәдениеті мен салт-дәстүрлері, өзінің ықпалын этникалық топтарға тигізуі заңды құбылыс. Бірақ кезінде тарихи тұрғылықты қазақтармен қоса аштық заманында көшіп барған қазақ жұртының өз тілінде мектептерден сауат ашуға мүмкіндіктері аз жерлерде өзбекше білім алу, тіпті өзбек ұлтының азаматы деп жаздыру деректері айтылған.

Түркиядан келген қазақтардың менталитеті мүлдем өзгеше. Олар барынша батыс мәдениетіне таяу, әрі қоғамдық ортаға тез бейімделіп кететіндігін және этникалық сананың биік деңгейін, тұтастануға талпынысын көрсетеді, алайда Шығыс аймақтарында ол мемлекеттен қоныс аударған азаматтар саны өте төмен.

Репатриация мәселесін тереңдей зерттеу барысында ШҚО бойынша жүргізілген сауалнамада «Өзіңіз бұрын тұрған аймақпен Қазақстанның әлеуметтік-мәдени жағынан ұқсастығын байқадыңыз ба?» деген сауалға 60%-ы айырмашылық бар, бірақ салыстыруға келмейді, 23%-ы тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі ұқсас, 15%-ы мәдениет жағынан ұқсастығын байқамадым деп жауап берген.

Мемлекетке оралушы азаматтың қоғамдық ортаға бейімделуі, жергілікті халықпен жақын араласуы үшін қиындық тудыратын негізгі мәселелер: заң білмеу, жергілікті халықтың тілін білмеу (орыс тілі), жазу ерекшелігі көрсетілген. Осы мәселелерді шешу мақсатында қазіргі уақытта республиканың әр аймағында оралмандарды бейімдеу орталықтары ашылып, іске аса бастады.

2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының миграциялық саясатының салалық бағдарламасында отандастарымыздың елге оралғаннан кейінгі Қазақстан қоғамына бейімделуіне және қазіргі тіршілігіне қолдау білдіру мәселесіне ерекше назар аударылған. Осы мақсатта облыста бейімделу орталықтары өз қызметін атқаруда. Барлық жерде бірдей бұл орталықтардың жұмысы жоғары деңгейде болмағанмен, алыстан келген ағайындар үшін үлкен көмек болып отыр. репатриаттардың жаңа жерге, мәдениетке, қоғамға орнығып, қалыптасуы үшін көп уақытты қажет етеді.

Сонымен, әсіресе 1990-шы жылдардың басындағы репатриация Шығыс Қазақстандағы этнодемографияның қалыптасуына елеулі әсер етті. Қазақ диаспарасын зерттеуші ғалым Г.М.Мендикулова: «репатриация идеясы жалпы қазақтардың этникалық келбетін нығайта түсуге қызмет ете түсуі қажет», – деген пікір айтады [8]. Осы пікірге қосарымыз қазақ репатрианттары ұлтымыздың мәдени мұрасын жаңғыртуға, рухани негіздерді бекіте түсуге өз үлесін қосуда. Өйткені шетелдік этноәлеуметтік кеңістікте өмір сүрген қандастарымыз ұлттық нақыштағы өнер туындылары, әдет-ғұрып пен дәстүрлердің біршамасын өз бойына сақтай білген.

«Нұрлы көш» бағдарламасының да негізгі мақсаты – оралмандарды қоғамға бейімдеудің жеңілдетілген жолдарын табу. Оралмандарды бір жерге біріктіріп, олардың бір-бірімен араласуына, туысқан бауырларына жақын болуына жағдай жасау. Сондай-ақ, 2009 жылдары БҰҰ даму бағдарламасы негізінде ашылған Семей қаласындағы «Оралмандардың әлеуметтік және экономикалық ықпалдасуын ілгерілету» орталығы ашылған [9]. Бұл өз кезегінде аймағымыздағы ұлт өкілдерінің бір шаңырақ астында тату-тәтті, бейбіт өмір сүруін қамтамасыз етеді.

Миграция мен репатриация процесі аймақтағы саясатқа, экономикаға және әлеуметтік-мәдени факторларға әсерін тигізетін әлемдік процестердің бірі. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып, жеке дербес мемлекет болған кездегі алдыға қойған басты бағытының бірі – осы миграция саясаты болатын. Тарихи кезең барысында шет мемлекетке кетіп, бүгінде қазақ диаспорасын құрап отырған, ұлт тағдыры қазіргі таңғы өзекті мәселесінің бірі. Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Біздің ортақ Отанымыз – Қазақстанның қазіргідей қарыштап дамып отырғаны – елімізді мекендеуші барлық этностардың ынтымағы мен бірлігінің арқасы. Тәуелсіздігімізді тұғырлы ететін де, елімізді жаңа белестерге шығаратын да біздің осы қоғамдық татулығымыз» [10].

«Бірліксіз ел тозады, бірлікті ел озады», — дегендей бүгінгі таңда еліміздің осынау киелі шығыс өңірінде ұлттар достығы берік сақталып келе жатыр. Сондықтан өркениетті экономика, өркенді саяси-рухани құрылым және дамыған инфрақұрылым қалыптастыру үшін қазір ең керегі – ұлттық ынтымақтық пен бірлік.

Пайдаланған деректердің тізімі

1. <http://sabaq.kz/16175/%D1%85%> XX ғасырдың аяғындағы Шығыс Қазақстан өңірінің әлеуметтік-демографиялық дамуы.
2. Малиновский А.Е. Социально-управленческое регулирование миграционных процессов в современной России. Дисс. На соискание уч. степени канд социол.наук. – Москва, 2006 – 149 стр.
3. Қазақстан Республикасы статистика агенттігі. Шығыс Қазақстан облысы. 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары. 1 – Том Статистикалық жинақ. /Редакциясын басқарған Ә.А.Смайылов/Астана, 2011 – 130 бет.
4. Қазақстан Республикасы статистика агенттігі. «Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары». Талдамалы есеп. Ред. басқарған Смайылов Ә.А. /Астана, 2011-65 бет.
5. Нысанбаев Ә. Еуразиялық интеграция жүйесіндегі қазақ диаспорасы // Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі – Казахская диаспора: настоящее и будущее. Астана: Елорда, 2005. 352 бет. /35/.
6. ШҚО бойынша көші-қон комитеті басқармасының мәліметінен.
7. Шығыс Қазақстан цифрларда 2009. Жыл сайынғы статистикалық жинақ.
8. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие. Алматы: Ғылым, 1997 г.
9. «Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық ықпалдасуын ілгерілету» БҰҰ ДБ/БҰҰЕ жобасы. – Семей, 2011.
10. <http://www.akorda.kz/> (ҚР президентінің ресми сайты) Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында сөйлеген сөзінен.
11. <https://dvs.rsl.ru/semgu/Vrr/SelectedDocs?docid=%2Frsl01003000000%2Frsl01003397000%2Frsl01003397234%2Frsl01003397234.pdf>. Гужвенко Ю.Н. Восточный Казахстан: этносоциальные отношения в 1990-е – начале 2000-х годов; Алтайская гос. пед. акад., Учеб. науч.-исслед. лаб. – Москва:изд. «Вост. лит.» РАН, 2009

ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИОННЫХ И РЕПАТРИАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ НА ДЕМОГРАФИЮ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ (1991-2011 гг.)

Б.Ж.Атантаева, М.К.Рысбаева, М.С.Карибаев

Аннотация: В статье анализируется влияние миграционных процессов на этнодемографию региона и проблемы социокультурной адаптации репатриатов в Восточном Казахстане с начала обретения независимости Республики Казахстан до 2011 года.

IMPACT OF MIGRATION PROCESSES AND THE REPATRIATION OF THE DEMOGRAPHICS IN EAST KAZAKHSTAN (1991-2011 years)

B.Zh.Atantayeva, M.K.Pysbayeva, M.S.Karibayev

Annotation: In the article reports on the impact of migration processes in the East Kazakhstan region on etnodemografiyu region and the problems of adaptation to the social environment repatriates from the beginning of the state independence of the country until 2011.

ӘОЖ: 943

М.М.Тастанбеков, Л.С.Динашева

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

САХА ХАЛҚЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ ЖӨНІНДЕ

Мақала саха (якут) халқының шығуы жөніндегі түрлі болжамдарды саралауға арналған. Сахалардың халық ретінде қалыптасу процесіндегі автохтондылығы не келімсектігі туралы пікірлерден бөлек, этностық элементтеріндегі түркілік сипаты мен олардың қазақ жерімен байланыстары да қарастырылады.

Түйін сөздер: Саха, якут, олонхо, Якутия, Уранхай, Араат Байгал, Арылы, П.А.Ойунский, Омогой, Эллей.

Бір тілде, бір сенімде, бір тарихпен өмір сүрген туысқан халықтың тарихын тану түркі халықтарының өткені мен бүгінін, тарихтың сабақ алар азалы кезені мен мақтаныш етер даңқты белестерін ой елегінен өткізуге, өзіндік тұжырым жасауға мүмкіндік ашады. Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында Елбасымыз, Нұрсұлтан Әбішұлы: «- Бірлік – барлық жеңістеріміздің алтын қайнары, ел қорғағанда күш-қуат берер асқақ айбары. Осыны әрдайым жадымызда ұстауымыз керек. Жаһандану заманында тағдыр талайымен бөлініп кеткен, тілі, ділі, діні мен тегі бір түрік халықтары ХХІ ғасырда ынтымақ жарастыруы қажет. Сөйтіп саясатта, экономикада, ғылым мен технологияда өзара ықпалдастық пен байланыстарды күшейте беруіміз керек. Ата тарихы бізді осыған шақырады» [1], - деген болатын.

Қазіргі таңда түркі халықтары атты ұғымды біріктіріп отырған қырықтан астам ұлттың ішінде ең шалғай, терістікте орналасқаны саха (якут) халқы. Оңтүстік Сібірдегі түкітілдес халықтардың құрайтын біртұтас тарихи-этнографиялық аймағына сахалардың да қосылатындығы белгілі. Бұл халықтардың барлығы да өткен тарихында ертедегі түркілік кезең деп аталатын ортақ мәдениетті иемденген [2,585]. Бүгінгі саха халқы өткен тарихына зерде қоя бастаған, келешегіне сеніммен қарайтын ұлттардың бірі. [3,7].

Саха халқының тарихы мен мәдениетін алғашқы болып зерттегендер түрлі экспедиция мүшелері мен бұл аймаққа Ресейдің жер аударылған халық өкілдері: немістер, шведтер, поляктар, орыстар, украиндер және т.б. болды.

Сахалардың шығу тегі туралы зерттеулер ғылыми тұрғыдан өзіндік қызығушылық тудыратын мәселе болып табылады. Сонау кезден сахалардың ата-бабаларының кімдер екендігі және қайдан келгендігі туралы сұраққа түрлі халықтардың көптеген зерттеушілері жауап беруге тырысып көрді. ХVII ғасырдың соңында Сібір арқылы Қытайға сапар шеккен Ресей елшісі Э.И.Идестің күнделігінде сахалар туралы жазбалар кездеседі. Онда ол алғашқы болып саха тілінің татар тіліне, яғни түркі тілдеріне жақын екендігіне назар аударған және ол ертеректе сахалардың буряттармен бір халықты құрап Байкалда өмір сүргендігін жазған [4, 20-21]. Аталған еңбектің жарық көргеніне де 300 жылдан асып, сахалардың шығу тегі жайын қамтыған жұмыстар аз жарияланған жоқ. Алғашқы зерттеушілер негізінен фольклор мен ауыз-екі мәлімет материалдарына сүйенсе, кейінгі уақытта сахалардың этногенезі мәселесін зерттеумен түрлі ғылым өкілдері: этнографтар, археологтар, антропологтар, тіл мамандары мен фольклор жинаушылар айналысты.

Саха халқының есте жоқ ескі замандағы өмір шындығының мол суреті жырда (олонхо) кең сақталып қалғандығын зерттеушілер бірауыздан мойындайды. Якуттардың бір заманда оңтүстікте өмір кешкендігіне қосалқы дәлелдер осы олонходан табылады. Жырда оты мол, шуағы мол, жыл он екі ай суық түспейтін өлкенің өсімдігі, жан-жануары, тұрмыс тіршілігі бейнеленеді.

Сахалар қазіргі отырған жеріне ХІ ғасырдан бері қоныс тебе бастаған. Бірақ якуттардың одан бұрынғы мекені туралы түсінік бұлдыр. Олар солтүстікке соңғы рет көшкен өлке Алтай, Байкал тұстары екенін айтумен ғана шектелу, әрине, мәселенің ақиқатына жетіп болмағандық белгісі [3, 5].

Қазіргі таңда саха халқының шығу тегі мен тілінің қалыптасуы туралы бірнеше болжамдар бар.

Г.В.Ксенофонов сахалардың ата-бабалары үш тайпа болған деп есептейді. Бірінші топқа бұғы өсірумен айналысқан кумдарды жатқызса, жылқы мен сиыр ұстаған түркітілдес курықандарды екінші топ деп айтады. Ал, саха халқының қалыптасуындағы үшінші топ, Ксенофонов пікірінше ұйғырдың «саха» тайпасы болған.

С.А.Токарев саха халқының қалыптасуында жергілікті халықпен ассимиляцияға ұшырағын әртүрлі тілде сөйлеген тайпалар мен халықтардың бөліктері қатысқан деп санайды.

А.Н.Алексеев бірқатар археологиялық ашылымдарға сүйене отырып, біздің заманымыздың алғашқы мыңжылдығында Якутия аймағына енген бірінші түркі тайпалары полеоазиаттық тұрғындарымен араласып, жаңа халық - сахаларды қалыптастырады, деп жобалайды [5].

А.П.Окладников саха халқының шығу тегінде оңтүстіктен келген халықтардың шешуші ролі болды деген ұстанымды қолдайды. Саха халқының тікелей ата-бабалары ретінде түркітілдес ұйғыр тайпаларын атайды.

С.И.Николаев болса саха халқында ешқандай түркілік компоненттер болған емес, сахаларды автохтонды деп санайды. Саха халқының қалыптасуында жергілікті эвендер, эвенкілер мен тунгус-манжур тайпаларының этностық элементтері қатысты деп біледі.

А.И.Гоголев курықандарды сахалардың арғы ата-бабалары деп санайды. Ал мәдениетінің ертедегі элементтері сақ-ғұндардың компоненттерін көреді. Кулун атах жеріндегі мәдениетті ашып және зерттеу арқылы А.И.Гоголев осындай қорытындыға келген. Кулун атах Якутия аймағындағы халықтардың ең көне тұрағы, Якутиядағы материалдық мәдениет пен тарихтың ежелгі ескерткіші болып саналады.

Н.К.Антонов саха халқының түркілік тегі туралы ұстанымды қолдаса, Г.В.Попов саха халқының шығу тегін Қазақстан мен Орта Азияда өмір сүрген сақтармен байланыстырады [6, 119].

Ендеше осы түрлі пікір мен көзқарастарды сипаты жағынан топтастыра қарастыратын болсақ, Сахалардың этногенезі мәселесі жөнінде екі болжам басымдыққа ие болып келеді: біріншісі – оңтүстіктен, ал екіншісі – солтүстіктен шыққандығы туралы болжамдар. Немесе саха халқының шығу тегін анықтаудың бұл болжамдарын басқаша ғылыми атпен атасақ біріншісі – миграцияланған, екіншісі – автохтонды атты теориялар. Біріншісін Г.В.Ксенофонов пен А.П.Окладников ұсынып, А.И.Гоголев дамытса, екіншісі – С.И.Николаев-Сомоготтоның ұстанымы [7, 183]. Бірінші болжам ресми танылып, бұл мәселеге көптеген ғылыми еңбектер арналса, екінші мәселеде негізінен Сомоготтоның еңбектері жарық көрген. Саха халқының автохтондылығы туралы теорияның негізін салған тарихшы С.А.Токарев болды. Оның ұсынған концепциясы бойынша сахалар халық ретінде Ленаның орта ағысында, жергілікті тунгустық палеоазиаттық тайпалардың оңтүстіктен келгендермен араласқан жерінде қалыптасқан. Токарев саха мәдениетінде Оңтүстік Сібір және Орталық Азия халықтарының мәдениет элементтерінің бар екендігімен келіседі, алайда балық аулау мен аңшылық, шамандық, сахалық киім түрлері, аңшылық-кәсіптік сенімдер, кейбір тайпа-ру аттары, саха тіліндегі тунгустық белгілерді атай келе жергілікті шығу элементтері басым деп біледі. Осылайша, С.А.Токаревтің пікірінше саха халқы этнографиялық тұрғыдан – автохтонды, жергілікті болып табылады [8].

Саха халқының шығу тегі жөніндегі концепциялардың түрлілігіне қарамастан көтерілген мәселе төңірегіндегі тарихнамалық шолу зерттеушілердің басым бөлігі миграциялық теорияны қолдайтындығы байқалады. Яғни, олардың пікірі бойынша сахалар оңтүстік тамырлы, қоныс аударып келгендер. Осы теорияның шеңберінде сахалардың тарихи отаны жөніндегі сұраққа жауап іздеген бірнеше болжамдарды да қарастыруға болады.

ХҮІІ ғасырдың екінші жартысындағы тарихнамада саха халқының Байкал жағалауынан шыққандығы туралы болжам ұсынылды. Осылайша Идес Исбрандт алғашқылардың бірі болып саха тілі мен түркі тілдерінің ұқсастығына мән берді.

Кейінгі жылдары бұл пікірді зерттеушілер Я.И.Ленданау, В.Л.Серошевский, М.П.Овчинниковтер дамытты. ХҮІІІ ғасырдың басында-ақ Ф.Старленберг пен Я.Линданау саха аңыздарының негізінде осы мәселедегі алғашқы пікірлерін білдірді. Я.Линданау сахалардың ертеректе Байкал көлінің ауданында өмір сүргендігі, буряттармен мәдени және материалдық байланыста болған, ХҮІ ғасырда бөлек кеткен тайпаның Лена өзенінің алқабына қоныс аударғаны туралы болжам жасайды.

Саха еліне жер аударылған Серошевский жинаған материалдарының негізінде Якутия туралы бірнеше әңгіме мен мақалалар жазған. Ол өз еңбегінде саха халқының өмірі мен тұрмысын мейлінше шынайы және бұрмаламай сипаттаған. В.Л.Серошевскийдің монографиясы сахалардың оңтүстіктен, далалық шығу тегі туралы мол этнографиялық мәлімет береді [9].

XIX ғасырдың соңында М.П.Овчинников сахалардың этнографиялық тарихымен байланысты зерттеу жұмыстарымен Байкал мен Ангара жағалауында ауыз әдебиеті (фольклор) мен археологиялық мәліметтер жинады.

XVIII ғасырда Ф.Страленберг пен Г.Миллер халық ауыз әдебиетіне сүйене отырып сахалардың Шыңғысханның күшейген кезеңінде Моңғолиядан ығысқандығы туралы болжамды ұсынып негіздеді. Тарихшылардың пікірі бойынша саха тіліндегі моңғол сөздерінің көптеп кездесуі, сахалардың өткен тарихында моңғолдармен ұзақ та тығыз қатынаста қатар өмір сүргендігінің дәлелдемесі болып табылады екен [10].

Фольклор материалдарымен танысу және оларды жіктеп, нақтылау П.Кларк, Н.Ф.Остолопов, Н.Н.Щукин, Н.А.Костров сияқты зерттеушілерге сахалардың саян-енисейлік байырғы отаны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік берген. Мысалы, П.Кларк ертедегі сахалардың Енисейдің жоғарғы ағысында, кейіннен сол маңда көшіп-қонып жүргендігі туралы ауыз әдебиетінің XIX ғасырдың ортасына дейін сақталғандығын жазады.

Ауызша жеткен бірқатар әңгімелерде арғы атасы Омогой Баай өмір сүрген сахалардың байырғы отаны ретінде Ураанхай елі аталатыны белгілі. Кейіннен сахалардың ата-бабалары бұл жерден бүкіл байлықтары және малдарымен бірге Байкал жағалауына көшіп кеткен [11].

Сахалардың Уранхайлық шығу тегі жайлы болжамды XIX ғасырда Д.А.Кочнев пен В.Ф.Трошанский сынды зерттеушілер ұсынды. Д.А.Кочневтің пікірі бойынша сахалардың отаны Түркістанда болған. Шыңғысханның түркі тайпаларын жаулап алуы кезеңінде уранхай халықтарының бір бөлігі болған сахалар «солтүстік-шығысқа, Байкал жағалауына бас сауғалаған». Ғалымдар сахаларды халық ретінде оңтүстікте қалыптасып, содан кейін ғана Ленаның орта ағысына қоныс аударған деп санайды. «Ураанхай-сахалар» атты еңбегінде танымал тарихшы Гаврилл Васильевич Ксенофоновтың пікірі бойынша сахалар Виллой, Олекма, Ленаның төменгі сағасын, Оленька, Анабра өзендері аймағын Якутияның орталық бөлігінен бұрын қоныстанған [12].

Академик А.Бернштамның сахаларды VIII ғасыр шамасында солтүстікке кеткен ғұндардың ұрпағы және шығу тегі жағынан аралас халық екендігі туралы ойы Г.Ксенофоновтың пікіріне сай келеді. Ксенофонов түркітілдестердің басым компонентін атай отырып, сахалардың мәдениеті мен этникалық құрамының күрделі сипаты жөніндегі тезисін ұсынды. Зерттеуші сахалардың этногенз процесі Байкал жағалауы аймағында жүргендігін айрықша атап өткен. XVIII ғасырда тағдыр тәлкегімен Сібірді алғашқы зерттеушілердің біріне айналған швед тұтыны И.Страленберг сахалардың ата-бабалары деп ортаазиялық сақтарды атады. XIX ғасырда орыс ғалымы Н.А.Аристов та сахалардың шығу тегін сақтармен байланыстырған қорытынды жасады. 1899 жылы сахалардың тұрмысы жөнінде еңбегі жарық көрген Д.А.Кочнев сахалардың ата қонысы Түркістан болғандығы туралы болжам келтірген.

Рахманқұл Бердібай өзінің сахалар жөніндегі шағын мақаласында, «XI ғасырға дейін якуттар қай жерді мекендеді? Осы сауалды шешуге азды-көпті санлау беретін Олонхо көркем жыр ғана емес, әрі көне тарихи шежіре», [2, 5] дейді. Сахалардың олонхо эпостарында оқиғалар «Араат Байгал» немесе «Арылы Байгал» маңында өтеді. Саха халқының көрнекті ұлы П.А.Ойунскийдің пікірінше, «Араат» және «Арылы» Арал теңізі болуы керек. Мұнан шығатын қорытынды, Ойунскийдің ойынша сахалардың шыққан жері және олонхо отаны «Арал теңізінің шығыс не солтүстік-шығыс бағыттағы» аймақ болып табылады [13]. П.А.Ойунский саха олонхосандағы Омогой мен Эллейдің ата-бабасы аттарында кездесетін Аргын есімін қазақтың арғын руымен байланыстырған. Т.А.Инсебаев пен Е.З.Кажибеков қазақтың арғын руының шежіресі мен саха халқының тегіндегі байланыстарға алғашқылар болып назар аударды. Саха шежіресіне сәйкес, Омогой мен Эллейдің аталары: Оксуку-Мэйэрэм Суппу-Хорохой-Аргын-Айаал-Орос Куол Дьулдьугун-Туортугул-Хайаран-Омогой, Эллей. Т.А.Инсебаев пен Е.З.Кажибеков саха аталарының аттарын арғындар құрамындағы Сүйіндік руының тегімен тарқатып-салыстырды: оразгелді-ороскуолдьулдьугун; төртүл-туортугул, мейрам-мэйэрэм суппу [14]. Василий Ушницкий «Саха халқының шығу тегі мәселесі жөнінде» атты мақаласында сахалардың түркітілдес ата-бабалары Арғындардың тайпалық одағында болған болуы мүмкін дегенді айтады. XVII ғасырдағы сахалар үшін жалпыұлттық бірліктің тамыры Шыңғысхан дәуіріне дейінгі Қазақстанның қыпшақ тайпасында жатыр десе, «Саха этногенезіндегі қыпшақтық компонент» мақаласында А.И. Гоголев, Б.Б. Дашибалов пен В.С. Николаевтың ғылыми жарияланымдарында қыпшақтардың Шығыс Сібірге енуі және олардың саха мен буряттардың этногенезінде қатыстылығы

делелденеді [15] деп жазады. Жалпы саха халқының этногезіндегі қыпшақтық элемент жөнінде Ушницкий В.В. 2004 жылы Якутске қорғаған кандидаттық диссертациясында қарастырған [16].

С.И.Боло мәліметтеріне қарағанда сахалардың ата-бабалары өздерін біртұтас халық деп санап, өздерін «ураанхай-саха» деп атаған [11, 128]. В.Л.Серошевский еңбегінде өздерін саха атағанымен, ертегі, өлең, құлшылықта «урангай саха» атауды ұнататынын жазған [9, 194]. С.М.Ахинжанов ежелгі араб-парсы деректерінде қимақ халқының өз аты «уранкай» атымен белгілі дейді [17, 119-146]. Сахалардың ауыз әдебиетінен ата-бабаларының ерте кезде Ураанхай елінде өмір сүріп, бүкіл мал-мүлкімен Байкал жағалауына көшкендігі туралы жиі кездестіреміз. Тарихының соңғы кезеңінде Арал бойында өмір сүрген қимақ-уранкайларды саха аңызындағы ата-бабаларының қонысы болған Ураанхаймен байланыста қарастыру терең зерттеулерді қажет етеді.

Саха ата-бабаларының моңғол дәуіріне дейін оңтүстіктен шыққандығы туралы пікір талас тудырмағанымен, түркілердің батыстағы алқаптарға емес, не себепті алыстағы солтүстікке кетті деген сұраққа жауап бере алмайды. XIII ғасырға дейін моңғол тайпаларының түркілерді ығыстырғаны жөніндегі болжам да ақиқатқа сай келмейді.

Біз мақаламызда сахалардың этникалық тамырын айқындауда басты бағыттарды анықтауға тырыстық. Сахалардың шығу тегі туралы зерттеулер мен көзқарастарды қарастыра отырып, бұл мәселедегі соңғы нүктенің қойылмағандығына көз жеткізе түстік. Саха халқы қазіргі мекенінде XVI-XVII ғасырларда жаңа ұлт ретінде қалыптасты. Сондай-ақ, саха халқының қазақ жерінен тарағандығы туралы мәселе мен шығу тегі тақырыбында «сақ», «қыпшақ», «қимақ», «арғын» болжамдарын дәйекті тұжырымдамаларды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Біз – Ұлы дала мұрагерлеріміз! // Қазақ үні, N37, 15 қыркүйек, 2015 жыл.
2. Гоголев А.И. Истоки этногенеза тюркоязычных народов Сибири / Тюркология-88. Тезисы докладов и сообщений V Всесоюзной тюркологической конференции (7-9 сентября 1988 года). – Фрунзе: Илим, 1998. - 670
3. Бердібай Р. Байқалдан Балқанға дейін. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 256 бет.
4. Иванов В.Н. Русские ученые о народах северо-востока Азии. (XVII - начало XX в.) - Якутск: Кн. изд-во, 1978.
5. Федерова С.А. Этногеомика коренных народов Республики Саха (Якутия). – М., 2008
6. Васильев И.Ф. История и культура Якутии / Эрдэм шинжилгээний бичиг №9 (Ученые записки №9). – Улаанбаатар: Орхо их сургууль, 2008. – 316 с.
7. Михайлов В.Д. Проблемы идентификации культуры саха в тюркском мире / Тюркский мир: от Якутии до Средиземного моря через Кыргызстан. Материалы международной научно-практической конференции. 25-26 март 2011г. – Бишкек: Айгөлек, 2013. – 368 с.
8. Уваров С. Теории происхождения народа саха: взгляд из настоящего в прошлое / Тюркский мир: от Якутии до Средиземного моря через Кыргызстан. – Бишкек: Айгөлек, 2013. – 368 с.
9. Серошевский В.Л. Якут: Опыт этнографического исследования. – М., РОССПЭН, 1993. – 736с.
10. Миллер Г.Ф. История Сибири. Т.3. 2-е изд. –М., 2005.
11. Боло С. Прошлое якутов до прихода русских на Лену. – Якутск: Бичик, 1994
12. Ксенофонов Г.В. Ураангхай-сахалар. Очерки по древней истории якутов. Т.1. – Якутск, 1992
13. Ойунский П.А. Якутская сказка, ее сюжет и содержание // Айымньылар. - Т.VII. - Якутск, 1962. - С.128-191
14. Инсебаев Т.А., Кажибеков Е.З. Некоторые предварительные результаты сопоставления и анализа названий родоплеменных групп адай и суондук // Тюркская ономастика. -Алма-Ата, 1984. - С.107-108.
15. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. - Алма-Ата: Наука, 1989.
16. Ушницкий В.В. Кыпчакский компонент в этногенезе Саха / Вестник Томского государственного университета. История. 2015. № 3 (35)/ [file:///C:/Documents%20and%20Settings /User / Downloads/ Kipchak%20component %20in%20the%20Sakha%20ethnogenesis.pdf](file:///C:/Documents%20and%20Settings/User/Downloads/Kipchak%20component%20in%20the%20Sakha%20ethnogenesis.pdf)
17. Ушницкий В.В. Происхождение народа саха :По материалам исторических преданий. Кандидатская диссертация. – Якутск, 2004 / <http://www.dissercat.com/content/proiskhozhdenie-naroda-sakha-po-materialam-istoricheskikh-predanii>

О ПРОБЛЕМАХ МНОГОСТОРОННЕЙ ТЕОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ НАРОДА САХА
М.М.Тастанбеков, Л.С.Динашева

В статье анализируются разные гипотезы происхождения народа саха (якут). Рассматриваются не только варианты автохтонности или этнического развития, а также исследуется тюркская характеристика этногенеза и возможная связь с казахской землей.

TO THE PROBLEM OF VERSATILE THEORICS OF SAKHA NATION ORIGIN
M.M.Tastanbekov, L.S.Dinasheva

This article analyses different hypothesis of Sakha nation establishnant (yakut). It deals with not only the variants of autochthons and alrens, but also studies turkic characteristics of ethnogenesis and possible connections with Kazakh land.

ӨОЖ: 958.4

М.М.Тастанбеков¹, Г.С.Конкина²

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті¹

Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты²

САХА ХАЛҚЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН

Мақала саха (якут) халқы жөнінде патшалық кезеңдегі алғашқы жазбаларды саралауға арналған. XVII ғасыр ортасы - XX ғасыр басы аралығында саха халқы, жері, тілі туралы зерттеулер тарихы қарастырылады. Алғашқы жазба авторлары ретінде жиһангездер, елшілер, жер аударылғандар, экспедиция мүшелері аталады. Аталған еңбектердің өзіндік кемшіліктеріне қарамастан сахалар туралы мағлұмат берер құндылығы атап өтіледі.

Түйін сөздер: Саха, якут, Якутия, Линденау, Мек, Пекарский, Серошевский

Сахалардың шығу тегі туралы зерттеулер ғылыми тұрғыдан өзіндік қызығушылық тудыратын мәселе болып табылады. Сонау кезден сахалардың ата-бабаларының кімдер екендігі және қайдан келгендігі туралы сұраққа түрлі халықтардың көптеген зерттеушілері жауап беруге тырысып көрді. Алғашқы зерттеушілер негізінен фольклор мен ауыз-екі мәлімет материалдарына сүйенсе, кейінгі уақытта сахалардың этногенезі мәселесін зерттеумен түрлі ғылым өкілдері: этнографтар, археологтар, антропологтар, тіл мамандары мен фольклор жинаушылар айналысты.

Біз өзіміздің шағын мақаламызда саха халқының тарихы мен тұрмысын зерттеу тақырыбына арқау еткен барлық авторлар мен еңбектерді санамалауды мақсат етпейміз, оған мүмкіншілігіміз де болмас еді. Сол себепті де, тарихнамда жалпы қалыптасқан үрдіспен кезеңдерге бөлу арқылы, соның ішінде империялық немесе патшалық кезең аталған уақыттағы сахалардың зерттелуіне шолу жасаймыз.

Сахалар жөнінде жазған алғашқы авторлар жөнінде С.И.Болоның «Орыстардың Ленаға келгенге дейінгі якуттардың өткені», В.Н.Ивановтың «Орыс ғалымдары солтүстік-шығыс Азия халықтары туралы (XVII - XX ғ. басы)», З.Д.Титов құрастырған «1785-1795 ж.ж. Солтүстік-Шығыс географиялық экспедициясының этнографиялық материалдары», А.П. Окладников «Якутия АССР-нің тарихы. - Т.І. Ресей мемлекетіне біріккенге дейінгі Якутия» [1-4] атты еңбектері көптеген құнды материалдар береді.

Саха халқы жөніндегі алғашқы ақпарат жиһанкездер мен саяхатшылар жазбаларынан кездеседі. Дегенмен бұл мәліметтердің ғылыми құндылығы шектеулі сипаттау тұрғысынан бандалады. XVII ғасырдың соңында сахалар туралы Сібір арқылы Қытайға сапар шеккен Ресей елшісі Эверт Исбрант Идестің күнделігінде жазылған. Онда ол алғашқы болып саха тілінің татар тіліне, яғни түркі тілдеріне жақын екендігіне назар аударған және ол ертеректе сахалардың буряттармен бір халықты құрап Байкалда өмір сүргендігі айтылады [5, 20-21].

Ресей империясының құрамына қосылуымен табиғаты қатал Саха жері түрлі көтеріліс пен бүліктерге қатысқандар жазасын өтеу үшін жіберілетін аймаққа айналды. 1649 жылғы Ресейде басыбайлылық құқығын бекіткен заңнан кейін, Якутия қылмыскерлерді жер аударатын орын ретінде ресми жарияланды. Сол кезеңнен кейін Саха жері «торы жоқ түрмеге» айналды. Сондықтан да, саха халқының тарихы мен мәдениетін алғашқы болып зерттегендер бұл аймаққа Ресейдің жер аударылған түрлі халық өкілдері: немістер, шведтер, поляктар, орыстар, украиндер және т.б. болды. Зерттеушілер сахалардың тілі мен ауыз әдебиетіне, дәстүрі мен әдет-ғұрпына, киімі мен тұрмысына, халықтың шығу тегіне қызығушылық танытты.

Якутияны сипаттаған бірінші белгілі деректің авторы Адам Каменский-Длужик болды. Белоруссияда туған поляк халқының өкілі соғыс кезінде орыстар тұтқынына түсіп, 1662 жылы Якутияға жер аударылған. С.Дежнев, М.Стадухин сияқты басқа да алғашқы жиһанкездермен таныс болған, олардан естіген әңгімелер әсерімен Якутияның табиғаты, сахалардың тұрмысы мен әдет-ғұрпы туралы поляк тіліндегі мәліметтерін жазды. 1665-1667 жылдары Якутскіде тұрып, түрме бақылаушысы қызметін атқарды. Длужиктің жазбаларында асырасілтеушілікке жол беріліп, ақиқаттылықтың сақтала бермеуі кездескенімен Сібір мен Якутия туралы алғашқы дерек саналады [8, 95].

Саха тілінің шығу төркіні туралы түсіндірме жасауға тырысқан алғашқы шығармалар қатарында Полтава шайқасында тұтқынға түсіп, 1711-1722 жылдар аралығында Сібірде өмір сүрген швед капитаны Филипп Иоганн (Табберт) Страленбергтің «Еуропа мен Азияның Солтүстік және Шығыс бөліктері» атты еңбегін атауға болады. Тағдыр тәлкегімен Сібірді зерттеушілердің бірі болған И.Страленберг Ништадт бітімінен кейін отанына оралып, 1730 жылы Стокгольмде белгілі еңбегін жариялады. Айдаудағы соғыс тұтқыны Ф.И.Страленберг саха тілін, тарихын тереңірек зерттеді. Бұл елдің аты Цин Цаха, немесе Синн Саха, ал мағынасы Шын Сақа, Нағыз Сақа, Согот – жігіт, ер, Цин Соготох – нағыз ер жігіттер дегенді білдіретінін түсінген ғалым олардың анық кәдімгі тарихтағы атышулы Орта Азиялық сақтар екенін жазып, тек, мұнда, Сібірдің қиян шетінде қайдан жүргеніне таңданған екен. Осылайша, И.Страленберг ортаазиялық сақтардың саха ата-бабалары болып табылатындығы туралы алғаш болжам жасады. XIX ғасырда орыс ғалымы Н.А.Аристов та осындай қорытындыға келген [7, 129]. Сондай-ақ, И.Страленберг пен Г.Миллер сахалардың Шыңғысхан дәуірлеуі тұсында Моңғолия жерінен шыққандығы туралы пікірді негіздеп ұсынушылар болды [5, 320].

Амстердамның бургомистрі, географ және этнограф Николо Корнелиус Витзен Сібір және Якутияға деген қызығушылығымен жиналған материалдар негізінде 1692 жылы «Тартарияның солтүстігі және шығысы» атты кітабын жариялайды. Онда саха халқының санаулары, 35 якут сөзі және христиандық дүға мазмұнының саха тіліндегі аудармасы енген. Н.И.Василев ХVIII ғасыр соңындағы аталмыш еңбекте кездесетін сөздердің қазіргі уақыттағы қолданыста мазмұн-мәнінің өзгергендігіне айрықша көңіл бөледі. [8, 105] 1704 жылы Амстердамда Н.Витзен буряттармен қатар өмір сүрген сахалардың Байкал жағалауынан қоныс аударғандығы туралы жазды.

Фольклор бойынша үлкен материал ІІ-ші Камчатка экспедициясы (1733-1743 ж.ж.) барысында жинақталды. Герард Фридрих Миллер тілдік материал жинап, сахалардың Шыңғысхан дәуірлеуі тұсында Моңғолия жерінен шыққандығы туралы пікірді ұсынса, Георг Вильгельм Стеллер 22 қатарлы саха әнін жазып алған. Яков Иоанн Линденау сахалар жөнінде мол тарихи-этнографиялық материал жинады, 24 тарауда 600 сөзден тұратын сөздікпен «сахалардың жазбаларын» құрастырды.

Сахалардың шығу тегі мәселесіне алғашқы болып арнайы қызығушылық танытқан адам ретінде ІІ-ші Камчатка экспедициясының мүшесі Яков Иоанн Линденауды айтуға болады. Сол уақытта халық аузында айтылып жүрген аңыз-әңгімелер негізінде сахалардың ата-бабалары Омогой мен Элэй Байкал жағалауында кездескен деген пікірге келген [6, 176]. Сонда-ақ, Линденау сахалардың барабин және красноярскі татарлармен этникалық байланысын атап өткен. ІІ-ші Камчатка экспедициясына қатысушылар (И.И.Биллингс, Ю.Джулиани) материалдарында Омогой тайпасына кейіннен бурят-хориндіктердің тайпасы келіп қосылғандығын жазады. Сондай-ақ, сол экспедиция мүшелері хориндіктерді сахаларға кейін қосылған және олармен бірге тұрып өз тілін ұзақ сақтаған бөлек тайпа ретінде жазады [3].

1787 жылы Симон Паллас үш жүзге жуық сөзді құраған саха-орыс сөздігін жариялады. 1768-1774 жылдары өзінің Сібірге жасаған экспедициясы кезінде құнды материал жинақтады.

Колымадан Беринг бұғазына дейінгі Мұзды мұхиттың жағалауын зерттеген Иосиф Биллингстің Солтүстік-шығыс теңіз экспедициясының (1785-1793 ж.ж.) мүшелері де саха сөздерін жазып алып отырған. Экспедиция дәрігері Роббек, экспедиция мүшесі, капитан Г.А.Сарычев нәтижелерін жариялаған. 300 саха сөзін құрайтын сөздік құрастырылды. Экспедицияның келесі бір

мүшесі, профессор Карл Мерк **1806** жылдың ақпан айында «Якуттардың шығу тегі, сенімі мен салты туралы» еңбегін жариялады. Мерк Якутскіде тұрып, улустарды аралады, сахалармен жақын араласқан.

1842 жылы тірі организмдердің Сібірдің солтүстігінде бөлінуін және табиғи құбылыс феномині ретінде мәңгілік мұздақты зерттеуді мақсат еткен Сібір экспедициясы ұйымдастырылады. Экспедицияны Балтық жағалауының тумасы, медицина докторы Александр Федорович Миддендорф басқарды. Миддендорф Таймырдан Охотск жағалауына дейінгі **3** жылға созылған экспедициясына барысында Якутскіге келіп, **1844** жылдың **18** ақпаны мен **6** сәуір аралығында Шергин шахтасында, **116** метр тереңдікте мәңгілік мұздақ сырларын зерттеді. Сондай-ақ, тарихи-этнографиялық зерттеу жүргізді, қала архивінде жұмыс жасады, саха фольклорын қағазға түсірді. Сібір экспедициясының материалдары **1860-1878** жылдары «Сібірдің солтүстігі және шығысына саяхат» деген атаумен жарық көрді.

1853 жылы Ричард Карлович Маак бастаған Виллойск экспедициясы ұйымдастырылды. Экспедиция сегіз мың шақырымдық жол жүріп, аз зерттелген виллоиск аймағының **52** парақ картасын құрады, баға жетпес тарихи-этнографиялық материал жинақтады, екі олонхо, жиырма жұмбақ, сахалардың көне анты жазып алынды. Нәтижесінде **1883-1886** жылы жарық көрген «Якутск облысының Вилиуйск аймағы» атты еңбегі жарияланды.

Василий Васильевич Ушницкий диссертациялық жұмысында, «Н.А.Аристов Батыс Тянь-Шаньда өмір сүрген байырғы сака халқын сахалардың ата-бабалары санады, Д.А.Кочнев пен В.Ф.Трощанский сахалардың шығу тегінің уранхайлық болжамын ұсынады, яғни сахаларды тывалықтардың туысы деп атайды. Д.А.Кочневтің болжамы бойынша сахалардың атажұрты – Түркістан жері. Шыңғысханның түркі тайпаларын бағындыруы кезінде уранхай халқының бір бөлігі-якуттар «солтүстік-шығысқа, Байкал жағалауына ойысқан», [7, 12] деп жазады. Трощанский Василий Филиппович Молдавияның дворян отбасында дүниеге келіп, Кишинев гимназиясында, Петербург технологиялық институтында оқыған. Революциялық студенттік қозғалыстың белсенді мүшесі, «Жер мен ерік» қоғамын құрушылардың бірі ретінде Якутияға өмірлік жер аударылған болатын. Мұнда сахалардың тұрмысын, отбасылық-некелік қатынастарын зерттеді. «Сахаларда қара сенімнің (шамандық) эволюциясы» еңбегінің авторы. **1898** жылы **42** жасында қайтыс болған.

Саха халқында ерте замандарда өз жазуларының болғандығы, алайда солтүстікке көшкен ұзақ жолда жоғалтып алғандығы туралы аңыз бар. Қазіргі қолданыстағы алфавиттің пайда болуына дейін де саха тілін зерттеген адамдардың қажырлы еңбегін де айта кеткен жөн.

Осылайша тіл мен фольклорды талдау және зерттеудің нәтижесінде сахалар түркі халықтарына жатқызылды. Мұндай қорытындыға алғаш келгендердің бірі «Якут тілінің грамматикасы» атты еңбегінің авторы О.Н.Бетлингк болды. Отто Николаевич Бетлингк саха тілінің зерттелуіне мол үлес қосқан академик-лингвист саналады. **1851** жылы «Якуттар тілі туралы» атты негізгі еңбегі баспадан шығып, саха тілінің нағыз ғылыми зерттелуіне жол салды. Сол жылы алғаш рет олонходан үзінді жариялады. Бетлингк өз еңбегін автордың қызметін суреттеген және сол уақыттағы халықтың тұрмысы туралы құнды мәліметтер қамтыған бірінші көркем шығарма саналатын А.Я.Уваровскийдің «Естеліктері» негізінде жазды. Автор жергілікті халықпен жақсы қарым-қатынаста болғаны үшін патшалық әкімшіліктің құдалауына ұшырады [9, 118]. Оның еңбегінің зерттеушілер үшін өте үлкен ғылыми маңызы бар. Осы ғылыми жұмысын жазып шығуы үшін автор арнайы құрастырған алфавитін қолданған. Аталған еңбек саха тілін зерттеуде алғашқы кешенді еңбек болып табылады. Бетлингк құрастырған алфавит «қазан төңкерісіне» дейін қолданыста болды. Ол сондай-ақ, Э.К.Пекарскийдің «Якут тілінің сөздігін» **13**-шығарылымда жариялады [8, 106]. **1854** жылы Якутскіде болған кезінде Бетлингктің «Якуттар тілі туралы» және А.Уваровскийдің «Естеліктері» еңбектеріне дұрыс баға берген орыс жазушысы И.А.Гончаров: «Бұл үлкен филологиялық еңбек, дегенмен якут тілі туралы болашақтағы түпкілікті зерттеулерге тек материал ретінде қызмет етуге тиіс бастапқы еңбек» деген болатын. Миддендорф, Линденау, Бетлингк және т.б. зерттеушілер саха тілінің түрік, татар тілдері сияқты түркі тілдерімен ұқсастығына атап өткен.

Олекминдік Спасск шіркеуінің қызметшісі Георгий Яковлевич Попов бірінші саха алфавитін жасады. **1812** және **1819** жылдары осы алфавит негізінде Иркутскіде «Қысқартылған катехизис» пен «Дұғалар» кітаптары басылып шықты. **1858** жылы христиандықты сахалар арасында таратуды көздеген миссионер Дионисии Хитровтың алфавиті дайындалғанымен жалпылық қолданыста болмады. Өз алфавитін құрастыруда С.В.Ястремский, В.М. Ионов, Э.К.Пекарскийлер еңбек еткен. Кеңестік кезеңге дейін сахалардың жазуы болғанымен халықтың басым бөлігінің сауатсыз болу себебінен кең таралмағандығы туралы қорытынды жасауға болады. Э.К.Пекарский саха фольклорын

жинақтаушы және сахалардың шығу тегін зерттеуші ретінде де танымал. Сондықтан оның «Предание о том, откуда произошли якуты» және «Якутский род до прихода русских» атты материалдары қызығушылық тудырады [7, 18].

Минскіде дүниеге келіп, студенттердің революциялық қозғалысына белсенді қатысушы болған Э.К.Пекарский 1881 жылы Сахаға жер аударылып, аздаған уақытта саха тілін үйренеді. Бүкіл өмірінің басты еңбегі саналатын, 45 жыл өмірін арнаған 25 мың сөзден тұратын «Якут тілінің сөздігі» атты 3 томдықты, 15 сөзден тұратын картотеканы құрастырды. 1895 жылы айдауда болған мерзімі аяқталғанына қарамастан, сөздікті толықтыру жұмыстарын аяқтау үшін 1905 жылға дейін қалды. Э.К.Пекарский саха жерінде 25 жыл өмір сүрді. Аталмыш еңбегі үшін Ресей ғылым академиясы құрметті академик атағын берді. 1863 жылғы поляк көтерілісіне қатысушылар Сахаға жер аударылды. 1863-1864 жылдары айдауда болған бұрынғы поляк көтерілісшілері саны 255 адамға жетті. Олардың ішінде 1873-1875 жылдары Анабар, Оленек өзендерінің бассейнін, Ленаның сол жағалауы мен төменгі ағысын зерттеген Александр Чекановский еді. Бұрынғы поляк көтерілісшісінің есімі танымал геолог және географ ретінде сақталды. Оленько мен Лена арасындағы таулы биіктік Чекановский атын иеленген. 1891-1892 жылдары Яна, Индигирка, Колыма аудандарын зерттеген танымал ғалым-геолог Ян Черский болды. Ол сондай-ақ саха этнографиясы жөнінде материал да жинады. Бүгінде оның есімімен тау қыраты аталады [8, 86].

Этнографиялық тұрғыдан В.Л. Серошевскийдің «Якуттар» атты еңбегінің маңызы жоғары. Саха еліне жер аударылған Серошевский жинаған материалдарының негізінде Якутия туралы бірнеше әңгіме мен мақалалар жазған. Ол өз еңбегінде саха халқының өмірі мен тұрмысын мейлінше шынайы және бұрмаламай сипаттаған. В.Л.Серошевскийдің монографиясы сахалардың оңтүстіктен, далалық шығу тегі туралы мол этнографиялық мәлімет береді. Якуттар туралы толық және құнды монография 1896 жылы Санкт-Петербургте алғаш жарық көрсе, «Якутия алтыны» акционерлік компаниясының демеушілігімен 1993 жылы қайта баспадан шықты. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарындағы кеңестік жүйенің күйреуімен тарихи дәстүрге бет бұру және рухани мәдениеттің дамуы сахаларды тамаша еңбекпен қайта қауыштырды. 1880-1892 жылдар аралығында 12 жыл айдауда болып, 1896 жылы «Якуттар», 1905 жылы «Якут әңгімелері» атты үлкен сұранысқа ие болған жинақтары жарияланды [10, 5]. 1896 жылы Польшаға оралғаннан кейін де В.Л.Серошевский әдебиет, ғылым, саясатпен айналысуын жалғастырады. Поляк ғылым академиясының президенті, Сенат мүшесі қызметтерін атқарды.

Қорыта айтқанда, алғашқы уақыт зерттеушілеріне ортақ белгі олардың өз зерттеулерінде ең алдыменен халық ауыз әдебиеті мен тілдік ерекшеліктерін негізге алуы болды. Патшалы Ресей бодан халықтың тарихын өз қалауынша жазып, түркітілдес халықтардың өз тарихы мен мәдениетіне деген құқықтарымен санаспады. Дегенмен, Миддендорф, Маак және Сибияковскийдің экспедициялары нәтижесінде жүйелі ғылыми зерттеулер жүргізілді. Нағыз зерттеушілер сахалардың үлкен қабілеттілігі мен таланттылығын, саха тілінің айрықшалығы мен шуақтылығын, халықтың білімге ұмтылысы мен ішкі жоғары мүмкіншілігін атап жазды. Қазан төңкерісіне дейінгі барлық зерттеушілер саха халқын оңтүстіктен келген, қазіргі өмір сүру аймағына қалыптасқан халықтың қоныс аударуы ретінде қарастырды. Саха халқының зерттелу тарихына саяси-айдауда болғандар да үлкен үлес қосты. Олардың арасында өз заманының білімді әрі прогрессивті адамдары болды. Сахалар жөнінде патшалық кезеңде жазылған еңбектер қазіргі уақытта да ғылыми қызығушылық туғызып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Боло С.И. Прошлое якутов до прихода русских на Лену (По преданиям якутов бывшего Якутского округа). - Якутск: Бичик, 1994. - С.23, 35.
2. Иванов В.Н. Русские ученые о народах северо-востока Азии. (XVII - начало XX в.) - Якутск: Кн. изд-во, 1978. - С.20-21.
3. Этнографические материалы Северо-Восточной географической экспедиции 1785-1795 гг. - Составитель З.Д.Титова. - Магадан, 1978. - С.28.
4. Окладников А.П. История Якутской АССР. - Т.І. Якутия до присоединения к русскому государству. - М.-Л., 1955. - С.318;
5. Ксенофонтов Г.В. Ураанхай-сахалар. Очерки по древней истории якутов. - Т.І. Кн.І. - Якутск, 1992
6. Линденау Я.И. Описание народов Сибири: (первая половина XVIII века). - Магадан: Кн. изд-во, 1983.
6. Ушницкий В.В. Происхождение народа саха: По материалам исторических преданий. Докторская диссертация. – Якутск, 2004. – 189 / Научная библиотека диссертаций и авторефератов

disserCat <http://www.dissercat.com/content/proiskhozhdenie-naroda-sakha-po-materialam-istoricheskikh-predanii#ixzz3x8cyB9Ap>

7. Васильев Н.И. История Якутии (с древнейших времен до 1917 г.). Якутск: Бичик, 2007. - 152 с.

8. Васильев И.Ф. История и культура Якутии / Эрдэм шинжилгээний бичиг №9 (Ученые записки №9). – Улаанбаатар: Орхо их сургууль, 2008. – 316 с.

9. Серошевский В.Л. Якут: Опыт этнографического исследования. – М., РОССПЭН, 1993. – 736с.

ИЗ ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ НАРОДНОСТИ САХА

М.М.Тастанбеков, Г.С.Конкина

В статье анализируются первые письменные источники о народности саха (якутов) царского периода. Рассматриваются язык, расселение народа саха в период середины XVII - начало XX века. Первыми авторами письменных источников являются путешественники, послы, ссыльные, члены экспедиции. Несмотря на недостатки рассматриваемых трудов, сведения о народности саха являются очень ценными в исследовании.

FROM THE HISTORY OF THE STUDY OF NATION OF SAKHA

M.M.Tastanbekov, G.Konkina

The article deals with the analyzing of the first written sources about the peoples of the Sakha (Yakuts) the imperial period. Also the language, resettlement of the Sakha people in the mid XVII - beginning of XX century was discussed. The first authors of written sources are travelers, ambassadors, immigrants, members of the expedition. Despite the shortcomings of the reviewed papers, information about the peoples of Sakhas very valuable in the study.

622 (574.4) «1920/1930»

Қ.Қ. Байсарина, А.Қ.Ахметова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АСТЫҚ ДАҒДАРЫСЫ КЕЗІНДЕГІ САЛЫҚ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ (1927-1928ЖЖ.)

Аннотация: Бұл мақала кеңестік тоталитарлық жүйенің қалыптасу кезіндегі ауыл шаруашылығындағы астық дағдарысы кезіндегі салық пен әлеуметтік-экономикалық саясат мәселелеріне арналған.

Түйін сөздер: жаңа экономикалық саясат, қаржы комиссариаты, қазақ ауыл шаруашылығы банкі, тәркілеу шаралары, индустрияландыру.

Жаңа экономикалық саясат рыноктық қатынастарды дамытып, жеке ынталандыру, шаруашылық еркіндігі мен демократиялық потенциалды жандандырды. Уақытша табысқа алданған өкімет социалистік құрылысты Ленин жоспарлағандай ұзақ мерзімге емес, тез арада орнату бағытын басшылыққа алып, жедел индустрияландыруға кірісті. Өйткені экономикадағы рыноктық қатынастардың дамуы мен меншіктің көптүрлігіне мемлекеттің түрі пролетариат диктатурасы, сәйкес келмеді. Сөйтіп, жаңа экономикалық саясат Кеңес өкіметінің түпкі мақсаттарымен үйлеспеді. Ең басты кедергі - Ресейдің өнеркәсіп жағынан артта қалуын жою мақсатында жүзеге асқан индустрияландыруды қаржыландыру - халықаралық экономикалық блокада жағдайында тек ішкі мүмкіндіктерге ғана негізделді. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп арасында қалыптасқан салыстырмалы тепе-теңдік индустрияландырудың қарқынын жеделдетуге байланысты бұзылып, ауыл шаруашылығын қиын жағдайда қалдырды. Өнеркәсіп товарларының қымбаттап, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасының төмендеуі - мемлекеттің азық-түлік дайындау қызметіне қиындықтар туғызды. Оның алғашқы белгілері Ресейде 1927 жылдың жаз айларында байқалып, шаруалар дайындау бағасының төмендеуіне байланысты астық тапсырудан бас тартты. Ең бастысы-

дайындау дағдарысы астықтың аздығынан емес, қате экономикалық саясаттан туындады. Егер Ресейде 1926-27 жылы 438 «млн. пұт астық тапсырылса, егіннің бітік шыққанына қарамастан 1927-28 жылы 300 млн. пұт [1] дайындалып, астықты шетке шығару түгілі, қалаларды нанмен жабдықтау мүмкіндігінен айырды. Қазақстанда да осындай жағдай қайталанып, 1927/28 жылы 25.086 мың пұт астық дайындалды, ал 1926-27 жылы оның көлемі 54095 мың [2] болғанын ескерсек, дағдарыстың өте жоғары деңгейін көруге болады.

Сталин бастаған партия басшылығы бұл дағдарысты "шаруалар бүлігі" деп, экономикадағы қателіктеріне талдау жасай алмады. Шын мәнінде, дайындау дағдарысын тудырған объективті себептердің болғанын айтпауға болмайды. Біріншіден, бұл өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің қайшылығы қаржы тапшылығынан, жедел индустрияландыру нәтиже бермей, арзан товар шығару мүмкіндігі қалыптаспаған кездегі теңсіз товар айналымынан туындады. Екіншіден, ауыл шаруашылығына қажетті құрал-сайман, техниканың ескеруі мен жетіспеуіне индустрияландырудың тез нәтиже бермеуі емес, жеңіл өнеркәсіп, қолөнер кәсібіне мемлекеттің мүлде көңіл бөлмеуі де әсер етті. Өнеркәсіптің тоқырауы кезінде қолөнер өндірісін дамыту шаруа қажеттілігін өтеуде маңызды роль атқарар еді. Керісінше, 1926 жылдан бастап қолөнер кәсібіне салық көбейтіліп, оның дамуын тежеді. Сонымен қатар шаруаның кәсіпкерліктен түсетін кірісінің 35%-і шаруашылық кірісіне қосылып, салық мөлшерін көбейтті. Үшіншіден, Кеңес өкіметінің арнаулы шешімімен кедей шаруалардың салықтан босатылуы да оларды салық төлеу үшін өнімдерін сатудан босатып, өнім дайындаудың белгілі бір көлемін азайтуға септігін тигізді. Ресейде кедей шаруалардың 35%-і, Қазақстанда 37,0% салықтан босатылғаны белгілі [3].

Алайда, Кеңес өкіметі бұл объективті себептерді есепке алмады. Қиындықтан шығудың азамат соғысы жылдарында "сыннан" өткен оңай жолы әкімшіл әдістерді енгізді. Индустрияландыруға қажетті технологияны шеттен сатып алу үшін астықты экспорттау жоспарын орындау жолында төтенше шаралар басталды. Сталин бастаған мемлекет, партия басшылары елдің түпкір-түпкірлеріне астық дайындау жұмыстарына жіберілді. 1928 жылдың қаңтар айынан бастап, әкімшіл-әміршіл әдістерте кең жол ашылды. Бұл жаңа экономикалық саясаттың дағдарысының басы болды [4].

1928 жылы қаңтарда Сталиннің үлгісімен республика басшылары да астықты аймақтарға іссапарға жіберіліп, астық және ет дайындау, қаржы жинауға қатаң партиялық талаптар қойылды.

Қаржы комиссариаты, Қазақ ауыл шаруашылығы банкісі мен басқа да ұйымдар Өлкелік партия комитетінің 1928 жылғы 7 қаңтарындағы "Астық дайындаудың барысы туралы" қаулысы шешімдерне сөйкес төмендегі шаралар жүзеге асыруға тиіс болды.

-Астық дайындауды жеделдету және ақша түсіру мақсатында салықтың барлық түрлері: ауыл шаруашылығы салығы, өзіне-өзі байға міндетті салық (самообложение) т.б. несие мемлекеттік қамсыздандыру, серіктестіктердің пай төлемдерін тез арада жинап алу қажет болса кей жағдайларда күш қолдану;

-Астықты аудандарға дайындау кезеңі біткенше ешқандай ақша жібермеу, сонымен қатар қарыз беруді тоқтату;

-Ауыл-село тұрғындары арасында заемдар таратып, ақшаны жинақ кассаларынан өткізу;

-Өзіне-өзі салық салуды күшейту;

-Өнеркәсіп товарларының 80%-ін ауыл-селоға жіберу;

-Астықты мемлекетке өткізу бағасы тұрақтандырылып, бағаны көтеруге қарсы күрес жүргізу; мемлекеттік және кооперативтік дайындау органдарының жауапкершілігін арттыру.

1928 жылдың 7 қаңтарында Өлкелік партия комитетінің бюро мәжілісінде сөйлеген сөзінде Голощекин мұндай шаралардың қазақ байына қолданылмай отырғанына қатты қынжылып, бұл науқан оны (байды.) да қамтуы қажеттігін баса көрсетті. Байды әлсірету 2 бағытта:

1) Өзіне-өзі салық салуды көбейту;

2) Жоғары бағамен деревнядан астық сатып алуға кедергі қою арқылы жүргізу керектігін айтты.

Ақырында, салықтың жоғары деңгейі мен өзіне-өзі салық салуды көбейту - ет дайындаудың мөлшерін көбейтуге ықпал етуі тиіс болды. 1928 жылы астық дайындау науқанындағы бұл нұсқауларды басшылыққа алған жергілікті органдар астық дайындау науқанында заңсыздыққа жол беріп, төтенше шараларды жүзеге асырды [5].

Салық салудағы заңсыздықтар деңгейін мына фактілермен көрсетуге болады. 482 сом кірісі бар шаруашылықтардан жалпы саны 494 сом 42 тиын салық алынған. Кодинец деген шаруадан 681 сом жылдық кірістен 507 сом 56 тиын салық алынған, ол ауыл шаруашылық салығын 71 сом 70 тиыннан 2 мәрте төлеп, оның үстіне 154 сом айып төлеген, өзіне-өзі салықты 28 сом төлеп, қатаң сот

шешімімен тағы 66 сом 35 тиын төлеген. Жалпы, орыс шаруалардың салығы бұл науқанда 5 есе артық төленген, олар былтырғы жылы 60 сом салық төлесе, науқан кезінде 300 сомға жеткен, оған 1928 жылы 28 мамырда бай-кулактарға, жеке салық салу мақсатында кулак шаруашылықтарының белгілерін анықтаған нұсқау әсер етті [6].

Салықтың шаруашылық кірісіне салынатын соңғы түрі орташа шаруаға тиімсіз болып, әрбір мөлшерден артық 1 десятина үшін кіріс 200-300 сомға өсіп отырған, бұл кейін шаруалардың егіс көлемін азайтуға себеп болған, сөйтіп салық өнімді арпыруға емес, шаруашылықты тоздыруға қызмет еткен. Салық комиссиялары мен финанс қызметкерлері айын-пұл салуға ышталы болды, өйткені салынған айыптың 50%-і жертілікті бюджетке ітүсірілді. Сондықтан көпшілік жағдайда шаруашылықтардың кірісін ойдан шығарылып, салық салу объектілері әдейі көбейтіп көрсетілді [7].

Бұл заңсыздықтар тек Семей губерниясын қамтын қойған жоқ, жалпықазақстандық сипат алды. Салық саясатындағы әдейі бұрмалау, әдістері Жетісу, Ақтөбе, Орал, Сырдария губернияларында да көлемде жүргізілді. 1928 жылдың қаңтар-мамыр айларында жүргізілген науқан барысында Сырдария губерниясының Корнак болысындағы салық мөлшері өте жоғары деңгейге жетіп, шаруашылықтарға кері әсер етті. Санақ барысында мал басы артық көрсетіліп, жұттан қырылған малға да салық салынды. Сонымен қатар, ауқаттыға салынатын салықтың жекелік түрі орташаны да қамтыды [8]. Ал жеке салық салудағы басты көрсеткіш еңбексіз пайда немесе қанауға негізделген кіріс болуы шарт болса, Ақтөбе, Қостанай округтерінде жақсы құрал-сайманы, семіз малы, жақсы өңделген жері бар шаруашылықтарға салынатын салық 100-200%-ке өскен.

РКФСР Қаржы Комиссариаты Қазақстанда жеке салық төлейтін шаруашылықтар саны - 13831, барлық шаруашылықтардың 2% деп белгілесе, Қастек ауданында жеке салық төлеген шаруашылықтар 47% құрап бүкіл ауданға тиесілі салықтың 63% орындаған, Балқаш ауданында жеке салық төлеушілер барлық шаруашылықтың 3,2% болып, салықтың 48% төлеген [9]. Бұл фактілерден біз салық ауыртпалығының негізінен орташа шаруаға түскенін көреміз.

Қазақ шаруаларына қысым өзіне-өзі салық салуды көбейту арқылы жүргізілді, оның төлеу мерзімі 1 күннен 3 күнге дейін белгіленді. Уақытында төлеп үлтермесе, сотталып, дүние-мүлкі тәркіленді.

Өзіне-өзі салық салуды төлемегені үшін айып салудың өзі еді, өйткені, Орталық Атқару Комитетінің "Өзіне өзі салу туралы" қаулысының 21 бабына (еріктілік принципіне) қайшы келетін. Осыған қарамастан Семей губерниясының 41учаскелік халық соты өзіне салықты төлемегені үшін 1703 сомға айып салса, 44 учаске соты 11070 сомға айып салған, жалпы науқан кезінде 53845 сомның мүлгі кәмпескеленген [10].

Кейін тексеру барысында анықталғандай, партия және салық органдары тарапынан қисынсыз, түсініксіз әрекеттерге жол берілген. Павлодар уезінде 32 учаске халық соты шаруашылықты төлемдері бойынша қарызы барлардың тізімі беріліп, мөлшері 25 тиыннан 5 сом көлемінде болғанына қарамастан, айып салынып, мұны әкімшілік жолмен алуға ұсыныс берген соттар партиялық жазаға тартылған. Салықты уақытында төлеметені үшін қылмыстық кодекстің 60 бабы бойынша сотқа ісі тартылғандар саны 4419 болса, 62 бабы бойынша, яғни салық объектілерін жасырғаны үшін, сотқа тартылғандар - 3826 адамға, айыптың көлемі 200 мыңнан 300 мың сомға жеткен. Бұл РКФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімшесі төрағасы Бекбатыровтың анықтамасында көрсетілген цифрлар, ал Орталықтан келген тексеру комиссиясы мұны Голощекиннің өтініші бойынша 3600 деп көрсеткенмен, комиссия басшысы А.Киселев Семейдегі заңсыздықтарды талқылауға арналған Өлкелік партия комитетінің бюро мәжілісінде жазықсыз жазаға тартылғандар саны әлдеқайда көп екенін айтады [11].

Ақпан-наурыз айларында орыс селоларында астық дайындаудағы заңсыздықтар қазақ ауылында салықтық төлемдерді жинау, өзіне өзі салық салудағы "белсенділікпен" ұштасты. Бұл науқан қазақ малшылары үшін ең қиын кезең - қаһарлы қыста (ақпан-наурыз айларында) жүргізіліп, елдің тоз-тозын шығарды. Базары жоқ, товар-ақша қатынастары әлі де дами қоймаған қазақ шаруаларынан салықты ақшалай талап етілуінің өзі барып тұрған ойран болды. Қыста мал-мүлкін құнының 1/3, тіпті 1/4-іне өткізуге мәжбүр болғанын ескерсек, салық құнының 3-4 есеге өскенін елестетуге болады. Зайсанда 50 шаруашылық 300 мың сомның салығын төлеген, сонда әрбіріне 6 мың сомнан келеді, бұл - толық күйзеліске ұшырату деген сөз. Өзіне-өзі салықтың байларға салынатын мөлшері 75% тен аспауы шарт болса да, губернияда оның көлемі 2-3 есе болған. Карқаралы мен Семей уездеріндегі бұл салық өте қатыгездікпен алынған [12].

Төлем мерзімдері 1 күннен 3 күнге созылып, мал бағасының өте арзандығы және сатып алушы жоқ жағдайда халық баспанасын (киіз үйлерін) сатуға мәжбүр болып, қаңғырып кеткен. Шаған, Шағыз болыстарында салық агенттері 328 киіз үйді арзан бағаға сатып алған. Өзіне-өзі

салықты төлеу үшін сатылған үй - мүліктің көбін Карқаралы уезінің Абралы, Қотанбалық, Бауыр болыстарында Коммунистер, атқару комитеті мен ауылдық кеңес қызметкерлері, олардың туысқандары су тегінге сатып алған. Бауыр болысында атқару комитеттің төрағасы Өскембаев Ш. Құтдинова деген адамның 76сом өзіне өзі салығы үшін киіз үйін, 15 қойын, 1 биесін алып, қазынаға ақшасын қазынаға өткізбеген. Оның туысқандары амалсыз сорлаған халықтан жылқыны - 15 сом, сиырды - 10 сом, киіз үйді - тіпті 20-30 алған. Өзіне өзі салық салудағы сорақы әрекеттер мұнымен шектелмеді. Тіпті Алқатөл болысының 1 мұғалімі де халықтан мектеп салу үшін өзіндік салық жинап, аз күнде 302 ірі мал, 66 сом жинаған, кейбір орташалардан 15 қойға дейін алған /23/. Заңсыздықтар мұнымен тоқтамаған. Ақпан-наурыз айларында салықтық төлемдер үшін шығынданған халықты сәуір айынан бастап, тәркілеу басталды. Тәркілеу үшін мал санағы жүргізілуі тиіс еді. Алайда, бұл жұмыстар жүргізілмей, былтырғы 1927/28 жылғы есеп бойынша тәркілеу басталды, тіпті осының алдында ғана салықтық төлемдер үшін сатылған малдың саны да есептен шығарылмады. Сондықтан тәркіленген шаруалардың мал саны сот үкіміндегіден әлдеқайда аз болған, мұндай жағдайда мал санын толтыру үшін өзгелердің малы тартып алынды. Мысалы, Кент болысында Құмаров және Оңғарбаевтардың көмпескелеуге түскен малының саны 569 жылқы, 176 сиыр, 17 түйе, 1702 қой делінсе, қолдағы мал - 164 жылқы, 16 сиыр, 6 түйе, 564 қой болған. Жетіспеген малды басқалардан (Адшаев, Чуқубасов), алған. Мұнымен қоймай, салықты көбейту мақсатында әлдеқашаннан еншісі бөлек ағайынды адамдардың малын қосып көбейту нәтижесінде, бай тобына жатқызып, көмпескеге ұшырату фактілері анықталды. Тарбағатай ауданында 15-30, тіпті 40 адамның мал-мүлкі біріктіріліп, көмпескеленген.

Тәркілеу шаралары ұзаққа созылып, халықтың берекесін қашырды. Осының алдында ғана әшкереленген, сынға алынған Семейдегі заңсыздықтар тағы да қайталанды. Көмпескелеу шаралары өкімет ақпарлары бойынша 1928 жылдың 11 қарашасына дейін аяқталады деп көрсетілгенімен, ол 1929 жылдың ақпанына дейін созылып, одан әрі кулактарды тап ретінде жою шараларымен жалғасты [13].

Пайдаланған деректердің тізімі

1. Гуревич А. О кризисе исторической науки //Вопросы истории. 1991. №2-3. -С.25.
2. Т.Омарбеков.20-30жылдардағы Қазақстан қасіреті.-Алматы:Санат, 1997. -320б
3. Дахшлейгер Т.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929гг.).-Алма-Ата:Наука,1965.-53б.
4. Нәубет.Публистикалық ой-толғаулар.Алматы: «Жалын»,1990ж -68б
5. С.Садуақасұлы. Таңдамалы. 2 томдық. I том. Алматы: Біріккен қазақ манғол "Атхан" кәсіпорны. 1993. — 15 б.
6. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане /1917-1980/. -Алма-Ата: Ғылым, 1991. -185с.
7. Абылхожин Ж.Б. Налоговая политика советского государства в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.). -Алма-Ата, 1983.
8. Куртов И.А. НЭП в Казахстане...Алма-Ата, 1985г.
9. Жакишева СА. Бай-полуфеодалы в Казахстане на рубеже 20-30годов XX века: историко-источниковедческий анализ проблемы. -Алматы, 1996. -25 с. (18-19 бб.)
- 10.Околотин В.С. Деятельность Наркомфина СССР по разработке и реализации налоговой политики в 1928-1941 гг. Ивановский гос.ун-т, 2012. <http://old.rsl.ru/view.jsp?f=21&t=3&v0=налоговая+политика&f=1003&t=1&v1=&f=4&t=2&v2=&f=21&t=3&v3=&f=1016&t=3&v4=&f=1016&t=3&v5=&cc=a1&i=141&s=2&ss=-1003&ce=4>
- 11.«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия /Бас редактор Ә. Нысанбаев-Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998.
- 12.Караева И.В. Налоговая политика России в XX веке: Монография. М., 2002. <http://old.rsl.ru/view.jsp?f=1003&t=3&v0=%D0%9A%D0%B0%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%B0%D0%B5%D0%B2%D0%B0%2C+%D0%98%D1%80%D0%B8%D0%BD%D0%B0+%D0%92%D0%B>
- 13.Шонанұлы Т. Жер тағдыры - ел тағдыры. -Алматы: Санат, 199 б., 2002 ж.

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЙ НАЛОГ И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В УСЛОВИЯХ КРИЗИСА (1927-1928ГГ.)

К.К. Байсарина, А.К.Ахметова

Данная статья посвящена проблемам сельскохозяйственного налога и социально-экономической политике в условиях кризиса.

AGRICULTURAL TAX AND SOCIO-ECONOMIC POLICY IN CRISIS (1927-1928GG.)
К.К Baysarina, А.К.Ahmetova

This article focuses on agricultural tax and the economic and social policies in times of crisis.

ӘОЖ: 314(574)

Б.Ж. Атантаева, Н.Е.Касаимова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

1991-2009 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛЫН ТАЛДАУ

Аннотация: Бұл мақалада 1991-2009 жж. аралығындағы Қазақстанның демографиялық ахуалына жасалған талдау баяндалады.

Түйінді сөздер: Демография, миграция, миграциялық процесс, миграция сальдосы.

Қазақстан егемендігін жариялағаннан кейін саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінде түбегейлі өзгерістер демографиялық жағдайларға әсерін тигізбей қоймады. Өзгерістер халықтың сипаттамасының саны мен сапасына, территориялық орналасуына, сыртқы және ішкі миграциялық үдерістеріне қатысты.

Қазақстан Республикасының демографиялық дамуының кейбір ерекшелігі халық санының динамикалық өзгеруі болып табылады. 1989-1999 жылдары халық саны 16 млн. 199 мыңнан 14 млн. 953 мың адамға дейін қысқарса, 2002 жылы алғаш рет, жағымды динамика жалғасуының өсімі айқындалып, 2009 жылдың 1-ші ақпанында халық саны 15 млн. 778 мың адамды құрады, ал 2009 жылғы ұлттық санақ бойынша 16 млн. Адам тіркеліп, алғаш рет, жиырма жылдан кейін республиканың халық саны 1989 жылғы деңгейге жетті[1,29]. Осы жиырма жылдағы Қазақстан халқының құрамындағы негізгі өзгерістерді қысқаша саралайтын болсақ, алғашқы онжылдықта (1989-1999 жж.) халық санының қысқаруы барлық облыс бойынша байқалды, тек Оңтүстік (Қызылорда) және Батыс аймақтың бір облысынанда (Атырау) және Астана, Алматы қалаларындағы халық саны өсті. Сонымен, екінші онжылдықта республика халқы 1989 жылғы деңгейге жетті, оның өзінде оңтүстік және батыс аймақтар, Астана мен Алматы қалаларының айқын өсімінің есебінен дейміз.

Түбегейлі өзгерістер Қазақстанның ұлттық құрамында, республикада тұрып жатқан ұлттық топтардың өкілдерінде және титулдік қазақ ұлтының демографиялық сипаттамаларынан көрінеді. Қазақстанның этникалық құрамындағы жиырма жыл ішіндегі өзгерістердің басты ерекшелігінің бірі мемлекет құрушы ұлт – қазақтардың абсолютті және салыстырмалы салмағының өсуі болса, екінші жағынан, еуропалық этникалық топ өкілдерінің саны мен салыстырмалы салмағының азаюы болып табылады. Қазақтардың санының көбеюі және республикадағы басқа этнос өкілдерінің азаюы бүгінгі күні де жалғасын табуда. Қазақтардың, сондай-ақ, ірі этникалық топтардың саны мен аумақтық орналасуына тоқталайық.

Жиырма жыл ішінде, 1989-2009 жж, қазақтардың саны 3 млн. 564 мыңға, яғни 54,5%-ға, бірінші - 1 млн. 475 мың адамға, немесе 22,5%-ға, ал екінше онжылдықта - 2 млн. 87 мыңға, немесе 26,0%-ға көбейді. Қазақстанның этникалық құрылымында басымдыққа қол жеткізген қазақтар әрі қарай жалпы елдің демографиялық сипаттамаларын белгілеп, әсіресе республиканың дәстүрлі-аумақтық орналасу ерекшеліктерін анықтайтын және дамытатын болады.

Республика егемендігі жағдайында титулдік ұлттың 49,8% - оңтүстік аумақта, 19,1% - батыста, 16,9% - солтүстікте, 8,0% - шығыста, 6,2% - орталықта шоғырланды. Қазақтардың ең көп үлес салмағы оңтүстікте, оның ішінде Қызылорда (95,8%), Оңтүстік Қазақстан (70,1%), Жамбыл – (69,0%), Алматы (64,2%) облыстарында және Алматыда (50,1%) болса, батыста Атырау (91,3%), Манғыстау (86,1%), Ақтөбе (77,9%), Батыс Қазақстан – (70,9%) облыстарында. Шығыс Қазақстан облысында қазақтардың үлес салмағы - 53,9%, Орталық Қазақстан облысында - 44,1%. Солтүстік өңірде қазақтардың үлесі жоғары емес: екі облыста (Павлодар - 45,7% және Ақмола - 44,6%) халықтың жарты бөлігіне де жетпейді, ал екі басқа облыстарда (Қостанай - 35,6% және Солтүстік-Қазақстан - 33,7%) одан да төмен. Астана қаласында қазақтардың үлесі 63,4%-ға жетті[2].

Халықтың өсуінің немесе азаюының басты көзі, әдеттегідей, табиғи өсім мен миграциялық үдерістер болып табылады. Қазақстан халқының табиғи динамикасы жиырма жыл ішінде үлкен

өзгерістерді бастан өткізді. Егемендік жағдайында халықтың табиғи динамикасын шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады: 1) 1989 жылдан бастап 2000 жылға дейін – табиғи өсімнің төмендеуі және 2) 2000 жылдан бастап қазіргі таңға дейін – оның біртіндеп жоғарылауы. Қазақстан халқының табиғи өсімі 1980-шы жылдардың аяғында 1990-шы жылдардың басында төмендей бастағанын атап өткен дұрыс. Өсім 1985 жылдан бастап 1990 жылға дейін 1 мың халыққа шаққанда 18,2-ден 14,3-ке дейін түсіп қалды. 1990-шы жылдардың басында мигранттардың жаппай легіне, көбінесе славяндар мен немістердің өкілдерінің легіне, сонымен қатар, елдегі тез нашарлаған әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты халықтың табиғи өсімі 1991 жылғы 13,3-тен 1999 жылы 4,4-ке дейін құлдырауға жетті, яғни 3 еседен астам қысқарды (1990 жылғы 218850 адамнан 1999 жылы 65905 адамға дейін). Әсіресе қалалық жердегі табиғи өсім нашар болды, бұл көрсеткіш мұнда 1989 жылғы 9,6-дан бастап 1997 жылы 1,5-ке дейін төмендеді, яғни 6 еседен көп, ал 1998 жылдан бастап қалалықтарда табиғи өсімнің кейбір жоғарылауы басталды. Ауылдық жерде, оның тұрғындарының дәстүрлі көп балалығы арқасында, әсіресе қазақтарда және мұсылмандық-түркілік ұлттық топтарда жағдай аса апатты болған жоқ: 1991 - 1999 жж. табиғи өсім 18,3 бастап 7,7 дейін төмендеді, яғни 2,3 есеге, бұл, әрине, орташа республикалық деңгейден сәл ғана төмен. Бұл сондай-ақ, республика халқының табиғи өсімінде қиындықтар көбінесе ауыл тұрғындары есебінен өткерілгені туралы айтылады. 1991 жылы республика халқының табиғи өсімінің 218,8 мың адамынан қалалық тұрғындарға 90,6 мыңнан келгенін, немесе 41,4%, ал ауыл тұрғындарына - 128,2 мыңнан, немесе 58,6% айту жеткілікті. Кейінгі жылдары бұл тенденция одан әрі нығайды[3,39].

Республика халқының табиғи динамикасының екінші кезеңінде, 2000 жылдан бастап баяу, бірақ тұрақты өсім, яғни өлім көрсеткішінен туу көрсеткішінің артуы басталады. 2000 жылғы 4,7 промилльден бастап 2009 жылы 13,6 промилль, немесе 2000 жылғы 72,3 мыңнан бастап 2009 жылы 215,0 мыңға дейін артты. Бұрынғыдай осы жылдары халықтың жоғалымдары бірінші орында қазақтардың, сондай-ақ, өзбектердің, ұйғырлардың, әзірбайжандардың, түріктердің, күрттердің және басқа да мұсылман-түркі ұлттық топтардың табиғи өсімдерінің есебінен, көбінесе ауыл тұрғындарының есебінен қалпына келтірілді. Дегенмен, қала тұрғындарының табиғи өсімі алдыңғы уақыттармен салыстырғанда өскенін атап өту керек, атап айтқанда 1998 жылғы 1,8 промилльден бастап 2008 жылы 12,9-ға дейін өскен. Ауыл тұрғындарында бұл көрсеткіш 1999 - 2009 жж. 8,0-ден бастап 13,ке дейін өсті. Осы он жылда (2000 - 2009 жж.) халықтың табиғи өсімі 1286,1 мыңды, яғни жыл сайын 128,6 мыңды құрады[4,24,25].

Көші-қон процестері сондай-ақ санның өзгеруінде, демографиялық сипаттамаларда, және бірінші орында, Қазақстан халқының зерттелетін кезеңінде этникалық құрамында үлкен рөл атқарды. Осы жиырма жылдықтың көші-қондарын дамытуды екі кезеңге шартты түрде бөлуге болады: 1-ші кезең – кері айырмамен ірі миграциялық өзгерістер, олар елдегі халықтың жалпы санының тез азаюына әкелді - 1991 - 2003 жж.; 2-ші кезең - 2004 ж. бастап қазіргі таңға дейін – оң айырмамен сыртқы көші-қондарды тұрақтандыру, олардың нәтижесі баяу болғанымен, бірақ республика халқы санының тұрақты өсуі болып табылады.

2004 жылдан бастап бірінші кезеңге өзінің қарама-қайшылығымен ерекшеленетін миграциялық процестердің екінші кезеңі басталады, атап айтқанда: оң сальдо және халықтың кейбір, баяу, бірақ тұрақты өсуі. Иммигранттар легінің айқын төмендеуімен бұл кезең қазіргі таңда да жалғасын табуда [5].

Қазақстандағы 1991-2009 жылдар аралығындағы миграцияның ерекшелігі ХХ ғасырдың 90-шы жылдарының аяғынан басталған еліміздегі саяси, ұлтаралық қатынастардың тұрақталынып, нарықтық экономиканың халық шаруашылығына белсенді түрде енуі, экономиканың біршама серпінді дами бастауы, Отанымыздың халықаралық қатынастағы өзіндік орнының айқындалуы миграция құбылыстарының тиімді қалыптасуына зор әсер етті[6].

Статистикалық мәліметтердегі халықаралық миграция туралы 1989 жылға дейін тек елімізден кеткендер мен келгендердің жалпы сандары ғана көрсетілген. 1989 жылғы халық санағы жүргізілгеннен кейін ғана бұл үдерістерді нақты құжаттандыруға мүмкіндік туды. Сол 1989 жылғы санақтағы халықаралық миграция бойыша елімізге 7.6 мың адам келсе, ал кетушілердің саны 54.2 мың адам. Яғни, Қазақстаннан КСРО-ның басқа елдеріне кеткендердің саны келгендер санынан тым көп, теріс сальдо көрсеткіші 46.8 мың адамды құрайды. Көбінесе РСФСР-ға (20,5%) және Украинаға (2%) кетіп жатты. Және мұнда бір айта кететін жайт, елден тыс кеткендердің қала тұрғындарының үлесінің 67,7% құрады, ал ауылдық жерлерден 32,3%. Тұрғындардың ауылдық жерлерден КСРО-ның басқа аймақтарына кетулерінің басты себебі, сол кездегі урбанизация болып табылады. Халықтың жаппай қалалық немесе басқа жерлерге көшуі тың және тынайған жерлерді игерудің аяқталуы, ауылшаруашылығындағы жұмысшылардың біліктілігінің артуы, ауыл шаруашылығының

электрификациясы және ауылдағы жұмыс күшінің резервтелуі секілді мәселелерге байланысты болды[7.12].

Қазақстан Республикасының егемендігі жағдайында миграциялық процестерде жаңа бағыт пайда болды – әр түрлі себептермен шетелге кеткен қазақтардың тарихи отандарына қайтуы. Бұл көбінесе ашаршылық пен репрессиядан Кеңес Одағының бұрынғы республикаларына, Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран, Түркия, т.б мемлекеттерге кеткен қазақтардың ұрпақтары болатын. ҚР үкіметімен 1993 жылдан бастап олар үшін квота орнатылды, ол квота 2009 жылы 20 мың отбасына дейін жеткізілді. Сол жылдар ішінде Қазақстанға келгені, ресми деректер бойынша, 753,4 мыңға жуық адам, егер осы санға квотадан тыс келгендерді қосатын болсақ, онда оралмандардың саны шамамен есептегенде 1 млннан астам адам. Оралмандардың келуі табиғи өсіммен бірге қазақтардың жалпы санының 10 млн дейін, ал олардың салыстырмалы салмағының 63,1%-ға дейін өсуіне ықпал етті[8.37].

1991-2009 жылдардағы демографиялық даму үдерістерін қарастыру еліміздің соңғы жылдардағы даму құбылыстарын зерделеуге және айқындауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асылбеков М.Х., Козина В.В. Народонаселение Казахстана в условиях суверенитета. - Алматы, 2010. - С. 21-24; Об итогах Переписи населения Республики Казахстан 2009 года. - Астана, 2010. - С. 5-14; Численность населения Республики Казахстан по областям, городам и районам, по полу и отдельным этносам на начало 2009 года. Агентство по Статистике Республики Казахстан. Серия 15. Демография. - Астана, 2009. -С. 29.
2. Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Т. 1. Национальный состав населения Республики Казахстан. -Алматы, 2000. - С. 6-8; Численность населения Республики Казахстана на начало 2009 г. - С. 29-30.
3. Статистический ежегодник Казахстана в 1990 г. - Алма-Ата, 1991. - С.39
4. Статистический ежегодник Казахстана. 2008. - Алматы, 2008. - С. 24-25.
5. Агентства Республики Казахстан по статистике. Серия 15. Демография. Итоги миграции населения Республики Казахстан за 1989-2009 гг. Подсчет наш - М.А.
6. Ниязханқызы Г. Қазақстан Республикасындағы көші-қон және оның әлеуметтік-демографиялық дамуға әсері (1991-2009 жылдар). Автореферат. Алматы.2010.-23 бет
7. Фаизова Р. С. Роль Республики Казахстан в интеграционных процессах на постсоветском пространстве: 1991-2010 гг.: автореферат дис. ... кандидата исторических наук: 07.00.15. Москва, 2011.
8. Садовская Е.Ю. Международная трудовая миграция в центральной Азии в начале XXI века (на примере Республики Казахстан). Восточная книга,2013.

АНАЛИЗ ДЕМОГРАФИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ В 1991-2009 гг.

Б.Ж. Атантаева, Н.Е.Касаимова

В статье анализируется ситуация в Казахстане в 1991-2009 годах. Авторы обратили внимание на причины изменения численности казахского народа в рассматриваемые годы.

ANALYSIS OF DEMOGRAPHIC SITUATION IN KAZAKHSTAN IN 1991-2009 years.

B.Zh. Atantaeva, N.Ye. Kassaimova

The article analyzes the situation in Kazakhstan in 1991-2009 years, respectively. The authors draw attention to the reasons for the change in the number of Kazakh people considered.

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ПРОЦЕССА РЕПАТРИАЦИИ: КАЗАХСТАН И ГЕРМАНИЯ

***Аннотация:** в статье рассматривается политика репатриации Казахстана на современном этапе, проводится сравнительный анализ основных ее аспектов с политикой репатриации в Германии, предлагаются рекомендации по использованию опыта Германии для регулирования процесса интеграции и адаптации оралманов в казахстанское общество.*

***Ключевые слова:** репатриация, оралманы, «поздние переселенцы», Казахстан, Германия, миграционная политика.*

Без должного человеческого потенциала невозможен экономический рост и дальнейшее развитие страны. Как отметил Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев, в настоящее время наблюдается тенденция обострения глобального демографического дисбаланса [1]. В этой связи достичь значительного увеличения населения Казахстана только лишь за счет естественного прироста является труднодостижимой задачей. После обретения независимости Республика Казахстан провозгласила политику возвращения этнических казахов на историческую родину.

Из 193 стран-членов ООН этнической репатриацией на государственном уровне занимаются только Германия, Израиль, Россия и Казахстан. В данном контексте для дальнейшего совершенствования репатриационной политики Республики Казахстан представляется полезным многолетний опыт регулирования этнической миграции в Германии, учитывая достоинства и недочеты которой можно разработать оптимальную модель реализации репатриации, включающей в себя обеспечение благоприятных социальных, экономических, политических, культурных условий для стимулирования соотечественников к переселению на историческую Родину. Необходимость изучения опыта именно Германии была озвучена Президентом Н.А. Назарбаевым еще в 2005 году на выступлении на III Всемирном курултае казахов, в ходе которого Глава нации подчеркнул, что в эта страна является примером того, «как нужно заботиться о зарубежных соотечественниках и как ставить дело по возвращению их на историческую родину» [2].

Термин «оралман» с казахского языка переводится как «возвращающийся на родину» («орал»-возвращайся) и обозначает иностранцев или лиц без гражданства казахской национальности, постоянно проживавших на момент приобретения суверенитета РК за ее пределами и прибывшие в Казахстан с целью постоянного проживания [3]. Исходя из определения, оралманы являются иностранцами. Следовательно, на них, на общих основаниях, распространяются законодательные акты, касающиеся правового положения иностранцев до получения ими гражданства РК.

Следует отметить, что первоначально законодательство в области регулирования миграционных отношений развивалось хаотично, причины чего во многом носили объективный характер и были обусловлены необходимостью принятия срочных мер на законодательном уровне в силу специфики проблемы, но, к сожалению, принятые законы не в полной мере обеспечивали интересы государства и права оралманов. Впоследствии был принят целый ряд изменений и дополнений к этим законам, направленный на совершенствование политики возвращения и интеграции соотечественников в Казахстане.

Также Правительством РК был утвержден системный подход к регулированию данных общественных отношений, следствием которого явилось принятие Концепции репатриации этнических казахов на историческую родину, утвержденной Постановлением Правительства РК от 16 сентября 1998 г., где репатриация казахов на свою историческую родину признается одним из главных приоритетов миграционной политики РК [4]. Основной целью Концепции является создание реальных механизмов репатриации этнических казахов на историческую родину, в том числе их организованное переселение и создание условий для жизнедеятельности в местах поселений.

По данным Комитета труда, социальной защиты и миграции начиная с 1991 года, Республика Казахстан приняла 260325 семей или 955894 оралманов. В нынешнем обществе, их сегмент составляет 5,5 процента. 61,6 % этнических казахов прибыл из Узбекистана, 14,2 % - из Китая, 9,2 % - из Монголии, 6,8 % - из Туркменистана, 4,6% - из Российской Федерации и 3,7 % - из других стран дальнего зарубежья [5].

В соответствии Правилами присвоения статуса оралмана, достигший совершеннолетия член семьи подает в местный исполнительный орган либо через государственную корпорацию «Правительство для граждан» ходатайство о признании оралманом. Загранучреждения Республики Казахстан после получения согласия местного исполнительного органа на присвоение статуса этническому казаху в течение одного месяца направляют его заявителю либо извещают об отказе [6]. При этом родственниками оралмана на равных основаниях признаются: дети (в том числе усыновленные), супруга (супруг) оралмана; родители, братья и сестры оралмана. В определении категории лиц, имеющих право на переселение по линии репатриации, в казахстанском и германском законодательстве существуют значительные различия. Так, согласно федеральному закону «О делах перемещенных лиц и беженцев» прямыми родственниками «позднего переселенца» считаются только его супруг (или супруга) и дети, родители, братья, сестры и прочие родственники в эту категорию не входят [7].

Статья 18 Закона РК о миграции устанавливает право этнических казахов, въехавших на территорию Казахстана самостоятельно, подать по прибытию заявление на присвоение статуса оралмана и включение в региональную квоту приема оралманов. Подобная практика исключена в германском миграционном законодательстве, так как въезд на ПМЖ в страну невозможен без соответствующего разрешения, которое репатриант дожидается в стране исхода. Это правило видится оправданным и логичным, так как исключает стихийный нерегулируемый поток репатриантов.

Как известно, Правительством Республики Казахстан утверждается региональная квота по приему оралманов и определяются области для расселения. Данная практика успешно действует в ФРГ, которая столкнулась с проблемой необходимости законодательно утвержденного распределения переселенцев по федеральным землям еще в середине прошлого века. Первоначально в Германии при расселении «изгнанных» из восточной Европы этнических немцев отсутствовал продуманный план, учитывающий экономическую специфику принимающих земель и профессиональную специализацию переселенцев. Это привело к тому, что в преимущественно аграрные области страны попадали бывшие городские жители, занимавшиеся ремесленным и промышленным производством, государственной службой и т.д., тогда как в традиционно индустриальные земли переселялись представители аграрного сектора. Данное несоответствие приводило к безработице, вынужденной смене профессии, затрудняло процесс адаптации [8]. Регулирование потока репатриантов в ФРГ началось в связи возросшим потоком эмигрантов из стран бывшего Советского Союза. Обновленные критерии к определению этнических переселенцев были установлены в новом Законе «О делах перемещенных лиц и беженцев», вступившем в силу 1993 году и ставшем, по сути, новой редакцией Закона 1953 года «О беженцах и перемещенных лицах», согласно которому впервые вводилась миграционная квота для переселенцев, и отменялись привилегии по линии воссоединения семей переселенцев.

На начальном этапе приема оралманов Казахстан также столкнулся с проблемой нерегулируемого заселения определенных регионов страны, без учета социально-экономических особенностей принимающих регионов, что привело к переизбытку рабочей силы в Южно-Казахстанской, Мангистауской, Алматинской, Жамбылской областях. При этом все оралманы получали материальную помощь, вне зависимости от региона расселения. В 2013 году в Закон о миграции для решения данной проблемы были внесены существенные изменения. Теперь статус с соответствующими льготами оралмана присваивался только тем этническим казахам, которые переселялись в определенные Правительством РК регионы. При этом для получения вида на жительство претендент должен был представить доказательство своей платежеспособности в виде наличия счета в банках второго уровня на сумму 2,5 млн. тенге на каждого члена семьи. Дальнейшее получение гражданства предоставлялось по прошествии 4 лет после обретения статуса оралмана.

Однако, введенные поправки привели к резкому сокращению количества репатриантов, что потребовало комплексного пересмотра положений Закона. В соответствии с внесенными изменениями, для получения вида на жительство в Республике Казахстан были устранены требования по подтверждению платежеспособности. Срок приема документов на получение гражданства Республики Казахстан для оралманов сократился с 4 лет до 1 года, тогда как в Германии репатрианты получают гражданство сразу же после присвоения статуса «поздний переселенец» и в дальнейшем наделяются всеми правами и обязанностями гражданина страны, что во многом способствует скорейшей интеграции в принимающее общество.

Возможно, по примеру Германии, оплачивать оралманам в течение определенного времени арендное жилье из средств бюджета области, в которую прибывает семья оралмана. В дальнейшем,

после получения гражданства, репатриант на общих основаниях встает в очередь на получение льготного жилья по существующим государственным жилищным программам.

В текущем году для расселения оралманов в Казахстане были определены несколько областей: Акмолинская, Атырауская, Восточно-Казахстанская, Западно-Казахстанская область, Костанайская область, Павлодарская область, Северо-Казахстанская область [9]. В этой связи стоит обратиться к опыту Германии, в которой переехавшие семьи репатриантов сначала проходят первичную регистрацию в лагере Фридланд, откуда формируются запросы в регионы, которые могли бы принять переселенцев. Но, чтобы оралманы смогли успешно устроиться в предлагаемых областях, в которых традиционно большее распространение имеет русский язык, необходимо прохождение ими обязательных интеграционных курсов.

Немаловажным является и практика компактного расселения оралманов, проводящаяся в соответствии с программой «Нурлы көш», в рамках которой были построены микрорайоны для заселения оралманов в Шымкенте, Восточно-Казахстанской и Акмолинской областях [10]. Однако, данное изолированное заселение снова акцентирует внимание на статусе «оралман», усиливает процесс их обособления и ухудшает возможности интеграции и признания со стороны местного населения.

Подобный опыт уже был в Германии, когда к середине 1990-х годов этнические немцы, переселившиеся по причине нестабильной экономической ситуации в странах бывшего Советского союза, имели меньшее желание становиться частью немецкого общества и стремились расселяться компактными группами, которые подчас образовывали целые районы. В дальнейшем Германия решила эту проблему введением обязательного языкового теста для переселенцев, чтобы не допустить в страну лиц, не владеющих языком, как основным средством для интеграции.

Возможно, для облегчения языковой проблемы, с которой сталкиваются оралманы в Казахстане, стоит по примеру Германии внедрить практику предоставления претендентами на переселение обязательного сертификата, подтверждающего владение казахской письменностью на кириллице и основами русской разговорной речи. Для этого необходимо создание в странах проживания многочисленной казахской диаспоры языковых центров наподобие Гёте-Института, являющегося учреждением культуры Федеративной Республики Германия, отделения которого работают во многих странах мира, уполномоченного выдавать сертификаты международного образца уровня **B1: Start Deutsch** – для основного заявителя и **A1: Start Deutsch** для остальных совершеннолетних членов семьи. Введение данного правила отразилось бы на повышении уровня способности репатриантов к скорейшей интеграции и сократило бы время на изучение языка после переезда.

Еще одной серьезной проблемой по интеграции репатриантов является их низкий профессиональный уровень, в связи с чем, они не могут восполнить кадровый дефицит в регионах, нуждающихся в рабочей силе. По данным комитета труда, социальной защиты и миграции из числа оралманов трудоспособного возраста только 8,8% обладают высшим образованием, у 18,9% - среднеспециальное образование, у 50,6% - общее среднее образование, а 9,9% не имеют образования вообще [5]. Эта неутешительная статистика говорит о том, что необходимо проработать вопрос о более тщательном отборе репатриантов, так как не имеющие квалификации переселенцы не будут способствовать экономическому развитию Казахстана. Такой принцип квот на трудоустройство применялся в 1950-х годах в Германии, согласно которому федеральные земли устанавливали жесткие требования на необходимую квалификацию переселяющихся.

Это выглядит логичным, в интересах развития государства, - принимать только тех специалистов, в чьих услугах нуждается тот или иной регион, что гарантирует репатрианту трудоустройство, а значит и стабильный заработок, который позволит оформить ипотечное жилье либо оплачивать арендное жилье в рамках государственных жилищных программ. Также этот принцип исключит переезд потенциальных безработных и социально неактивных лиц, претендующих только на государственную помощь, и наоборот, станет стимулом для квалифицированных специалистов и молодых людей, поступающих в казахстанские вузы с последующим принятием гражданства Республики Казахстан, а также для претендентов на репатриацию перед переездом получить определенную профессию.

«Не спрашивай, что для тебя сделала Родина, спроси себя, что ты сделал для нее» [11]. Эти слова 35-го Президента США Джона Фицджеральда Кеннеди, которые он произнес 20 января 1961 года, во время своей инаугурационной речи, как нельзя лучше подходят для каждого казахстанца, в том числе и для будущих репатриантов, которым стоит задуматься над ними перед переездом.

Таким образом, правовые основы репатриации этнических казахов на историческую Родину, их последующей адаптации и интеграции находятся в постоянном развитии, оставаясь при этом приоритетом государственной миграционной политики. Проблемы, характерные для политики возвращения оралманов на историческую родину, требуют создания и совершенствования широкого государственного и межгосударственного регулирования в условиях глобального рынка труда и интеграции в стране.

Список литературы

1. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». 14 декабря 2012 г.
2. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на III Всемирном курултае казахов. Астана, 29 сентября 2005 года.
3. Закон Республики Казахстан «О миграции населения» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 06.04.2016 г.).
4. Концепция репатриации этнических казахов на историческую родину. Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 16 сентября 1998 года N 900
5. Информация по этнической миграции на 1 октября 2015 года. Режим доступа: <http://www.mzsr.gov.kz/content> (дата обращения 15.04.2016г.).
6. Правила присвоения статуса оралмана. Утверждены приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 22 июля 2013 года № 329-Ө-М
7. Gesetz über die Angelegenheiten der Vertriebenen und Flüchtlinge (Bundesvertriebenengesetz - BVFG). Zuletzt geändert durch Art. 10 G v. 20.11.2015.
8. Полунин Е.С. Вынужденные миграции немецкого населения из стран Центральной, Восточной и Юго-Восточной Европы в 1944–1948 гг.: диссертация ... кандидата исторических наук: Курск, 2014.- 276 с. <http://old.rsl.ru> (дата обращения 10.04.2016г.).
9. Постановление Правительства Республики Казахстан от 18 февраля 2016 года № 83
10. Программа «Нұрлы көш» на 2009-2011 г.г. Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 2 декабря 2008 года № 1126.
11. Электронный ресурс. Режим доступа: <https://ru.wikiquote.org/wiki/> (дата обращения 12.04.2016г.).

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ГЕРМАНИЧНЫҢ РЕПАТРИАЦИЯСЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕГІ ҮРДІСІ Б.Ж.Атантаева, Б.С.Нусурбаева, М.С.Карибаев

Аннотация: мақалада Қазақстанның бүгінгі таңдағы репатриация саясаты қарастырылған, Германияның репатриация саясатымен салыстырмалы түрде талдау жасалған, оралмандардың Қазақстандық қоғамында бірігуі мен бейімделу үрдісін реттеу мақсатында Германия елінің тәжірибесін қолдану ұсынылады.

COMPARATIVE ANALYSIS OF THE REPATRIATION PROCESS: KAZAKHSTAN AND GERMANY B.Zh.Atantayeva, B.S. Nussurbayeva, M.S.Karibayev

The article deals with the repatriation policy of Kazakhstan at the present stage, presents the comparative analysis of the basis of its aspects to the repatriation policy in Germany, offers options for using the German experience for the regulation of the process of integration and adaptation of repatriates in Kazakhstan society.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ДАМУЫ (1991-2011жж.)

Түйін: Бұл мақалада Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы екіжақты мәдени-гуманитарлық байланыстар баяндалады.

Кілт сөздер: стратегия, ғылым, техника, мәдениет, дипломатия, коммуникация, меморандум, одақ, транзит, форум, университет, инновация, технология, Еуразиялық одақ.

